

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ	 SKMA — 1979 —	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
	Әдістемелік өндеу	124 беттің 1 беті

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжі

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

ТЕОРИЯЛЫҚ САБАҚҚА АРНАЛГАН ӘДІСТЕМЕЛІК ӨНДЕУ

Пән коды: ЖББП 01

Пәні: Қазақ тілі

Мамандықтары: 09120100 «Емдеу ісі»

Біліктілігі: 4S09120101 «Фельдшер»

Мамандықтары: 09130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілігі: 4S09130103 «Жалпы практикадағы мейіргер ісі»

Мамандықтары: 09110100 «Стоматология»

Біліктілігі: 4S09110102 «Дантист»

Мамандықтары: 09110200 «Ортопедиялық стоматология»

Біліктілігі: 4S09110201 «Тіс техникі»

Оқу сағатының/кредит көлемі: 96/4

Теория: 96 с.

Курс: 1

Оқу семестрі: 1

Бақылау түрі: емтихан

Шымкент, 2024 ж.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>		<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттің 2 беті

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «21 » 08 2024 ж.

Кафедра менгерушісі: А.Т. Сатаев



<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттің 3 беті

№ 1 сабак

5.1. Тақырып: Сөз мәдениеті. Адам өміріндегі сөз мәдениетінің рөлі.

Сағат саны : Зсағат 135 мин.

5.2. Мақсаты:

Тіл – рухани қазына. Сөз мәдениеті. Адам өміріндегі сөз мәдениетінің рөлін түсіндіру, сөз мәдениетіне қатысты ұғымдарды білгізу. Тапсырмаларға грамматикалық талдаулар жасату, теориялық білімдерін практикада пайдалана алуға үйрету.

5.3. Оқы міндеттері:

Сөз мәдениеті, адам өміріндегі сөз мәдениетінің рөлі туралы түсінік беру. Сөз – адам болмысының айнасы, өмірлік әрекетінің негізгі құралы, сөз мәдениеті пәніне қатысты ұғымдармен таныстыру. Тақырыпты оқушылардың өздерінің менгеруіне жағдай туғыза отырып, жеке, топтық, жұптық, жұмыс жасау барысында топтың қарым-қатынасын дамыту.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Сөз мәдениеті туралы түсінік.

2. Адамдар арасындағы қарым-қатынасты сөз мәдениетінің рөлі қандай?

3. Қазақ тілінің қоғамдағы қолданылу аясы, өзіндік орны.

4. Сөз –адам болмысының, өмірлік әрекетінің негізгі құралы. Сөз мәдениеті пәніне қатысты ұғымдары.

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

Сөз мәдениеті

Сөз мәдениеті - тілдік тұлғаның әдеби тілді, оның функционалдық тармақтарын, әр тармақтың салаларын, әр саланың жанрларын өз характерінде, өз тәжірибесінде қолдана білу дағдысы, білімі, біліктілігі тәрізді салалардың жиынтығы туралы ғылыми пән.

Мемлекеттің негізі, берік тұғыры – ұлт, ұлттар бірлігі мен ынтымақтастығы болса, әр ұлттың өзге этностардан ерекшелігі мен айырмасын танытатын негізгі белгісі – тіл, ұлттық әдеби тіл болып табылады. Әр халықтың тілі ғасырлар бойы қалыптасады. Оның шығу тегі, қалыптасу, даму тарихы, өзіндік ерекшелігі мен тіл білімі ретінде зерттелу жүйесі бар. Өз ұлтын сүйген жан бұл мәліметтерді біліп қана қоймай, оны өзі үйренетін өзге тілдер түргысынан да зерделеп, салыстырып ой қорытып отырғаны жөн.

Сөзді қолдану мен тілдік норманы сақтау сауаттылығы қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік мәнінің үстемеленуіне, мәртебесін арттырып, тіл мәдениетін жоғарлатуға қызмет етеді. Ғалым Н.Уали: «... мәдениеті жоғары тіл ғана ұлттық тіл, мемлекеттік тіл ретінде қызметін мінсіз атқара алады» деп атап көрсетеді.

Сөз мәдениетін ауызекі тіл мәдениеті және жазба тіл мәдениетімен тығыз байланыста қарастырамыз. Екеуді де белгілі бір ұлттың салт-сана, дағды-дәстүрімен сабактас жалпыхалықтық тілінен бастау алады. Тілдік нормаға (дәстүрге) сай жүйеленеді.

Сөз мәдениеті ауызекі сөйлеуден бастап, шаршы топта көркем сөйлеу, ғылыми-көпшілік, реесми ортада қолданылу барысында да тілдің барлық салаларымен байланыста қарастырылады. Жазба тіл стильдік тармақтарға жіктеледі: реесми стиль (іс қағаздар стилі), ғылыми стиль, көркем стиль (көркем әдебиет стилі), публицистикалық стиль.

Ұлттық әдеби тілдің дәстүрлі нормаларын сақтау, тілдің дамуы мен тың үдерістерді, жаңа нормаларды айқындалп, саралау, сөз мәдениетін терең менгерген тұлға ретінде өз қабілет-қарымын қалыптастыра білу – ұлтжанды азаматтың міндеті.

Адам тыңдау, сөйлеу, жазу мәдениетін менгерсе, ойын жүйелі жеткізе алады. Ауызекі сөйлесуде осының тыңдау мен сөйлеу мәдениеті басты орын алады.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттің 4 беті

Адам өміріндегі сөз мәдениетінің рөлі

Өмір, тіршілік адамдардың бір-бірімен араласуын, қарым-қатынас жасауын қажет етеді. Адамдардың қарым-қатынас жасайтын, түсінісетін негізгі құралы – тіл. Дұрыс қарым-қатынас жасау үшін әр адамның сөйлесе білуі керек. Сөз, сөйлесу мәдениетін менгеріп, оны өз бойында қалыптастыруы тиіс.

Енді адамдардың арасындағы қарым-қатынас деген ұғымды қалай түсінуге болады?

Карым-қатынас – адамның отбасымен, өскен, араласқан ортасымен, елімен, жерімен, дәстүрлерімен және мәдениет қазынасымен етene әрі жанды байланысы. Адамдардың әдептілік нормалары түрғысынан бір-бірлерімен өзара араласуларын, аудио-түйістерін, байланысын білдіреді.

Карым-қатынас – адамдардың ішкі жан дүниесінің сыртқы көрініс, олардың күнделікті өмір тіршілігіндегі (жұмыстағы) бейнесін жасаудағы іс-әрекеті.

Жасым қарым-қатынастар адам бойында өткінші болмайды. Ол адам бойында қалыптасып, бірге жасайды. Ал ол үшін кісінің әуелі әдептілік негіздерін бойына сіңіру шарт. Өйткені әдеп болмай, жақсы қарым-қатынас та болуы мүмкні емес. Әдеп – сөйлеудегі, пікірлесудегі мәдени тірегі.

Бұдан түйетін қорытынды, жақсы қарым-қатынас жасау –әдептілікті, мәдениеттілікті, сөйлеу білу, сөйлесе білу мәдениетін менгерудің қажеттігін көрсетеді.

Жеке адам мәдениеті деген – адамның ойлау қабілеті, өзінің және айналасындағылардың әрекеттеріне, болмысина талдау жасай білу қабілеті.

Мәдениет – адамның рухани және материалдық, білімдарлық (интеллектілік) пен сезімдік қасиеттері айқын анғарылатын белгілерінің жиынтығы.

Ендеше, мәдениет сөзінің аясы кең, мағынасы сан тарау. Соның ең негізгісі – тіл мәдениеті. Тіл, сөз – егіз ұғым.

Мәдениеттің туы –тіл, ол адамзаттың мұратымен астасып жатады. Әр ұлттың тілі сол ұлтпен бірге пайда болып, дамып отырады. Сондықтан да, өз тарихына, ұлттық дәстүріне, тұған жеріне, тұған тіліне қамқор көзben қарап, қадірлей білген адайғана мәдениетті болады.

Сөз мәдениеті – сөздерді мағынасына қарай дұрыс қолдану, сөйлеу үстінде оларды бір-бірімен қилюастырып, ұндастіріп дұрыс айту, емле мен тыныс белгілері ережелерін сақтап сауатты жазу, тілдің ғасырлар бойғы сұрыпталып келген көркемдігі мен әсем өрнегін орнымен қолдану.

Зерттеушілер көне жазба ескерткіштердің тіліне, дала даналарының, тіл өнері тұлғаларының, сөз зергерлері мен ұлы суреткерлердің, мәдениет, ғылым, қоғам саласындағы қайраткерлердің айтқан ой-толғамдары мен жазған еңбектеріне сүйене отырып, тіл біліміне қатысты ғылыми негіз, тұжырымды пікірлерді топтастыра отырып, тілдің ұлттық әдеби нормаларының жетіліп, даму көріністері мен оның өзіндік ерекшелігі, өзіне тән бейнелілігі мен орамдылығы және ұлттық мәдениет, сөз әдебіне қатысты жақтарын талдау, саралап көрсетеді. Тілді қолданатын ортандың өзіндік ерекшелігі, қоғамдық сипаты мен қолдана білу талғамының болуы аса қажет.

Адам өміріндегі сөз мәдениетінің рөлін түсіну үшін «тіл мәдениеті», «сөз әдебі», «тілдік норма», «стильдік жүйе», «сөз құдіреті» ұғымдарына терендеу қажет. Тіл мәдениетінің тірегі – әдеби тілдің нормалары мен стильдік жүйелері.

Тіл мәдениетіне қатысты тілдік норманың үш түрін білу орынды:

- тілдің нормалары (лексикалық, сөзжасамдық, грамматикалық, дыбысталу);
- этикалық сөз нормалары, сөйлеу әдебінің ережелері;
- коммуникативтік норма (сөйлеу, тілдік қарым-қатынас негіздері).

Сөйлеу барысында ойдың дәлдігі, сөздің анықтығы, тазалығы, көніл-күйге әсер ететін шынайылығы, құдіреттілігі (қарапайым сөзден немесе бейнелі образды сөздерден құралуына қарамастан), көркемдігі маңызды рөл атқарады.

ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттің 5 беті

Қазақ тілінің сөз мәдениетін дамыту – ұлт мұддесі мен болашағы үшін аса маңызды шарттардың бірі. Ол үшін әр азамат сөз мәдениетін ұлт мәдениетімен қатар насиҳаттан, топ алдында мәдениетті сөйлеу, өзіндік пікірін, ойын жүйелі де, көркем жеткізу, т.б. мәселелерді басты назарда ұстау керек.

Қазақ халқының салт-дәстүрі мен шаруашылығына қатысты көне, сирек қолданылатын сөздер, тіркестер мен мақал-мәтелдерді, т.б. жинақтап, бүгінгі күнгі түсінік-ұғымдарға орай әдеби нормаға кіріктіру, ұмыт болған жағдайда жанжандыру, тілдік қорды толықтыруға үлес қосу керек.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс.

Шағын топпен жұмыс – білім алушылар өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды. Білім алушылар кіші топтарға бөлінеді. 1. «Адам өміріндегі сөз мәдениетінің рөлі» дегенді қалай түсінесіндер? Оларға талдау жасаңдар.

Сөз мәдениетінің әр адамға қажеттілігі жөнінде нақты пікірлерінді тұжырымдап, дәлелдендер.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

1-тапсырма. Мәтіннің мазмұнын өз ой-пікірлеріңмен кеңейтіп баяндаңдар. «Мәдениет мәйегі» деген сөзге түсінкеме беріндер.

2-тапсырма. Тіл, сөз өнері туралы кім көп мақал-мәтел біледі? Оның бірнешеуінің мағынасын түсіндіріндер.

3-тапсырма. Кім жылдам?

Керекті сөздерді, сөз тіркестерін тауып, орнына қойындар, айтылған ойдың мағынасын түсіндіріндер.

1. ... қарай кісіні ал, кісіге қарап ... алма.
2. ... көркі – тіл, тілдің көркі - ...
3. Әр халықтың – білімнің кілті.
4. Кей ... асылды шақпақ тасқа шаққандай боп, әсем сөйлем ішінде ұшқындалап, тұратын шағы бар.
5. Бұл дәүірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген ... толық мәнді интеллигент емес деуге болады.
6. Ана тілін тек ғана менсінбейді, ғана аяққа басады.
7. Тіл қаруы - ..., сөз қаруы - Ақылды ой, ... сөз адамның ең жоғарғы
8. Тіл – ұлттың Тіл – идеяның, сезімнің, ойдың ... көрініс.
9. Өз тілінді тұрып, ... - ... сүйе алмайсың.
10. Сөз өнері – өнер атаулының ең ... да
11. Өз ойларын көрікті айта алмау - ..., ал өзінің көкейін тескен ойларының болмауы – одан да аскан
12. тек қана өз тіліміз арқылы түсінуге болатындығын ұмытуға болмайды.

4-тапсырма. Мәтіннің мазмұнын өз ой-пікірлеріңмен кеңейтіп баяндаңдар.

Қазақ халқында адам баласының дүниеге келуі, балалықтың бал дәурен шағынан есеку кезеңдеріне аяқ басуы, азамат ретінде өз жолын тауып, тұлға ретінде толысуы – бәрі-бәрі әдемі дәстүр, салт, әдет-ғұрыппен атап өтіледі. Қайсысын алсақ таұлтқа тән өзгеше сипат байқалады.

Ұлттық үрдіс пен ұлттық мәдениетімізді танытатын сөз әдебі амандасу мен қоштасу барысында, ұлттық салт-дәстүрлерімізге қатысты (көніл айту мен құттықтау, тілек айтуда) сөз орамдарын қолдануда айқын көһрінеді.

Сәлеметсіз бе, аман-есенсіз бе, ассалаумагалейкум, есен-саусыздар ма, сәлем, т.б. құлаққа сіңген, жаттанды сөздермен әртүрлі ортада амандық-саулық сұрасамыз. Шығыс елінде қазақтар ғана әйел адаммен ассалаумагалейкум деп амандаспайды. Ал қалған нұсқаларды

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттін 6 беті

адамның жасы, қызметі, т.б. ерекшеліктерін ескере отырып, өз талғамына орай қолданып жатады.

Улken мен кіші, жас шамасы бірдей немесе қызмет бабындағы қарым-қатынас та белгілі бір әдеп талаптарын сақтауды қажет етеді. «Сәлеметсіз бе?» деп сыпайы сәлемдесу – әлеуметтік сипаты бар этикет талабы. Мекеме қызметкерлері, шәкірт пен ұстаз, ата-ана мен перзент бірін-бірі көргенде «Сәлем!» деп қолын ербендетуі – әдепсіздік, қызмет бабындағы немесе үлken мен кіші арасындағы әдептілік ережелеріне қайшы келер өрескелдік болып табылады.

5–тапсырма. Мәтінді оқып шығып, талқылап, өз жүптарынмен бір-бірінің сөйлеу әдептерін жайлы жазындар.

Амандасу ретін бәріміз білетін сияқтымыз. Кездесken кезде амандасу рәсімі әрқиыл екені анғарылады. Қос қолдан амандақанда жарқылдан сөйлеп, күні бойына сәттілік тілейтін достар да бар. Кейбіреулер үнсіз қол берсе, «сәлем» деп ернін жыбырлатып өте шығатындар да баршылық. Осы тақырыпты өту барысында мен амандасудың жақсы тілектермен өріліп айтылуы түсінген адамға бір күнге берілетін қуат көзі, ал қоштасудың келесі кездесуге дейін көзге көрінбей араны жалғап тұратын сенім мен сезім көпірі сияқты болатынын түсіндім.

Сөйлеу, сөйлесу әдебіне де сын көзben қарау сәті туған сияқты. Өзімнің бойымнан бір әдет байқадым. Мен ел алдына сөйлеуге шыққанда қалам немесе қарындаш алып шығып, сөйлеп тұрғанда қосымша ишара ретінде пайдаланады екенмін. Бұл, біріншіден, сөйлеп тұрғанда қолымды жөнсіз сермей бермей, құралды сенімділік құралы ретінде ұстауыма, екінші жағынан қажет кезінде нұсқап көрсету үшін пайдалануыма да тиімді. Бұлай зерделеп, әр нәрсеге назар аудару – өзімнің күнделікті өзімді ұстау, сөйлеу мәдениетіме ой жүгірту, болашақта қол қимылы, ишара және сөйлеу машығын бақылауда ұстау және тындарман алдында өзімді ұстау еркіндігімді жетілдіргенім жөн екеніне көзімді жеткізді.

(A. Төремұратов)

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

- Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
- Оразымбетова Ф.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
- Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
- Джумадиллаева Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
- Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
- Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
- Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

- Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
- Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
- Янсон, Т. Тіл тарихы: Kip'spe [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.
- Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	<p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттің 7 беті

5. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130

6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау: Ауызша сұрақ жауап.

1. Сөз мәдениеті дегенді қалай түсінесіздер?

2. Адамдар арасындағы қарым-қатынасты сез мәдениетінің рөлі қандай?

3. Қазақ тілінің қоғамдағы қолданылу аясы, өзіндік орны қандай?

4. Сөз мәдениетінің рөлі, сөздердің мағынасына қарай дұрыс қолдану, сөйлеуде сөздердің қиыноластырып дұрыс айту, емле мен тыныс белгілері ережелерін дұрыс сақтап сауатты жазу, сез дұрыстығы және сез тазалығы туралы мәлімет.

5. «Тіл адамды мақсатына жеткізеді» деген сез бар. Сен осыған сенесің бе?

6. Сөйлеу мәдениеті мен жазу мәдениетінің байланысын қалай жүйелеп түсіндірер едіндер?

7. Мәтінді негізге ала отырып, өз ойларында ортаға салындар.

№ 2 сабак

5.1. Тақырып: Тіл- тарихи құндылық. Этномәдени лексика

Сабак саны : 2сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: білім алушыларға тілдің тарихи құндылығын түсіндіру, тілдің құдіретін таныту, этномәдени лексика туралы білім беру, жаттығу жұмыстары арқылы білімдерін бекіту.

5.3. Оқу міндеттері : Білім алушыларды тіл құдіретін сезіне білуге, дұрыс сейлеп, сез мағынасын түсіне білуге қалыптастыру, сөйлеу мәдениетін дамыту, өз ойларын еркін жеткізе білуге, пікір таластыра білуге дағыландыру.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Тіл – тарихи, мәдени құндылық.

2. Халық өміріндегі тілдің мәні мен маңызы.

3. «Этнолингвистика» термині жайлы қысқаша түсінік

4. Этнолингвист ғалымдардың еңбегіне қысқаша шолу

5. Құндылық дегенді қалай түсінесіздер?

6. Ұлттық құндылықтар сендер үшін қаншалықты маңызды?

7. Казіргі қоғам құндылықтары – халқымыздың ұлттық болмысын көрсететін мәдениеті, өнері, тіл туралы.

Жаңа сабакты түсіндіру: 20 мин.

Tіl – тарихи құндылық

Тіл – ғылым. Әр ұлт өзінің тілін ғасырлар бойы қалыптастырады. Тіл – шебер қолынан шыққан өнер туындысы. Оның өрнектері сөзден тұрады. Әркімнің сөйлеу мәнеріне орай бояуы да сан түрлі. Жүректен қозғап, адам назарына ұсынатын ойды тізетін сөздерді жеткізу де ерекше мәдениеттің қажет етеді. Тіл – адамның білім, білік, ой-өрісін танытатын рухани қазына аралы. Алдымен айналаны танып, оны ішкі ойларынан аясында қорытып, ой-пікірді сыртқа шығару – ойлау, сөйлеу әрекетерін қажет ететін күрделі үрдіс.

Казақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңында: «Тіл – ұлттың аса ұлы иглігі әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі, ұлттық мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихи қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы – тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюіне тығыз байланысты» делінген.

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 8 беті

Тілдің көмегімен өнер-білімді, ғылымды игереміз, өткен-кеткенізді саралап, сабак аламыз. Тіл арқылы рухани байлығымызды менгереміз. Өзіміз танып қана қоймай, сол асыл қазыналарымызды әлемге танытамыз. Әлемді танимыз. Сондықтан адам баласының байлығының бірі – сөз өнері. «Өнер алды – қызыл тіл» деген аталы сөздің астарында қаншама сыр бар?!

Әрбір елдің қуатты құші, байлық-бақыты экономикалық даму деңгейімен ғана емес, сонымен бірге мәдени, рухани өресімен айқындалады. Ал мәдени өре, рухани талғам деген халықтың ақыл-ойының көрінісі – тілге тікелей тәуелді екені белгілі.

Халықтың сақталуы тіліне байланысты.

Тіл - халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін-келбеті, болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі.

Қазақ тілі – дүние жүзіндегі ең бай, оралымды да бейнелі тілдердің бірі. Ол – өнеркәсіп пен техниканың, ғылым мен мәдениеттің және қоғамдық-саяси өмірдің барлық саласын қамтып көрсететін лексикалық байлығымен, қалыптасқан жазу жүйесімен және сараланған стильдік нормаларымен танылған көркем тіл.

Этномәдени лексика

Тіл – адамзат үшін тарихи, мәдени және өмірлік құндылық көзі, қарым-қатынас құралы. Әр халық – өз тілін жасаушы ұжым. Тілдегі сөздер – қоршаған ортасың, құбылыстың, заттың ұғымдық атауы. Белгілі бір этностың тілі сол елдің тұтас дүниетанымдық, тілтанымдық мәдениетінің сипатын аша түседі: ұлттық дүниетанымы мен қоршаған дүниені қабылдауы; ұлттық ерекшелігі мен сипатына орай сөздерді үйлестіріп, тілдік атау ретінде қалыптастыруы; әр сөздің дыбысталу ерекшелігі, сөйлемдегі орны мен қолданыс аясын айқындауы; ұлт мәдениеті мен халық даналығының бай қазына-қорын толықтыра түсіү, т.б.

Этнос (ұлт, халық, тайпа) тілі – этномәдениет, этнография, этнолингвистика салаларына ортақ арна. Ұлт тілі арқылы ұлттың мәдениеті, қоғамдық-әлеуметтік болмысы танылады.

Ғалым Ә.Қайдар: «Этнос мәдениеті – әрбір этносқа тән табиғи, әлеуметтік ортаға сәйкес қалыптасқан құбылыс. Өмір-тіршілік салты, ортақ тіл, ортақ дүниетаным, ортақ психология. Осының бәрін біз этносмәдениетінен таба аламыз. Ал соның бәрін танып білудің ең басты құралы – тіл екендігін мәдениеттанушы ғалымдардың бәрі мойындаиды» деп өз пікірін тұжырымдайды.

Этнолингвистика – халықтың ұлттық болмыс, түрмис-салты, әдел-ғүрпі, өзге халықтармен тарихи-мәдени байланысы және тыныс-тіршілігі мен рухани мәдениетін зерттейтін тіл білімінің саласы. Этнолингвистика этнос болмысына қатысты тіл фактілерін зерделеп, ұғым-түсінігі мен мән-мағынасын жан-жақты ашып, терең түсіндіреді., ол – ұлттың мәдениетін, дүниетанымы мен құндылықтарын тіл түрғысынан карастыратын сала. Бұл тұста әр ұлттың ерекшелігіне орай тілде этномәдени лексика қоры қалыптасатынын айтып өту де орынды. Мәселен, А.Құнанбаев пен Ш.Құдайбердиев шығармаларында кездесетін этномәдени лингвистика: қансонар, томага, ақ шомышы, күзеу, ұжсмақ, ұришықтай, таспа, көже, құндақ, наjsағай, малта, ноқта, сәжде, кісен, асық, балгер, көсөу, желбау, ошақ, т.б. Мұндай мысалдарды ауыз әдебиеті үлгілерінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі әдеби мұралардан мындарап келтіруге болады.

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жүптасып жұмыс жасау

Жүптық жұмысқа қатысуылардың мақсаты да, қабылдаған шешімі де бірге.

Жүптасып жұмыс жасау – мәселе қойылған сөйлеу жағдаяттың тапсырма бойынша жүп болып шешім қабылдау әрекетіне құрылған. Берілген сөйлеу жағдаяттың мазмұнын сақтай отырып, сәл өзгеріспен диалог құрады.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25 мин

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p> <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттің 9 беті

Тапсырма 1. «Ана тілдің тағдыры: бүгін және болашақта» деген тақырыпта қазақ тілінің қоғамдағы орны, қолданылуы, мәртебесі және болашақтағы мүмкіндіктері туралы қорытынды пікір жазу.

2- тапсырма. Мәтінге сұрақтар дайындалған, жауап іздей отырып, өз ойларынды әссе жазумен түйіндендер.

3-тапсырма. Тіл, сөз өнері туралы кім көп мақал-мәтел біледі? Оның бірнешеуінің мағынасын түсіндіріңдер.

4-тапсырма. Тіл – ұлттық белгі, халықтық мұра дегенді қалай түсінесіндер? Өз ойларынды ауызша баяндалған, бір-бірлерінің ойларынды ортаға салындар.

5-тапсырма Өлеңді мәнерлелер оқып шығып, мазмұнын айт, дауысты, дауыссыз дыбыстарады ажыратыңыз.

Қазақ тілі

Қымбат маған ана тілім, бал тілім,
Қымбат маған дана тілім, ар тілім.
Ақ сүтімен бірге сіңген бойыма,
Ана тілім – ардақ тұтар алтыным.

Ана тілім жырлап өткен талайлар,
Жырлап өткен Ыбырай мен Абайлар.
Қасиетті менің ана тілімде,
Өшпес мәңгі алаулаған арай бар.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 10 мин.

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қесіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР деңсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
3. Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
- 4.Джумадиллана Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
5. Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Қесіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

1. Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Kіріспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кенесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.
4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA — 1979 — SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттін 10 беті

5. Қазақ тілі: ұш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130

6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 5 мин

5.7. Бақылау:

1. «Тіл - ұлттық белгі, халықтық мұра, дүние таным құралы» деген тақырыпта ой толғау жазу.
2. «Ана тілі» туралы презентация әзірлеңіз.

№ 3 сабак

5.1. Тақырып: Қазақ тілі –түпкі түрін сақтаған байырғы тіл. Тіл ұлттық қауіпсіздіктің кепілі.

Сағат саны : Зсағат 135 мин

5.2. Мақсаты:

Қазақ тілі –ұлт тілі екендігі туралы түсінік бере отырып, қазақ тілінің мәртебесін аяққа баспай қашанда биік ұстауға үйрету, оқушылардың бойына әдептілік, инабаттылық, қарапайымдылқ қасиеттерін қалыптастыру.

5.3. Оқу міндеттері: түрлі әдістерді пайдалана отырып, балаларды тапқырлық ,жылдамдық есте сақтау қабілеттерін арттыру, сабак барысында оқушылардың білімін бақылау арқылы сауатты жазуға машықтыру;

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қазақ тілі –түпкі түрін сақтаған байырғы тіл туралы мәлімет.
2. Тіл ұлттық қауіпсіздіктің кепілі.
3. Қазақ тілінің қоғам, өнер, мәдениеттегі орнын анықтар басты белгілері оның бірнеше негізгі қасиеттері.

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

Қазақ тілі – түпкі түрін сақтаған байырғы тіл

Қазақ тілі түпкі түркі түрін сақтаған байырғы тіл. Қазақ тілі ғайыптан пайды болған жоқ және оқшау жаратылған тіл емес. Оның шыққан ата тегі бар. Қазақ тілі түркі тілдері деп аталатын алғып бәйтеректің аса бір ірі тармағына жатады. Бір негізден өрбіп, түркі ата тілінен тарағандықтан әзербайжан, балкар, башқұрт, ғағауыз, қазақ, қарақалпақ, қарайым, қарашай, құмық, қырғыз, ногай, өзбек, саха (якут), татар, тоғалар, туба, түрік, түрікмен, ұйғыр, чуваш, хакас тілдері түркі тілдері деп аталады. Тұбі бір түркі тілдерін бұтақтары тармақталып жапырақ жайған алғып бәйтерекке ұқсатамыз. Қазақ тілінің түркі тілдерімен туыстас болатын себебі ай, тәңір, көк, жер, су тәрізді зат есімдер, бас, тіс көз, қол, аяқ тәрізді дене мүше атаулары, ақ, қара, көк, сары, қызыл тәрізді сын есімдер, ондық, жүздік, мыңдықты білдіретін сан есімдер, бар, кел, жүр, ұш, отыр, тұр, жат тәрізді етістік, апа, қарындас, ата, келін, қайын т.б. сияқты туыстық атаулар ортақ болып келеді. Өмірлік мәні бар мұндан атаулар әдетте ауыс-түйістікке жатпайды, сондай-ақ олар түркі тілдерінің бір негізден, бір ата тілден тарағандығының белгісі болып табылады. Грамматикалық шақ, жақ көрсеткіштері мен негізгі септіктердің түркі тілдеріне ортақ болып келуі олардың бір ата тілден тарағандығын, туыстығын көрсететін ең сенімді тілдік деректер.

Туыстығы жағынан қарақалпақ, ногай, өзбек тілінің қыпшақ диалектісі, сондай-ақ татар, қырғыз тілдері қазақ тіліне ең жақын тілдерге жатады. Туыстығы алыс саха, чуваш тәрізді тілдерді, туыстығы біршама жақын, туыстығы өте жақын тілдердің деректерін салыстыру арқылы тіліміздің қандай қонелік белгілерді сақтағанын, дыбыстық, мағыналық жақтан қандай өзгерістерді өткергенін өз зерттеулерінде тіл мамандары айқындалап береді. Ғылыми мәні зор болғандықтан тілдердің туыстығына зерттеушілер ерекше көніл бөледі.

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттің 11 беті

Сонымен, түркі тілдерінің туыстығы олардың лексикалық мағынасынан, грамматикалық құрылышынан, дыбыс жүйесінен нақты байқалады. Сондай-ақ түркі тілдерінің әрқайсысына тән лексикалық, грамматикалық, фонетикалық өзгешеліктер де болады. Ондай өзгешеліктерді туыстас тілдердің деректерін салыстыру арқылы байқауға болады.

Басқа түркі тілдерінде [б], [ғ], [г] дыбыстары келетін орындарда қазақтар [ү], [қ], [қ] дыбыстарын қолданады:

аба-аяу, тағ-тау, гелді-келді, ғырмызы-қырмызы.

Басқа түркі тілдерінде [ш] дыбысы келетін біраз сөздерде қазақтар [с] дыбысын қолданады: баш-бас, таш-тас т.б.

Басқа түркі тілдерінде сөз басында [й] келетін жерде қазақ тілінде [ж] дыбысы айтылады: йаш-жас, йол-жол, йаз-жаз, йыл-жыл т.б.

Кейбір түркі тілдерінде дауысты дыбыстардың созынқы түрі болса, қазақ тілінде ол жоқ: тау-тоо, ат-аат т.б.

Tіл – ұлттық қауіпсіздіктің кепілі.

Тіл қай ұлтта болса да, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамның бойына ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы – әр елдің мақтанышы. Ол – атадан балаға мирас болып қалған баға жетпес мұра. Сондықтан да әр адам ана тілін қадірлеуге міндettі, оны шұбарлап сөйлеуге жол бермеуі керек. Ана тілі – ар өлшемі. Тілді шұбарлау – арды шұбарлау, көңіл тұнығын лайлау. Осы орайда ақын Қадыр Мырза Әлидің:

Ана тілің – арың бұл,

Ұятың бол тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тілінді құрметте!.

деген өлең жолдарын айта кеткім келеді.

Менің ана тілім – шексіз бай, өте көркем тіл. Ана тілінің көркемдігін пайдалана алмаған адам, меніңше, нағыз пақыр жан. Ана тілін жырлай алмаған ақын – ақын емес. Қандай ақын, жазушы болса да, әр жүрек өз ана тілін жырлауы тиісті. Ана тілін жырламаған адам жоқ болар. Сол сияқты мен де өз тілімді жырласам, қазағымның қара топырағынан жарапған тал шыбық бүршік атардай сезіледі. Бойымдағы әлдебір күш серпіліп, аласұргандай болады.

Бүгінгі күндерде ана тіліміз тенденциялық тіл болса да, көпшіліктің арасындағы саңырауларға әлі де болса самалы тимей жатқаны, жасырын емес. Қазір көптеген жастар тілімізді шұбарлап, өз ана тілінде тұрпайы сөйлейді. Мұндаиларды көргенде, К.Г. Паустовскийдің: «Тұған тіліне жаны ашымаған адам - жәндік», - деген сөзі ойыңа оралады. «Көш жүре түзеледі» дегендегі, бәрі де түзелер. Эйтсе де өз тілімізді ұмытпағанымыз дұрыс.

Біздің тіліміз – ананың ақ сүтімен бойға сіңген асыл қазынамыз, өз атамекенімізде жүргендіктен, өз тілімізде сөйлеу – басты парызымыз.

Сол себептен де қазақ тілін ту етіп тігіп, кейінгі ұрпаққа бұлдірмей тапсыруға тырысайық, құрбылар!

Ата-анамыз бізге, болашағына, үлкен үмітпен қарайды.

Менің ана тілім – шексіз бай, өте көркем тіл. Ана тілінің көркемдігін пайдалана алмаған адам, меніңше, нағыз пақыр жан.

Бүгінгі күндерде ана тіліміз тенденциялық тіл болса да, көпшіліктің арасындағы саңырауларға әлі де болса самалы тимей жатқаны, жасырын емес.

Біздің тіліміз – ананың ақ сүтімен бойға сіңген асыл қазынамыз, өз атамекенімізде жүргендіктен, өз тілімізде сөйлеу – басты парызымыз.

Ана тілім, сен үшін күрес – болашақ үрпақ үшін, халық үшін күрес дегім келеді. Ерлік пен елдікті мұра тұтқандар саған қол көтермек емес. Жылдар, ғасырлар мен замандардың ұйтқып соққан желі сенің іргетасыңды ешқашан шайқалтпайды.

Жасай бер, бостандық, махаббат пен достық тілі – қазақ тілі.

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>		<p>044-73/11-229</p>
<p>Әдістемелік өндеу</p>		<p>124 беттін 12 беті</p>

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері:

Презентация студенттерге слайдтар, қағазда үлестірілетін материалдар, компьютер экранда анимациялық көріністерді бейнелеуге, дайындауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар тақырыптарды еркін менгеруге көмектеседі.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

1-тапсырма. «Ана тілін сүйимеген,

Халқын сүйіп жарытпас» тақырыбында шығарма жазу.

2-тапсырма. Таңдауға берілген тақырыптардың біріне өз ойларынды ауызша баяндаңдар.

Таңдауға берілген тақырыптар:

1. «Тұған тілім – тірлігімнің айғағы...»

Ә. Тәжібәев

2. «Сүйемін туған тілді – анам тілін»

С. Торайғыров

3. «Ана тілің – арың бұл»

Қ.Мырза Әли

4. Туған тілдің болашығы туралы ой

5. Менің тілім XXI ғасырда

3.Тіл туралы өлеңдерді жаттау

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 15 мин

5.6. Әдебиет:

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).

2. Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет

3. Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.

4.Джумадиллаева Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.

5. Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.

6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.

7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

1. Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.

2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019

3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Кіріспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.

4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.

5. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ 3.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттің 13 беті

6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Үлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 10 мин

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ-жауап

1. Тілдің қоғамдағы мәні мен қызметі.
2. Қазақ тілі –түпкі түрін сақтаған байырғы тіл туралы мәлімет.
3. Тіл үлттық қауіпсіздіктің кепілі.
4. Бұғынгі күннің өзекті мәселелерін негізге алып, «Қазақстан халықтарының рухани құндылықтары» тақырыбында эссе жазыңыз.

№ 4 сабак

5.1. Тақырып: Ескі қазақ жазба тілі. Ескі қазақ жазба тілінің қазақ қоғамы үшін маңызы.

Сағат саны : 2сағат 90 мин

5.2. Мақсаты: Ескі қазақ жазба тілінің қалыптасу тарихы туралы білім беру, қазіргі қоғам үшін ескі қазақ жазба тілінің маңызын түсіндіру, оқушылардың дүниетанымдарын кеңейту, сөйлеу мәдениеттерін дамыту, ойлау, қабылдау қабілеттерін дамыту, білім алушыларды мәдениетті, сауатты сөйлеуге, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

5.3. Оқу міндеттері : Ескі қазақ жазба тілінің қалыптасу тарихы туралы білім еру, қазіргі қоғам үшін ескі қазақ жаза тілінің маңызын түсіндіру. Білім алушыларды мәдениетті, сауатты сөйлеуге тазалыққа , ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Ескі қазақ жазба тілінің қалыптасуы.
2. Араб әліпбі негізіндегі ескі жазба тіл.
3. Ескі қазақ жазба тілінің қазақ қоғамы үшін маңызы.
4. Қазақ хандығынан бастап, XX ғасырдың басына дейінгі аралықтағы ескі жазба тілдің қолданылуы аясы.
5. Қазақ әдебиетіндегі тіл тақырыбында жазылған тұңғыш көркем туындылар.

Жаңа сабакты түсіндіру: 20 мин.

Ескі қазақ жазба тілі

Араб әліпбі негізіндегі қазақтың ескі жазба тілі шамамен XV ғасырдан XX ғасырдың басына дейінгі аралықта қызмет етті. Ол негізінен Қазақ хандығы іс қағаздарында, дипломатиялық қарым-қатынас ісінде қолданылды. Қадырғали би Жалайыридің “Жамиғ-ат тауарихы”, Әбілғазы баһадүр ханның “Шежіре түркі” атты тарихи жылнамаларын аталағыш жазу үлгілеріне жатқызуға болады. Ескі қазақ жазба тілінің үлгілеріне Махамбет Өтемісұлы, Әбілхайыр ханның Ресей патшасы Елизаветаға жолдаған дипломатиялық жазбаларын, Ш. Уәлихановтың хат-қағаздарының тілі т.б. жатады. Мұрсейіт қағазға түсірген Абайдың қара сөз түріндегі шығармаларының тілін ескі қазақ жазба тілінің үлгілері деп тануға болады. Ескі қазақ жазба тілінің нормалары, әсіресе XIX ғасырдың аяғына таман сөйлеу тілінің ықпалына көбірек ұшырап, халық тілінің элементтері жүйелі сипат ала бастады. Бұл тұста ілгерішіл демократиялық бағыт ұстанған “Айқап” журналы, “Қазақстан” газеті т.б. осы сияқты басылымдардың орны ерекше болды. Әсіресе XX ғ. басындағы көркем әдеби шығармалар тілінде сөйлеу тілінің нормалары айқын көрінді, бірақ ескі жазба тіліне тән сөз үлгілері де жиі кездесіп отырды.

Қазақ тілі – жазба мәдениеті бар тіл. Ана тіліміздің даму барысында қандай кезеңдерден откені, қай бағытқа қарай бет бүрғаны, әлемдік мәдениетпен қандай тілдік байланыста болғанын байырғы жазба ескерткіштердің тілдік деректерімен салыстыру арқылы айқындалады.

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттің 14 беті

Түркі тілдерінің көбіне ортақ болып табылатын аса маңызды тарихи жазба мұралар негізінен үш дәуірге бөлінеді.

1. Көне түркі дәуірі (III, V–VIII ғасырлар). Бұдан мың жарым, екі мың жыл бұрынғы көне түркі жазуымен тасқа жазылған жазба дүниелердің түркітану, шығыстану ғылымында тілдік, тарихи, мәдени маңызы айрықша. Әсіресе V–VIII ғасырлардағы Талас, Орхон-Енисей жазба ескерткіштері түркі мәдениетінің биік деңгейде болғанын көрсетеді. Көне түркі дәуіріне жататын жазба мұраларға Түркі қағанатының (мемлекетінің) ел құраған қайраткерлері мен ел қорғаған қолбасылары Білге қаған, Тонықөк, Құлтегін, Мойынчордың басына қойылған ескерткіштердегі жазба мұралар жатады.

Аталмыш ескерткіштерде қазіргі түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде қолданылатын көптеген сөздер, жер-су атаулары, аспан денелері, кісі есімдері тәрізді ономастикалық атаулар молынан ұшырасады. Қазақ тіліндегі қосымшалардың, сөз тіркестерінің тарихы көне түркі дәуіріне, тіпті одан да арғы кезеңдерге барып тіреледі.

2. Орта түркі дәуірі. Бұл дәуір екі кезеңнен тұрады: Қараханид және Алтын Орда кезеңі. Аталмыш дәуірдің бастапқы кезеңінде түркі жүртшылығына ескі үйғыр жазуы тарала бастады. Қ а р а х а н и д к е з е н і. Аталмыш кезеңдерде араб мәдениеті әлемдік мәдениеттің көш басында болып, ғылым мен білімнің, әдебиет пен өнердің, ізгілік пен даналықтың өрістеуіне жол ашып, соны серпін берді. Ғылымның жаратылыстану, медицина, философия т.б. салалары ерекше дамыды. Әлем әдебиетінің інжу-маржаны саналатын көркем туындылар мен философиялық трактаттар дүниеге келді. Отырардан шыққан отандасымыз, ғұлама ғалым әл-Фараби ғылымның жарық жүлдізы болды.

Ислам мәдениеті түркі халықтарының мәдениетіне, тіліне айрықша ықпал етті. Түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне ғалам, хакім, ғылым, рақым, махабbat, ғарыш т.б. толып жатқан дерексіз ұғымдағы атаулар енді.

Араб мәдениетімен тығыз байланысты бұл кезеңнің ерекшеліктерін сипаттайтын араб жазуымен жазылған жазба дүниелерге Жүсіп Баласағұнның “Құтадғу білік” (“Құтты білік”) поэмасы, Махмұд Қашқаридың “Диуани лугат-ит түрік” (“Түрік сөзінің жинағы”) түркі тілдерінің салыстырма сөздігі, Ахмет Юғнакидің “Ҳибит-уль-хакаик” (“Ақиқат сыйы”) атты еңбегі, Қожа Ахмет Яссайдің “Диуани Хикмати” (“Даналық кітабы”) атты шығармалары жатады. Мерзімі жағынан бұл кезең X–XII ғасырларды қамтиды.

А л т ы н О р д а к е з е н і. Аталмыш кездегі тілдік ерекшеліктерді көрсететін Хорезмидің “Мұхжаббатнамесі”, Құтба ақынның “Хұсрау-Шырыны”, Сайф Сарайдың “Гүлистан-бит түркі” (“Түрік тіліндегі Гүлстан”), Рабғузидің “Қисса сұләнбиясы”, қыпшақ жазбаларының бірі – “Кодекс куманикус” сөздігі жатады. Бұл кезең мерзімдік жағынан XII–XV ғасырларды қамтиды.

Бұл кезеңдегі көркем туындылар XV–XIX ғасырлардағы қазақ жыраулары мен ақындарының сөз байлығы мен тіл өрнегіне ерекше әсер етті. Әсіресе көркем әдебиет тілі жаңа мазмұндағы тұрақты сөз орамдары мен бейнелі тіркестермен байи түсті. Бұл кезеңдегі жазба туындылар, сондай-ақ қазақ қоғамындағы араб әліппейне негізделген ескіше жазба тілдің қалыптасуына иғі әсерін тигізді. XV ғасырлардан бастауын алатын қазақтың ескі жазба тілі XX ғ. басына дейін қолданылып келді де, халықтың негізденігі жазба тілмен ұласып кетті.

Ж а ң а т ү р қ і д ә у і р і – XV ғасырдан қазірге дейін. Жаңа түркі дәуірінің бастапқы кезеңінде (XIV–XVff.) көптеген түркі этностары тайпалық одақтар мен ру-тайпалық бірлестіктер, мемлекеттілігінің болуымен, елдікке жетуімен байланысты халық, ұлт болып қалыптаса бастады. Осы кезеңнің өзінде-ақ қазақ тілінің халық, ұлт тілі ретіндегі бейнесі айқындала түсті. Алтайдан Атырауға дейінгі құллі қазақ ру-тайпаларының бәріне ортақ сөздік қоры мен сөздік құрамы, сөйлем жүйелерінің түрлері, дыбыс құрылсы болды. Басқаша айтқанда, халықтық, ұлттық тілдің біртұтас сомдалған өзегі қалыптасты. Бұлар халық тілінің тұрақты элементтері деп аталады. Әрине, халық тілінің сомдалған өзегінен тысқарылау жатқан, әр жерде әртүрлі дыбысталатын (киіз – кигіз, құман – құмған,) әртүрлі

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттің 15 беті

ұғынылатын там “үй”, там “мола” т.б. тәрізді элементтер кездеседі. Бұлар белгілі бір аймақта ғана кездеседі. Халық тіліндегі ортақ элементтерге қарағанда қолданылатын шекарасы бар шеткегі элементтердің саны мүлде аз, жуық шамамен жеті-сегіз пайыздан аспайды.

Жаңа дәуірдің барапқы кезеңінде қазақ қоғамында араб жазуы қолданыла бастады. Жазусызудың бүл түрі Орта түркі дәуіріндегі, Алтын Орда кезеңіндегі жазба ескерткіштердің тілінің негізінде пайда болды және сол кезеңдердің емле үлгісімен жазылды, яғни халық тілінің, сөйлеу тілінің дыбыс жүйесіне негізделмеген болатын, лексикалық жүйесінде жүртшылыққа бейтаныстау араб, парсы сөздері көп кездесетін. Дегенмен бертін келе халық тілінің, сөйлеу тілінің элементтері аталмыш тілдің дыбыс, сөз жүйесіне бірте-бірте ене бастады. Сөйтіп, біршама халық тілінің дыбыс, сөз ерекшеліктерін бейнелейтін қолданыстар қалыптасып, жүйелі түрде жұмсалған бастады. Сөйтіп, қазақ қоғамында ескі қазақ жазба тілі деп аталатын жазба тіл қалыптасты.

Ескі қазақ жазба тілінің қазақ қоғамы үшін маңызы

Ескі қазақ жазба тілінің сол кездердегі қазақ қоғамы үшін тарихи-мәдени маңызы аса зор болды. Өйткені ол қоғамдық сананың құқықтық, ғылымдық, эстетикалық (көркемдік) түрлерін қалыптастыру мен дамытудың тілдік қуралы ретінде жұмсалды. Олай болса, ескі қазақ жазба тілі мәдени ұлттық тарихымызда ерекше құндылық деп танылуға тиіс.

Ескі қазақ жазба тілінің емле жүйесі тым курделі болды. Себебі оның тілдік жүйесінде, біріншіден, Қараханид дәуірінен келе жатқан байырғы түркілік сөздер мен тұлғалар, екіншіден, қалың жүртшылық біле бермейтін араб, парсы сөздері, үшіншіден, қазақтың кәдімгі сөйлеу тіліне тән элементтер болды. Жазба тілі жүйесінде мұндаиды үш түрлі элементтердің аралас-қуралас жүруі, оның емле жүйесін оқып игеруде көп қыындық келтірді. Сондай-ақ қазақтың ескі жазба тілін халықтың белгілі бір әлеуметтік тобы ғана қолданды. Жалпыхалықтық иғілікке айналып, бұқаралық сипат ала қоймады.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25 мин.

Тапсырма 1. Көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеген ғалымдардың еңбегі туралы не білесіздер?

2. Ежелгі дәуір әдебиетіне жататын ескерткіштер, шығармалар.
3. Көне түркі ескерткіштерін зерттелуі қаншалықты маңызды?
4. Тілді қолданудың өзіндік талаптары барма?
5. Әркімнің өз бетінше сөйлей беруі сөздің мағынасына әсер ете мे?
6. Тіл тазалығын қалай сақтап қалуға болады?

7. Баспасөз беттеріндегі «Латын әліпбіне көшу» туралы ақпараттар негізінде пікірлесіндер?

Тапсырма 2. Мамандық таңдау мен мамандық алу ара қашықтығы туралы ой толғау. Топ ішіндегі проблемалық сұрақтарға топпен жауап беру.

- 1.Мәтінді негізге ала отырып, сұрақтар дайындау.
2. «*Ескі қазақ жазба тілінің қазақ қоғамы үшін маңызы*» тақырыбына мәтін жазып, түсінгенізді айтыңыз.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 10 мин

5.6. Әдебиет:

Негізгі

1. Сәлім, Е. Қ. Қесіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	<p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 16 беті

2. Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР деңсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
3. Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
4. Джумадиллағанда Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
5. Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Қесіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

1. Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Kipre [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.
4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
5. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: пікір-талаас.

Қазақ тілі туралы ұлт зияялышының нақыл сөздерімен танысып, «Дербес пікір» айту тәсілі бойынша өз пікірлерінді айтындар.

1. Көне түркі жазба нұсқалары
2. Көне түркі және Орхон-Енисей-Талас кезеңі
3. Араб басқыншылығынан кейінгі кездегі Қараханид кезеңі
4. Монгол шапқыншылығынан кейінгі орта ғасырлық кезең.
- 5.Мәтінді негізге ала отырып, сұраптар дайындау.
6. «Ескі қазақ жазба тілінің қазақ қоғамы үшін маңызы» тақырыбына мәтін жазып, түсінігін
- 7.Тіл ғылыминың өзге ғылым салаларымен байланысы жөнінде ойланып көріндер.
- 8.Түркі тілдес халықтар жөнінде не білесіндер?
- 9.Өз тілдеріңе деген сезімдерінді қай ақынның өлеңімен жеткізер едіндер?

№ 5 сабак

5.1. Тақырып: Төте жазу. Тұнғыш қазақ әліпбі. Қазақ тілі- қазақ халқының ұлттық тілі. «Елбасының Тәуелсіздік толғауы».

Сағат саны : 3 сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты:

Ұлттық тіл тарихының қалыптасу жолымен және ұлы реформатор ғалым А. Байтұрсынұлы негізін қалаған төте жазу жүйесі ерекшеліктерімен танысу, оның тарихи маңызын ұғыну. Өз ой - пікірін еркін, жүйелі жеткізе білуге үйрете отырып, тіл байлығын, сауатты жазу дағдысын арттыру.

5.3. Оқу міндеттері:

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттің 17 беті

А.Байтұрсынұлы негізін қалаған төте жазу жүйесі ерекшеліктерімен таныстырыу, Еліміздің даму бағыттары туралы мәлімет беріп, алған білімдерін сабакта қолдана білу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Тұңғыш қазақ әліпбі. Жазу-сызуды демократияландырудың А.Байтұрсынұлының реформасы.
2. Жаңа жазу- халықтық тілді қолданудың жүйесі. Тілдің зандастырылған жазу нормалары.
3. Төте жазудың халықтық әлемдік деңгейде бағалануы. Төте жазудың кеңестік кезеңдегі тағдыры. Қазақ тіліндегі пайдаланылған алфавиттер.
4. Қазақ тілі- қазақ халқының ұлттық тілі.
5. «Елбасының Тәуелсіздік толғауы».

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері:

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Студенттер өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

1-тапсырма: «Тәуелсіздік онай жолмен келген жоқ » дегенді қалай түсінесіндер?

2-тапсырма: «Егемендіктің ертеңі зор» түсінігіне сипаттама беріндер.

3- тапсырма: Елбасының еліне жасаған еңбегін суреттеп беріндер.

4- тапсырма: Елбасымыздың «Тәуелсіздік толғауының» саяси мәнін атаңыз.

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

Төте жазу. Тұңғыш қазақ әліпбі

Төтежа зу. XX ғ. басында халқымыздың ұлы перзенті, ғұлама ғалым А.Байтұрсынұлы ескі қазақ жазба тілін күллі қазақ халқының иғлілігіне айналдыру идеясын ұсынды. Басқаша айтқанда, жазу-сызуды демократияландыру арқылы күллі халықты сауаттандыру ісіне бар білімін, құш-жігерін салды. Халықты жаппай сауаттандыруды, білім беруді тезірек қолға алмаса, қазақ қоғамының заман ағымына ілесе алмай, қалып қоятынын терең түсіне білген ғалым жүйесі аса құрделі ескі қазақ жазба тіліне түбекейлі реформа жасады. Алдымен, ол араб әліпбін пайдалана отырып, халық тілінің тоғызы дауысты (а-ә, ы-і, о-ө, ұ-ұ, е) және он тоғызы дауыссыздан (б-п, д-т, г-қ, ғ-қ, ж-ш, з-с, й, л, м, н, ң, р, ү) тұратын дыбыс жүйесін негізге алып, қазақ әліпбін түзді. А.Байтұрсынұлы ұсынған жазба тіл нормасы бірыңғай халықтық тілдің сөз, грамматика, дыбыс жүйесіне сүйенді, соларды таяныш етті, ескітүркілік сөз ұлгілері мен қалың жұртшылыққа түсініксіз араб, парсы элементтерінің қолданылуы шектеулі болды. А.Байтұрсынұлы жазуы халықтық тілдің сөз ұлгілерін жазбаша тілде бірізді қолданудың жүйесін жасады. Сөйтіп, А.Байтұрсынұлы халық тіліне негізделген жазбаша тілдің тұңғыш рет оқулықта, оку құралдарында зандастырылған нормасын (кодификацияланған нұсқасын) жасады. Тіліміздің зандастырылған жазу нормаларын А.Байтұрсынұлы негізденеп берді.

А.Байтұрсынұлы ұсынған жазу жүйесі жалпақ жұртшылықтың ықыласына бөленді. Ден қойған адам оны бір-екі айдың ішінде-ақ үйреніп алатындаидай 24 әріптен тұратын жүйесі ұғымға женіл, емлесі онай болды. Жұртшылық сондықтан бұл жазуды бұрынғы жазудан бөлекtekеп, төте жазу, төте оку деп атады. А.Байтұрсынұлының төте жазуын тек қазақ зиялыштары ғана емес, әлемдік тіл ғылыминың (лингвистиканың) көрнекті өкілдерінің бірі Е.Д.Поливанов, фонетика зерттеушісі Яковлев т.б. арнайы тексере келіп, аса жоғары бағалады. Алайда төте жазудың Кеңестер Одағындағы ғұмыры ұзаққа бармады. 1929 жылы қазақ жазуы латын графикасына негізделген, 29 әріптен тұратын жазуга көшті. Ал 1940 жылы қараша айынан бастап латын негізді қазақ жазуы 41 әріптен тұратын осы күнгі орыс графикасына бейімделген жазуга көшті.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>	<p>044-73/11-229</p>	
<p>Әдістемелік өндеу</p>		<p>124 беттің 18 беті</p>

Ал ҚХР-дағы миллионнан астам қандастарымыз осы күнге дейін төте жазуды қолданып келеді. Онда төте жазумен оқулықтар, оку құралдары, газет-журналдар, әртүрлі кітаптар шығады.

Қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық тілі.

Ана тілі – халық бол жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі, - деп Жүсіпбек Аймауытов айтқандай елін, жерін сүйген әрбір азаматтың қекірегінде ана тіліне деген сүйіспеншілігінің мақтаныш сезімі болуы керек. Себебі, қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

Тіл – ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы – оның ана тілі. Тіл – халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі – оның бақыты мен тірегі. Әр нәрсенің түп-тамыры болатын сияқты, ана тіліміздің де түп-тамыры бар. Занғар жазушы Шыңғыс Айтматов өскелең ұрпақ тілімізben бірге өсіп -өнеді, тілімізben бірге өркендейді деген.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Бүгінде Қазақстан Республикасында тұратын орыстар, україндар, түріктер, немістер, кәрістер, тағы басқа ұлт өкілдері қазақ тілінде сөйлей бастады.

Елбасының «Тәуелсіздік толғауы.»

«Халқымыздың қастерлі Тәуелсіздігі мен Мәңгілік Еліміздің болашағы мені үнемі толғандырады. «Тәуелсіздіктің өмірлік философиясықандай болу керек?» деген сауалды мен өзіме сәт сайын қойып отырамын. Осы жайындағы ой орамдарын қағазға түсіріп «Тәуелсіздік толғауы» деп атағым келді. Ол азат еліміздің күллі азаматтарына, жалынды жастарға бүгінгі буынның ерен істерін лайықты жалғастыры, өртөнді ұрпаққа арналады», - дей келе сол толғауын да жариялады.

«Заман ағымы бізді Қазақстан Республикасы тұңғыш рет тәуелсіз ел ретінде әлемге әйгіленген тариха дата – 1991 жылдың 16 – желтоқсанынан күн сайын алыстаратып барады. Біз жыл өткен сайын сол бір тарихи таңдаудың сарқылмас құдыретін жан жүргемізben түсінеміз. Ол –гемен мемлекетте бейбітшілік пен келісімде , өзара сенімде азат өмір сұру таңдауы. Ол туған жеріміздің қазынасы мен қазба байлығына дербес иелік етіп, барша қоғамның игілігі үшін өз қалауымызben жасау таңдауы. Біздің жаңа Қазақстанымыз жарық жүлдзыз болып дүниеге келді. Баршамызды Тәуелсіздіктің Ұлы рухы жебейді, біріктіреді, бойымызға қуат беріп, сенімімізді нығайтады», - деп толғайды Елбасы.

Бұдан білек, Елбасы Тәуелсіздік – сан буын бабалардың қасиетті жеріміздің әрбір қадамын қорғау үшін төгілген өлшеусіз қаны мен терінің өтеуі екенін, Тәуелсіздік кешегі батыр бабалар өситет еткеніндей, Қазақстанды қасық қаны қалғанша қорғау жөніндегі әрбір азаматтың қайсар шешімі екенін де атап өтті.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Тапсырма 1. Көне түркі жазбалары туралы ғалымдардың пікірін тауып, сызба жасаныздар.

Латын
графикасы

Кирилл
жазуы

Араб жазуы

**Қазақ
жазуы**

Руна жазуы

Көне үйғыр
жазуы

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеге		124 беттін 19 беті

Тапсырма 2. Сызба бойынша қазақ жазуы туралы мәліметтер жина.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 15 мин

5.6. Әдебиет.

Негізгі

- Сәлім, Е. Қ. Кесіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
- Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
- Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҮР, 2019. - 148бет.
- Джумадиллаева Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
- Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
- Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
- Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кесіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

- Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҮР, 2016. - 186 бет.
- Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ү. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Үлттық аударма бюросы, 2019
- Янсон, Т. Тіл тарихы: Kіріспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ү. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Үлттық аударма бюросы, 2019.
- Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
- Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
- Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Үлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ- жауап.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

- Төте жазуының қолданылу аясы.
- Араб әліпбіi қай ғасыр аралығында қызмет етті?
- Араб жазуы қай кезеңде қолданылып, тілдік жүйемізге қалыптаса бастады? Тілімізге оның өзіндік әсері қандай болды?
- Ескі қазақ жазба тілінің ұлгілеріне кімдердің шығармаларын жатқызуға болады?
- Ескі қазақ жазба тілінің қазақ қоғамы үшін мәні неде?
- Ескі қазақ жазба тілін осы кезге дейін неге қолдана бермеді?
- Төте жазу деген не?
- Ахмет Байтұрсынұлы туралы не білесін?

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 20 беті

9. Тәуелсіз елдің белгілері не?
10. Елбасымыз қандай мақсатпен жолдау жариялады?
11. «Қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық тілі» тақырыбында шағын әңгіме құраңыз.
12. Елбасының «Тәуелсіздік толғауымен» таныса отырып, пікір алмасындар.

№ 6 сабак

5.1. Тақырып: Қазақ тілі- кемелденген тіл. Тілдің грамматикалық дамуының көрсеткіштері.
Сағат саны : 2сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: тіл білімі, әдеби тіл туралы білімдерін кеңейту, қазақ тілінің байлығы қазақ халқының байлығы екенін ұғындыру, ана тілін сүйіп, құрметтеуге тәрбиелеу, ұлттық қасиетті сақтауға, тілді ұлттық мұра ретінде қадірлеуге үйрету.

5.3. Оқу міндеттері: Тілдің кемелділігін көрсететін негізгі белгілерді түсіндіру. Сөз байлығы деген сөздің алуан мазмұндылығы екенін мысалдар арқылы түсіндіру.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин.

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин.

Жаңа сабакты түсіндіру: 20 мин.

Қазақ тілі – кемелденген тіл. Тілдің грамматикалық дамуының көрсеткіштері

Ана тілі - ар өлшемі. Олай болса, тілді шұбарлау - арды шұбарлау, көніл тұнығын майлау. Ең жақсы адам - ана тілін құрметтеген адам. Бұл сенің басқа тілді менгеруіце бөгет болмайды, қайта сені адамгершілікке, шын патриот болуға жетелейді. Ана тілдің терең іірімдеріне бойлай білу – саналы адам болғысы келетін жас адамның бірінші парызы. Ол – туған жерінді, елінді, сүйікті Отаныңды сүйе білу деген сөз. Ақының ақын М.Мақатаев «Отан» атты өлеңінде:

Мен оның тұнін сүйем, күнін сүйем
Ағынды өзен, аскар тау, ғұлін сүйем.

Мен оның қасиетті тілін сүйем

Мен оның құдіретті үнін сүйем, – деп Отанды сүюдің, ана тілін сүюдің құдіретті биік сезім екендігін білдіреді. Мен әлемдегі ең бай, ең сұлу тілдердің бірі - қазақ тілінің құдіретіне әрдайым сенемін. Тіліміз - бірлігіміздің тірегі, халқымыздың ұлттық байлығы.

Қазір Елбасымыз үш тілді білуді міндеттеп отыр. Болашақта бұл үлкен мәселе болмақ. Менің ойынша, егер адам өзге тілді білетін болса, ол рухани бай адам деп ойлаймын. Өйткені сол тіл арқылы басқа халықтың мәдениетін, дәстүрін үйренеді, басқа тілді үйрену арқылы танымы кеңейеді. Сондықтан мен өз замандастарымды «өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте» деп ақын Қ.Мырзалиев айтқандай, басқа тілді біле отырып, ең алдымен өз ана тілімізді құрметтеуге шакырамын және бәріне:

Мейлі, сен көп тілді біл «қой» демес ем!

Пушкин, Байрон, Шекспир, Гейнеге сен.

Бірақ сені қазақ деп айта алмаймын

Туган ана тілінде сөйлемесен, - дегім келеді.

Сырдың сыршыл ақыны Ә.Тәжібаев «Біз түгел қазақ бола білейік» деген өлеңінде:

Құркіре, көңілім,

Қобызым, гуле, бұрқыра!

Күн жаңа туды

Ерлікке ғана ұмтылар.

Елдікті қорға,

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеге		124 беттің 21 беті

Елдікті бастар ерлікті айт.

Сарының сенің

Рух берсін жуас жұртыңа

Жырла, тілім, жырла! - дейді.

Қорыта келгенде, Абай әрлеген тіл, Жамбыл жырлаған тіл - қазақ тілі, Мәңгілік елдің Мәңгілік тілі болып қала бермек!

Қазіргі заманың жастары қазақша дұрыс сөйлеумен қатар, қазақша сауатты жаза білуі қажет, сонда ғана қазақша білемін деуге болады. Сондықтан оқушының қазақша тілі ауызша да, жазбаша да дамуы міндетті болып саналады. Грамматиканы оқытудың осы мақсатқа жетуде атқаратын қызметі бар. Жазу көпшілік жағдайда грамматикаға негізделеді. Мысалы, қазақ жазуының емлесі көбіне морфологиялық принципке негізделген. Ол принцип бойынша сөздің түбірі сақталып жазылады. Бұл түбір морфеманы, сөз құрамын білуді қажет етеді, ал ол — сөзжасам, орфография, грамматиканың мәселесі. Бірсыныра қосымшаларды грамматика арқылы білуге сүйенеді. Мысалы, -хана, - қор, - паз, - қой, т.б. Сол сияқты бірнеше септік жалғауларының тәуелденген сөздің септелуінде ерекшеліктері бар. Олардың да дұрыс жазылуы грамматикамен байланысты. Мысалы, шылаулардың жазылу емлесі де, тыныс белгілері де грамматикамен байланысты. Сонымен бірге, грамматиканы оқыту — оқушының логикалық ойлауын дамытатынын естен шығармау абыз. Ана тілінде сөйлегендеге, оқушы сөйлеу дағдысы бойынша кідірмей, көп қиналмай, бірден өз ойын таратады. Екінші тілде сөйлегендеге оқушы өз ойын дұрыс тарату үшін оның тәсілдерін іздейді. Аталған мақсатпен тілді материалдың ең дұрысын таңдауға тырысады. Бұл оқушының ойын дамытады, байытады. Қазақша мәтінді түсіну, мәтіннің ой- түйінің ұғыну үшін де мәтіндегі грамматикалық көрсеткіштердің мән-мағынасын білу қажет.

Сөйтіп, өз ойын басқаға жеткізу үшін ғана қолданып қоймай, басқаның да ойын, ұғыну үшін де грамматиканың рөлі анықталады. Сонымен қатар грамматиканы таза теориялық түрғыда емес, тілді қоғамдағы қарым-қатынас ретінде оқытқанда қосымша мәлімет түрғысынан беру орынды.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қазақ тілі- кемелденген тіл. Тілдің грамматикалық дамуының көрсеткіштері.
2. Тіл кемелденген тән объективтік белгілердің қазақ тілінің құрылымдық жүйесінен табылуы.
3. Сөз байлығы- тіл дамуының басты белгісі.
4. Тілдің дамуындағы қазақ этносының қалыптасу тарихының рөлі.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру.

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Студенттер өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

1-тапсырма: «Тілдің туы жығылмасын» тақырыбына мақаланың мағынасын түсіндіріндер

2-тапсырма: « Қазақ тілі дамыған, жетілген, бай икемді тілдің бірі» - дегенді қалай түсінесін?

3-тапсырма: Тіл туралы Зандағы тілге байланысты баптарды атаңдар.

Жаңа сабакты түсіндіру:

Қазақ тілі- кемелденген тіл. Тілдің грамматикалық дамуының көрсеткіштері мәтінін оқып, достарыңызбен пікірлесіңіздер.

Тапсырма 1. «Көне түркі және қазақ жазуы» деген тақырыпта қысқарған сөздерді қатыстыра отырып, эссе жаз.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25 мин.

Тапсырма 1. Жоғарыда берілген кестені пайдалана отырып, мысал келтіріп, жазбаша мысал жазындар.

Кемел тілдің негізі белгісі болып саналатын небір айырмашылықтарды дәл көрсете алатын тілдік амал-тәсілдердің жүйесі қандай?

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 22 беті

Тілдің грамматикалық дамуының көрсеткіштерін атаңыз.

Қазақ тілінің кемелденген тіл екенінің негізгі белгілері қандай?

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 10 мин

5.6. Әдебиет.

Негізгі

1. Сәлім, Е. Қ. Қесіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
3. Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
4. Джумадиллана Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
5. Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Қесіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

1. Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Кіріспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.
4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
5. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 5 мин

5.7. Бақылау: Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сөйлеу тілі дегеніміз не?
2. Тілдесу түрі мен ерекшеліктеріне тоқталындар.
3. Сөйлеу тілінің түрлерін атаңыз.
4. Әдеби тіл дегеніміз не?
5. М. Шахановтың «Төрт ана» өлеңін жатқа айту.
6. М. Мақатаевтың «Қазақ жері» өлеңін мәнерлеп оқу.

№ 7 сабак

5. 1. Такырып: Сөйлеу тілі туралы түсінік. Қазақ әдеби тілінің белгілері.

Сағат саны : 3сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: оқушыларға әдеби тіл туралы түсінік беру, ауызша және жазбаша тілдің айырмашылығын ұғындыру.

оқушыларға адамгершілікке, ізгілікке баулу. Табиғатты, отанды сүюге тәрбиелеу.

оқушылардың әдеби тіл туралы түсініктерін кеңейте отырып, сабакта қолданылған қосымша материалдар арқылы дүниетанымдарын кеңейту.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттің 23 беті

5.3. Оқу міндеттері:

Қазақ әдеби тілі туралы балаларға түсінік бере отырып, дұрыс, мәдениетті, әдеби тіл нормаларын сақтай отырып сөйлеуге қалыптастыру, айтар ойын әдеби, толық, түсінікті жеткізуге дағыландыру, ойлау, шығармашылық ізденістерін дамыту;

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Сөйлеу тілі туралы түсінік.

2. Қазақ әдеби тілінің белгілері.

3. Әдеби тілдің стильдік тармақтары.

4. Кітаби тілдің ерекшеліктері, ауызша және жазбаша түрлері. Кітаби тіл мен сөйлеу тілінің ортақ белгілері.

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

Сөйлеу тілі туралы түсінік

Тіл – дегеніміз не? – дегенге жоғарыда жауап бердік. Сондықтан әңгімені сөйлеу дегеніміз не? Ол қалай жасалынады? - деген сұрауларға жауап беруден басталық.

Психологтар тілімен айтқанда, сөйлеу дегеніміз – адам әрекеттерінің бір түрі. Адам біреуге бір нәрсе туралы айтуды мақсат етеді. Сол мақсатқа жету ушін, адам озінің дыбыстау мүшелері арқылы әр түрлі артикуляциялық әрекеттер жасайды. Яғни сөйлеу әрекеті дыбыстау мүшелерінің қимылды арқылы пайда болады. Ендеше, сөйлеу дегенге: Тілдік таңбалардың қатынас құралықзыметінде қолданылуы, - деп анықтама беруге болады.

Сөйлеу әрекеті сөйлеу, есту, ұғыну сияқты үш бөлімнен тұрады. Сөйлеушінің айтқандары – артикуляциялық жиынтық, ал тыңдаушының естейтіндері – акустикалық жиынтық болады. Сөйлеуші мен тыңдаушы бірін-бірі түсіну үшін, тағы бір жиынтық керек. Ол – сөйлеу әрекетінің ұғымдық жағы. Бұл үш жиынтық берік бірлікті болу керек. Яғни бас деген сөзді айтушы да, тыңдаушы да бір ғана мағынада түсіну керек. Айтылған мен естілгеннің арасында ондай бірлік болмаса, ұғыну, ұғынысу деген де болмайды. Ондай бірлікті – мағына деп атайды.

Осы тұрғыдан сөйлеу дегенге тағы да анықтама беріп көрелік:

Сөйлеу дегеніміз – катынас жасау процесінде өз ойын, сезімін басқаларға білдіру, басқаның ойын білу мақсатында тілді қолдану деген сөз. Сөйлеу тілдік элементтер арқылы болады және ол тілдік заңға, тілдік нормага бағынады. Тіл мен сөйлеу бір-бірімен ажырамас бірлікті. Тілдік сөйлеу жок, сойлеу жок жерде тіл де жок.

Бірақ бұл екеуінің бірлігі тепе-тендік, абсолюттік бірлік емес. Тіл дегеннен ондағы бүкіл дыбыстардың, грамматикалық формалардың, категориялардың, заңдылықтардың жиынтығын түсінсек, сөйлеу дегеннен сол тілдік элементтердің қызыметке кірісіүін, олардың өзара қарым-қатынасқа түсінің түсініміз. Яғни сөйлеу дегеніміз – тілдің қимыл үстіндегі күйі. Бұл жағынан алғанда, тіл сөйлеуге қажетті өлі материалдардың жиынтығы. Ф. де Соссюрше, тіл – тілдік материалдардың жанданып іске қосылуы. Яғни адамдар сөйлеу кезінде тілді қатынас айналымына түсіреді.

Тілдік материалдар да, тілдік нормаларға тәуелді: соларға бағынады, соларды сақтайды. Соған қарамастан сөйлеу – тілдің, тілдік норманың жаны, тіршілігі. Сөйлеу болмаса, тіл өледі. Өйткені тіл, тілдік норма қоғамдық бола тұра, ол жеке адамдардың сөздері, сөйлеулері арқылы корініп, өмір сүреді.

Тілде бар нәрсенің бәрі сөйлеуде бола беруі мүмкін. Алайда сөйлеуде болғанның бәрі тілде бола бермейді. Сөйлеу кезінде сөздер тілде қалыптасада үйреншікті тұра мағынасында қолданылмай, тек мәтін арқылы ғана түсінуге болатын ауыс, келтірінді мағыналарда қолданыла береді. Мысалы, Абай өлеңдерінде кездесетін «көңілдің жайлауы», «журектің саусағы»

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттің 24 беті

дегендерді алалық. Тілде көніл, жайлау, жүрек, саусақ деген сөздер де, олардың мағыналары да бар. Ал жоғарғы тіркестер мен олардың мағыналары тілде жоқ. Олар – тек сөйлеу (жазу) үрдісінде ғана туған нәрселер.

Тілге «мынасы жақсы, мынасы жаман; мынасы нормаға жатады, мынасы жатпайды; мынау керек, мынау керек емес», - деген сөздерді қолдануға болмайды. Тілдегінің барлығы да керек, барлығы да нормалы. Керексіз нәрсе онда болмайды. Керексіз де/ керектісі де, жаманы да/жақсысы да, нормасызы да/нормалысы да – сөйлеуде (жазуда) кездеседі. Себебі сөйлеуші тілдегі барды, дұрысты әруақыт орынды қолдана бермейді; сөйтеді де, ол тіл шұбарлылығын, нормасыздықты туғызады. Тіл мен сөйлеудің бір-бірінен өзгешеліктері осында.

«Тіл – сөйлеу түсінікті болу үшін қажет, ал сөйлеу – тілдің қалыптасуы, қажетке жарауы үшін қажет», - деп білеміз.

Сонымен тіл мен сөйлеудің бір-бірінен өзгешеліктері мыналар:

- 1) Сөйлеу – негізінен индивидуалдық (психикалық) және әлеуметтік (қоғамдық) құбылыс, ал тіл – тек әлеуметтік, жалпы құбылыс.
- 2) Сөйлеу – құбылмалы, өзгерімпаз; ал тіл – тұрақты (Бұл жерде сөйлеудің құбылмалылығын тілдің дамуымен шатастырмағын жөн).
- 3) Сөйлеу өзі қызмет еткен қоғамдық ортадағы барлық мәнбірлердің (факторлардың) әсеріне ұшырайды. Ал тіл мұндай әсерден өзінің нормасы, жүйесі арқылы қорғанады.
- 4) Тіл лингвистикалық зандылыққа бағынады, ал сөйлеу кейде ол зандылықты бұзады. Мыс.: келемін>келем, келіп>кеп т.б.
- 5) Тіл – негізгі ұғым; ол – қоғам мұлқі. Жеке адам тілі деген жоқ. Ал сөйлеу – жеке адам мен қоғамға тәуелді.

Адам – саналы тіршілік иесі болумен қатар, көзбен көріп, көнілмен қабылдағанын шабыттана жеткізе алу, яғни, тілдесу мүмкіндігіне ие болған табиғат перзенті.

Сөйлеу тілі – күнделікті қарым-қатынаста пайдаланатын әдеби тілдің бір түрі. Сөйлеу тілі белгілі бір жағдайда ауызба-ауыз тікелей жалғанатын қатынас тілі болғандықтан, ол сөйлеудің ауызша формасымен тығыз байланысты болады. Ал ауызша сөйлеуде еркіндік басым келеді, яғни үйреншікті жағдайда адамдар емін-еркін сөйлейді. Соңдықтан онда сөйлеу тақырыбына сай күнделікті тұрмыста жиі жұмсалатын дағдылы сөздер мен сөз тіркестері қолданылады. Сонымен бірге сөйлеу тілі жазбаша түрде де қолданылады деген пікір бар (жекелеген адамдардың хат жазысу, күнделік жүргізу т.б.). Сөйлеу тілі мен кітаби тіл арасындағы айырмашылықтар көптеген экстралингвистикалық факторлар (бейресми жағдайда, дайындықсыз өтуі, сөйлеуші және тыңдаушы жақтардың болуы т.б.) әсерінен туындаиды. Өмірдің барлық саласында сөйлеу тілі кеңінен пайдаланылады, бірақ қарым-қатынас жағдаятына байланысты оның атқаратын қызметі және тілдік құралдардың пайдаланылуы біртекті болып келмейді. Соңдықтан сөйлеу мәнері де түрліше болады. Сонымен бірге сөйлеу тілінде интонация, сөз екпіні, ым, дene қимылы үлкен қызметті атқарады. Ым мен дene қимылы сөйлеу үстінде белгілі бір нәрсенің көлемін, түрін т.б. бейнелеуді (мысалы, ұзындығы мынандай – қимылы – сала құлаш жылан көрдім), құптау, макұлдауды (бас изеу), шақыруды (қол бұлғау), қорқытуды (қолын аузына апару) т.б. білдіре алады. Кітаби тіл секілді, сөйлеу тілінің қалыптасқан нормалары бар. Оның өзіндік ерекшеліктері тілдің барлық деңгейінде көрінеді. Дыбыс жүйесінде, мысалы, бір дыбыстың орнына басқа бір дыбыстың айтылуы (анаң қара), дыбыстарды түсіріп айту, (кеп-келіп, босын-болсын), дыбыстың созыңқылығы (ке-ремет»!) т.б., морфологияда кейбір морфемалардың түсіріліп айтылуы (барам-барамын, барад-барады), синтаксисте сөздердің орын тәртібінің еркін болатындығы (Іштеме шығар ма екен осы көптен! F.M.) т.б. Сөйлеу тіліне тән белгілерді кездестіруге болады.

Қазақ әдеби тілінің белгілері

Қазақ әдеби тілі –қазақ ұлтының қоғамдық өмірінің сан-саласында көркем әдебиет пен мерзімді баспасөзде, радио мен теледидар хабарларында, білім беру жүйесі мен ғылым салаларында және іс қағаздарында қолданылатын тілі. Жалпы халықтық тілдің нормаға түскен

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>		<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттің 25 беті

нұсқасы. Бастапқы кезде зерттеушілер әдеби тілдің жазба тілдің баламасы ретінде түсініп, сөйлеу тіліне қарама-қарсы құбылыс деп ұққан. Әдеби тіл туралы мұндай түсінікке әдетте жазба тіл дәстүрі ерте қалыптасқан, жазба мұраларға бай тілдер негіз болды. Зерттеушілердің кейбіреулері тілдің әдебилігін оның жалпы қоғам мүшелеріне ортақ болу қасиетінен іздеді. Әдеби тілдің жүртшылықтың бәріне бірдей ортақ болу оны диалект, жаргон сияқты жергілікті ерекшеліктерден өзгешелеп тұрады. Мұндай қөзқарасты ұстанушылар әдеби тіл халықтың поэтикалық сөз өнері, әдет-ғұрып заңдарының тілі ретінде жазуға дейінгі кезеңде де болуы мүмкін деп пайымдайды. Қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеген енбектерде де осы тәріздес әр қылы пікірлер айтып келді. Бірсыныра зерттеушілер Қазақ әдеби тілінің тарихын жазба әдебиеттің пайда болып, халық тілінің нормаға түсіп, стильдік нышандарының көрініс бере бастаған кезеңімен (XVIII) байланыстыра қарайды. (Қ.Жұмағалиев, М.Балақаев). Зерттеушілердің енді бір тобы Қазақ әдеби тілінің тарихын XIX ғасыр екінші жартысынан алғашқы кітап басылып, газет шыға бастаған кезеңнен бастап, Ұбырай, Абай шығармаларымен ұштастыра қарайды. (Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, И.Кенесбаев т.б.) Кейбір зерттеулерде XIX ғасырдың екінші жартысын әдеби тілдің бастау алған кезеңі емес, үлттық жазба әдеби тілдің қалыптасу дәуірі ретінде қаралып, көне әдеби тіл мен жаңа жазба әдеби тіл категорияларының жігі ажыратыла сөз болады. (А.Ысқақов, Р.Сыздықова). Әдеби тілдің стильдік тармақтары саралынып, қоғамдық қызыметтің жан-жақты күшіне байланысты шын мағынасындағы әдеби тіл Қазан төңкерісінен кейін пайда болды деген де тұжырым бар. (Т.Қордабаев). Әдеби тілді жазу-сызумен байланыстыра қарайтын дәстүрлі қөзқарастан басқаша бағыт ұстаған зерттеулер де, оны (фольклорлық, мұралармен ұштастыра қарайтын пікір де бар.). Әдеби тілдің сыр-сипатын ашатын басты-басты белгілері мыналар:

1. Әдеби тілдің сұрыпталған, өндөлген нормаларының болуы;
2. Сол нормалардың жүртшылықтың бәріне міндеттілігі және ұзак уақыт сақталуы;

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: командалық жұмыс

– студенттердің топта (командада) жұмыс дағдыларын дамытуға және көптүстүші шешімдерді қабылдан, қарапайым жауапты алуға ықпалын беретін оқыту әдісі.

Тақырыпты өрбіту:

I топтың тапсырмасы: «Ана тілін сүймеген, Халқын сүйіп жарытпас » тақырыбына ойтолғау жазу.

II топтың тапсырмасы: « Әсерлі сөйлеу әсерлі ойлауға ықпал етеді » тақырыбында пікірлесу.

Жаңа сабакты түсіндіру: 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 10 мин.

Тапсырма. 1-кесте бойынша топпен жұмыс жасаңыздар.

№	Қызмет түрлері	Тілдесу неге жеткізеді?
1.	Әлеуметтік қызмет	Тілдесу арқылы аадамның ой-санасы өседі. Қоғамдық орта, адамдармен қарым-қатынас деңгейлері тұлғаның ой-пікірі мен қөзқарасын әлеуметтік дәрежеге көтереді.
2.	Танымдық қызмет	Тілдесу нәтижесінде тіл үйренуші адам қоршаған ортаны, беймәлім құбылыстар мен адамдардың жан дүниесін және т.б. таниды. Танымдық қасиеттерді менгереді.
3.	Мағлұматтық қызмет	Тілдесу барысында ақпаратпен танысу, мағлұмат алу, қажетті мәліметтерді жинақтауға кең мүмкіндіктер туады.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	<p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндө		124 беттің 26 беті

4	Қоғамдық қызмет	Tілдесу, кеңесу, пікірлесу арқылы ортақ мақсаттар айқындалып, адамдарға қоғам, ұжым, топтарға бірігіп, қарым-қатынас жасауға жол ашады.
5	Эмоционалдық қызмет	Tілдесуші жандар көніл қүй, сезімді бөліседі. Сөйлеген адамның дауыс ыргагы, сөйлеу мәнерінен көніл қүй, сезім толқындары сезіліп, тыңдаушы әңгіменің қандай сезім (ақыл-кеңес, ашу, қуанышымен бөлісу, қайғылы желі, т.б.) бағытында өрбитінін жылдам үгады.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 15 минут.

Сабакты қорытындылау: 10 мин

5.6. Әдебиет

Негізгі

- Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
- Оразымбетова Ф.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
- Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
- Джумадиллаева Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
- Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
- Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
- Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

- Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
- Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
- Янсон, Т. Тіл тарихы: Kiprіспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.
- Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
- Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
- Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: Сұрақтар мен тапсырмалар

- Сөйлеу тілі дегеніміз не?
- Тілдесу түрі мен ерекшеліктеріне тоқталындар.
- Сөйлеу тілінің түрлерін ата
- Әдеби тіл дегеніміз не?
- Жоғарыда берілген кестені пайдалана отырып, мысал келтіріп, жазбаша мысал жазындар.

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттің 27 беті

№ 8 сабак

5.1. Тақырып: Сөйлеу тілі және оның айырым белгілері. Сөйлеу тілінің лексикалық ерекшеліктері.

Сағат саны : 2сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: сөйлеу тілінің айырым белгілері туралы балаларға түсінік берсе отырып, дұрыс, мәдениетті, әдеби тіл нормаларын сақтай отырып сөйлеуге қалыптастыру, айтар сөздерін ойланып сөйлеуге дағдыландыру, ойлау, шығармашылық ізденістерін дамыту.

5.3. Оқы міндеттері:

Сөйлеу тілі және айырым белгілері жайлы мағлұмат беріп, түсініктерін кеңейту.

Сөйлеу тілінің ерекшеліктерін біліп, сауатты сөйлеп, жаза алу, өз пікірлерін ашық айту дағыларын, есте сақтау, танымдық, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин (5%)

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин

Жаңа сабакты түсіндіру: 20 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Сөйлеу тілі және оның айырым белгілері.

2. Сөйлеу тілінің лексикалық ерекшеліктері.

3. Сөйлеу тілінің қолданылатын орны.

4. Сөйлеу тілінің мақсаты. Сөйлеу тілінің фонетикалық-морфологиялық ерекшеліктері, синтаксистік ерекшеліктері.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс.

Тапсырма: Адам – табиғаттың төл перзенті. «Табиғатсыз адамзаттың құні жоқ, оны айтатын табиғаттың тілі жоқ» тақырыбы бойынша мысалдар келтіріп, презентация дайындау.

Жаңа сабакты түсіндіру: 20 мин.

Сөйлеу тілі және оның айырым белгілері.

Қоғамдағы қарым-қатынас ауызша сөйлеу немесе жазбаша тілдесу арқылы жүреді. Ауызша сөйлеудің де, жазбаша тілдің де түп негізі – ұлттың ғасырлар бойы жасаған, үрпақтан-үрпаққа мұра етіп, жылдар сыннан өткізген жалпы халықтық тілі.

Қазақ тілінде ұлттың дағды- дәстүрімен біте қайнасқан, елдің тарих, шаруашылық, мәдени, әдеби құндылықтарын молынан көрсететін – ауызша сөйлеу тілі. Ауызша сөйлеу тілі - құнделікті тұрмыста қолданылатын, бетпе-бет көріп отырған екі немесе одан да көп адамдардың бір-бірімен сөйлесуі, пікір алысуы.

Ауызекі сөйлеу тілінің де, жазба тілінің де бастау негізі – белгілі бір ұлттың ұлттық дағды-дәстүрімен сабактасқан жалпы халықтық тілі.

Осының ішінде ұлттық дағды-дәстүрдегі тілмен (сөздермен) сабактасып, құнделікті өмірде, қарым-қатынаста кеңінен қолданылатын тіл – ауызша сөйлеу тілі.

Ауызекі сөйлеу (сөйлесу) – бірін-бірі бетпе-бет көріп отырған екі не одан көп аадамдардың өзара пікір алысуы, түсінісуі.

Ауызекі сөйлесу кезінде жеке адамдар өзінің мінез құлқын , бүкіл адамдық болмысын көрсетеді. Сондықтан да сөйлеу, сөйлесе білу – өнер, мәдениеттіліктің белгісі.

Пікір алысу, түсінісу сөз арқылы ғана жүзеге аспайды, сөйлеуге кісінің бет-ауыз, қас-қабақ, қол қымылдары да қатысып отырады. Оның үстіне сөйлеуші айтайын деген ойна өз көзқарасын білдіру, тыңдаушының назарын аудару мақсатында дауыс ыргағын құбылта сөйлейді. Сол себептерден ауызекі сөйлеу тілінде сөздердің айтылу заңдылықтарын сақтамаушылық, сөйлемді аяқтамай бітіру, сөйлем мүшелерінің орын тәртібін сақтамау, сөзді талғамай қолдану жиі кездеседі. Онда адамдардың жергілікті тұрған аймағында қолданылатын сөздер мен синоним сөздердің жалпы халықтық нұсқасы бірыңғай жиі қолданылады.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 28 беті

Бұл айтқандардан ауызекі сөйлеу тілінің мынандай стильдік ерекшелігі анықталады:

1. қолданылу аясы (аймағы) – кісілермен, әсіресе таныс кісілермен еркін әңгіме кезінде қолданылады.
2. сөйлеу мақсаты – қарым-қатынас жасау.
3. өзіндік стильдік ерекшелігі:
 - еркін, даярлықсыз өткізілу
 - сөздер мен сөз тіркестерін еркін қолдану
 - айтушының көзқарасы сөйлемдерінен, қолданған сөздерінен анық білінуі.
4. Тілдік құралдары:
 - қарапайым сөздер еркін қолданылады;
 - эмоциональды сөздерді, қосымшаларды өз пікірін білдіруде сөйлеуші жиі пайдаланады;
 - сұраулы, лепті сөйлемдер жиі қолданылып, диалогке құрылады;
 - дауыс ырғақтары арқылы сөйлеуші қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді көп қолданады.

Ауызша сөйлеу кезінде сөздің өзіндік айтылу заңдылықтарын сақтаумен қатар, сөздік қордың мол болып, сөздерді мағынасына қарай дұрыс қолдану, ойды жүйелі, анық жеткізудің әдіс-тәсілдерін менгеру, соны қалыптастыру – ең негізгі нәрсе.

Сөйлеу тілінің лексикалық ерекшеліктері.

Лексика, лексикология және стилистика – бір-бірімен тығыз байланысты құбылыстар. Лексика деп – әдетте тілдегі барлық сөзқорын айтады. Лексикология сол сөздік құрамды тексеретін ғылым; яғни тіл білімінің сөз мағынасын, оның шығу тегін зерттейтін саласы. Ал стилистика әртүрлі стильдерді, мысалы, әдеби тілдің стильдерін, сөйлеу және көркем әдебиет стильдерін зерттейді, әр алуан тілдік құралдардың экспрессивтік-эмоционалдық қасиеттерін талдайды. Сондай-ақ, стильтүрлерінің бәрінде емес, кейбірінде ғана қолданылатын сөздер де бар. Мысалы, лексиканың белгілі бір тобы өзінің стильдік бояуына байланысты көбінесе сөйлеу стиліне тән болып келеді де, сонда жиірек қолданылады. Ондай сөздер сөйлеу тілі лексикасы деп аталады.

Тілдегі сөздердің көпшілігінен белгілі бір стильдік бояу аңғарылады. Соған байланысты өздерінің қолданылу аясына, ерекшеліктеріне қарай бірнеше лексикалық топқа бөлінеді. Лингвистикалық әдебиеттерде лексикалық топтра саны әртүрлі қаралып жүр. Мысалы, жалпы қолды тұрмыстық лексика, сөйлеу тілі, әскери, кітаби, поэтикалық, диалектілік, реңми іс-қағаздар лексикасы, т.б. Сондай-ақ бұдан өзгерек, яғни әлгі атаптап салаларды топтап, жинақтап беру әдісі де бар. Бұл әдіс бойынша лексика үш салаға бөлінеді: сөйлеу тілі, бейтарап және кітаби лексика.

Бейтарап лексикаға жататын сөздер қай тілде де сан жағынан біраз бар. Мысалы: аспан, жер, су, ауа, жел, өзен, тау. Осы сөздер көркем әдебиет стилінде де; ғылыми, реңми-кеңес, публицистикалық стильтіде де қолданыла беретінін көреміз. Олар өзге стильдерде де жұмсалады. Міне, мұндай сөздерді, яғни стильтүрлерінің қай-қайсысында да қолданылатын тілдік құбылыстарды бейтарап лексика деп атайды.

Кітаби лексикаға саяси әлеуметтік терминдер, әр алуан техникалық атаулар т.б. жатады. Бұлар өздерінің стильтүрлеріндегі қолданылу аясына қарай бір-бірінен өзара ерекшеленеді. Мысалы, ғылыми стильтіде, әртүрлі оқулықтар тілінде терминдер, техникамен байланысты сан сала атаулар көбірек ұшырасады. Мысалы: тотық, қышқыл, оттек (химия), қима, перпендикуляр, жазық (геометрия), толқын, эфир, оптика (физика).

Адамдардың күнделікті қарым-қатынасында, қызмет бабында (бандамада, лекцияда, неше алуан сұрақ-жауапта, жарыс сөзде, басқа да ретте) стильдік бояуы әртүрлі сөздердің қай-қайсысы да жалпы айтылады. Бірақ оның бәрі сөйлеу тілі лексикасына жатпайды. Мысалы, қай тілде де, ғылыми стильтіде, реңми-кеңес стилінде негізінен қолданылмайтын, тіпті көркем

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	<p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттің 29 беті

әдебиет пен публицистикалық стильтердің өздерінде де онша көп кездеспейтін, қайта бұларға қарағанда сөйлеу стилінде жирик айтылатын белгілі бірер тобы болады. Сөйлеу тілі лексикасы міне осындай сөздерді қамтиды. Алайда мына жағдай есте болуы керек. Сөйлеу стиліне тән бұл сөздер басқа стильтерде қолданылады деуге болмайды. Бірақ сөйлеу стиліндегідей дәрежеде емес. Олардың өз алдына сөйлеу тілі лексикасы деп аталуы міне осы жағдайға – қолданылу аясына байланысты. Көбіне-көп сөйлеу стиліне, яғни сөйлеу тілі лексикасына тән ондай сөздерге қарапайым сөздер: табу, эвфемизм, дилектизмдер және кәсіби сөздер жатады.

Сөйлеу тілінде күнделікті тұрмыста қолданылатын қарапайым бейресми сөздер жиі ұшырасады, бейтарап сөздермен қатар диалекті сөздер, кейде тұрпайылау сөздер де кездесіп отырады. Оларды көркем әдебиетте жазушылар кейіпкердің сөйлеу ерекшелігі мен мінезін таныту, ашу үшін т.б. стильтік мақсатта әдейі пайдаланады.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25 мин.

Тапсырма 1. Мәтін бойынша тапсырмаларға жауап жазындар.

1. «Ойын өрелі болса, сөзің төрелі болады» деген халық мақалын пайдалана отырып, сөйлеу тілінің лексикалық ерекшеліктеріне байланысты ауызша мәтін баяндандар.

2. Сөйлеу тілі туралы ауызша баяндандар.

3. Ауызша және жазбаша сөйлеу түрлеріне тоқталындар.

4. Сөйлеу тілі және оның айырым белгілері туралы мәтіннен сұрақтар дайындаңдар.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау: 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 10 мин

5.6. Әдебиет:

Негізгі

1. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).

2. Оразымбетова Ф.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет

3. Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.

4. Джумадиллана Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.

5. Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.

6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (B1 деңгейі) окулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.

7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосынша:

1. Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.

2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019

3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Кіріспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.

4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.

5. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130

6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	<p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 30 беті

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: сұрақтар мен тапсырмалар

- Сөйлеу тілі және оның айырым белгілері.
- Сөйлеу тілінің лексикалық ерекшеліктері.
- Сөйлеу тілінің қолданылатын орны.
- Сөйлеу тілінің мақсаты.
- Сөйлеу тілінің фонетикалық-морфологиялық ерекшеліктері, синтаксистік ерекшеліктері.
- Абай шығармаларынан сөз өнері туралы айтылған сөздерді теріп жазындар. Қай сөз өздеріне әсер етті, сол сөзге қатысты қысқаша ойларынды білдіріндер.

№ 9 қабак

5.1. Тақырып: Кітаби тіл және оның айырым белгілері (фонетикалық, морфологиялық ерекшелігі)

Сағат саны : Зсағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Сөздің айтылу және жазылу нормалары туралы түсіндіру, фонетикалық, морфологиялық, дәстүрлі принциптер туралы мағлұмат беру.

Оқушылардың сауатты жазу, оқу дағдыларын жетілдіру, оқушылардың белсенді ойлау қызметтерін жандандыру.

Оқушыларды ұқыптылыққа, жүйелілікке, өз беттерімен жұмыс жасауға тәрбиелеу.

5.3. Оқу міндеттері: сөйлеу, кітаби стильдер туралы жан-жақты түсінік беру, стильтің түрлерін ажыратта білуге үйрету; түрлі әдістерді пайдалана отырып, оқушылардың есте сақтау қабілетін арттыруға баулу.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

- Кітаби тіл және оның айырым белгілері.
- Кітаби тілдің өзіндік белгілері.
- Кітаби тілдің стильтік тармақтары.

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

Кітаби тіл және оның айырым белгілері (фонетикалық, морфологиялық ерекшелігі)

Кітаби тіл – жазу дәстүрі арқылы бөлігін бір жүйеге түскен орныққан нормалар, стильтік жанрлық тармақтар бар, қоғамдық қызметі әралуан тіл.

Кітаби тіл монолог түрінде болады.

Монологтың мағыналық топтары:

- Сипаттау
- Баяндау
- Пайымдау

Кітаби тілдің стильтік тармақтары:

- Ресми стиль
- Ғылыми стиль
- Көркем стиль
- Публицистикалық стиль

Кітаби тілдің жазбаша және ауызша нормалары болады:

- Орфографиялық норма
- Орфоэпиялық норма

Кітаби тіл. XVI – XVII ғасырлардан бастап XX ғасырдың басына дейін қазақ қоғамының мәдени дүниесінде ауызша төл әдеби тіл өмір сүрді. Ол – бірқатар түркі халықтарына ортаазиялық жазба әдеби тіл – түркінің «жергілікті» (қазақтың), кейінірек XIX ғасырдың соңғы

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттің 31 беті

ширегінде «кітаби тіл» атанған түрі. Мұның қолданылу аясы төл әдеби тілден басқа болды. Ауызша қазақ әдеби тілі көркем әдебиет пен заң-сот (бiller сөздері) ісі, шешендік өнері сияқты салаларға қызмет етсе, түркілік жазба тіл ресми қағаздар мен хат түріндегі (эпистолярлық) жанр, мұсылманша діни әдебиет және ғылым салаларында қолданылады. Қазақтан шыққан тұнғыш тарихшы Қадырғали Қосынұлы Жалайридің «Жами-ат-тауарих» деп аталатын шежіресі XVI ғасырдың сонында (1602 ж. Жазылып біткен) қазақ тілі белгілері айқын көрінген қазақшаның ескі түрі «шағатай» тілінде жазылған. Сондай-ақ қазқатың хан, сұлтан, старшиналарының көбінесе Ресей империясының әкімшілік орындарына және ішінara бір-біріне жазысқан әртүрлі сипаттағы қатынас қағаздары мен хаттары жазба түркіні пайдаланды және өзіне тән стильдік, грамматикалық, орфографиялық белгілері болды. Түркі жазба әдеби тілінде бірнеше ғасыр бойы қалыптасқан ресми-қатынас қағаздары стилі қазақ топырағында туған (жазылған) осы салаға жататын құжаттардың тілінде еркін пайдаланылады. Мысалы, ғизатлу, хурматлу, ғали кә әли уа ғали жәғәли, Сізniң ғали хазретлеріңіз сияқты үлгілер, лексика жағынан шағатайлыш: хайрон олдым (болдым), кіріфтар олынмыш (болған), йазған ердім (едім), ошбу (осы), кібік (сияқты), йуздендірмек (сырт айналу), бәңә асыл олынды (маған тиді) сияқты тұлғалар, халық тіліне енбеген араб-парсы сөздері молынан қолданылады. Әсіреле жазба әдеби тілде грамматикасы мен емлесі жағынан түркілік кітаби дәстүр қебірек орын алды. Мысалы, ғизатлу, хур-матлу, ғали кә әли уа ғали жәғәли, Сізniң ғали хазретлеріңіз сияқты үлгілер, лексика жағынан шағатайлыш хайрон олдым (болдым), кіріфтар олынмыш (болған), йазған ердім (едім), ошбу (осы), кібік (сияқты), йузденді-рмек (сырт айналу), бәңә асыл олынды (маған тиді) сияқты тұлғалар, халық тіліне енбеген араб-парсы сөздері молынан қолданылады. Әсіреле жазба әдеби тілде грамматикасы мен емлесі жағынан түркілік кітаби дәстүр қебірек орын алды. Мысалы, есімшениң – ған жүрнақты тұлғасының орнына –мыш жүрнақты түрі, кәмілдікті білдіру үшін дүр (онайдүр, еф кәміз бардүр) түрін жиі қолдану, етістіктің 3 жағынан көпше түріне –лар қосымшасын айту (иасадылар, айтаптар, кеттіләрт), етістіктің –у жүрнағының орнына –ғу варианттарын қосу (душманлық қылғучы, йургучі), қазақшамен, бірақ, дейін дегендердің орнына бірлән, бәлян, әм, лекин, че жалғаулықтарын жұмсау тән болды. Осы белгілердің барлығы «түркіге» негізделген жазба тілді қазақтың жалпы халықтық сөйлеу тілімен ауызша тараған поэзиясына бойлап, тұтасымен ене алмады, қазақтың ұлттық жазба әдеби тілінің негізі ретінде қалыптаса алмады.

Дегенмен кітаби тіл қазақ даласында, әсіреле өткен ғасырдың соңғы ширегінен бастап едәуір жанданып, етек алды. Бұған мұсылманша діни әдебиеттің және қазақ қауымы мұқтажын өтейтін публицистік мұсылманша оқуға қатысты педагогикалық, ішінara жартылай ғылыми әдебиеттердің пайда бола бастауы үлкен себепкер болды. Проза түріндегі тарихи, дидактикалық, діни және ғылыми әдебиет түркі халықтарында XV ғасырдан бастап-ақ шағатай тілінде дамығаны мәлім. Қазақтың тұнғыш баспасөз көздері – «Түркістан уәлаятіның газеті» мен «Дала уәлаятіның газеті» таза шағатай тілінде басылмағанымен, осы тілге тән көптеген нормаларды қолданды. Жас қазақ публицистикасы тілінде де дәстүрлі жазба тіл элементтері орын алды.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс.

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

I топтың тапсырмасы: Адам өміріндегі кәсіби коммуникацияның рөлі мен маңызы туралы айтып берініздер.

II топтың тапсырмасы: Кәсіби коммуникация стилі туралы айтып берініздер.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>		<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндө		124 беттін 32 беті

Сабакты қорытындылау: 15 мин

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Кесіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
3. Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
4. Джумадиллана Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
5. Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кесіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

1. Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Кіріспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.
4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
5. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау:

1.Кітаби тіл туралы ауызша мәтін айтындар.

2.Кітаби тілдің стильдік тармақтарының біріне мысал келтіре отырып, мәтін жазындар.

№ 10 сабак

5.1. Тақырып: Монолог және оның түрлері. Сипаттау, баяндау, пайымдау. Олардағы кітаби тілдің қолданылу сипаты.

Сағат саны : 2сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты:

Оқушыға монологтың мазмұны жағынан мағыналық түрлерін түсіндіру және ерекшеліктерін айқындау.

5.3. Оқу міндеттері: сөздік қорларын, ой өрісін шындау, шығармашылық қабілетін дамыту кітаби тіл оның стилюдік тармақтары, түрлері, ерекшеліктерімен қолданылатын орындарын меңгерту.

Үйимдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

3.2. Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин

3.3. Жаңа сабакты түсіндіру: 20 мин.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 33 беті

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Монологтың тұрлары: сипаттау, баяндау, пайымдау.
2. Олардың кітаби тілдің қолданылу сипаты.

Монолог және оның тұрлары

Сөйлеу тілінің ерекше бір түрі – монолог. Монолог – сөз өнерінде кейіпкердің ішкі жан-күйін, толғаныс-тебіренісін бейнелеу мақсатында қолданылатын тәсіл.

Монологтың ерекшелігі бір адамның ойы, сөзі көрініс табады. Монолог (грекше – monologos, mono – бір, iogos - сөз) – драмалық шығармадағы, сондай-ақ басқа әдеби шығармадағы кейіпкердің ішкі көңіл-күйін білдіретін толғау сөзі: кейіпкерді сөйлету тәсілі. (Монолог – бір кісінің сөзі.) Сахналық монологта кейіпкер өзімен-өзі сырласқандай болып, тыңдаушы не көрерменнен жауап күтпейді. Абайдың «Болыс болдым, мінекі» өлеңі лирикалық монолог болса, Алтай «Сұлушаш» Қонқай «Ақан сері - Ақтоқты» репликалары эпикалық, драмалық монологтарға мысал бола алады. Монолог сөйлеудің жанрлық сипатына байланысты, қызметтік-коммуникативтік жағдайға қатысты (хабарлау, пайымдау, үгіттеу, т.б.) кейіпкердің төл сөзі, ғылыми баяндама, насиҳаттық сөздер болып бөлінеді. Мәтінде монолог диалог үлгісінде де, диалогпен араласып та келе береді. Соңғы жағдайда диалогтық, монологтық сөз кестелері араласып, әрекеттесіп қолданылады.

Монолог – сөйлеуші өз ойын бір, бірнеше, көп адамдарға арнап айтатын ауызша сөйлеу әрекеті.

Монолог тек қана ауызша сөйлеу ынғайында бола бермей, жазбаша түрде де кездеседі. Екі жағдайда да (ауызша және жазбаша) негізгі ерекшелігі – бір адамның сөйлеуі немесе бір адамның ойы. Монологтың өзіне тән пайымдау, синтаксистік құрылым, лексикалық бірліктерді таңдап жұмсау, біршама жинақы пікір сияқты өзгешеліктері болады. Бұл аталған белгілердің сөйлеу немесе жазу жанrlарына байланысты (көркем монолог, шешендік сөз, тұрмыстағы әңгіме т.б.), функционалды-коммуникативтік қызметіне қарай (сипаттау, баяндау, әңгімелуе, сендеру, пайымдау, т.б.) әртүрлі монологтар көрініс береді. Жанр ішілік айырмашылықтар (автор сөзі, кейіпкерлер тілі, ғылыми баяндама, үгіт-насихат мақсатындағы сөз, т.б.) монологтың стилистикалық ерекшеліктерін танытады. Кейбір ғалымдардың пікірінше, монологтың белсенді болуы (риторикалықұралдардың жиі ұшырасуы, аудиторияға тікелей қарата сөйлеу дәстүрі т.б.) оны «диалогтандыра түседі», яғни адресаттарды (тыңдаушылар мен оқырмандарды) сөйлеуші немесе жазушы өзінің ойына етене араластыра алады. Монологтың бір көрінісі ретінде көркем шығармада, әсіресе, прозалық дүниедегі авторлық баяндау, бір жағынан, әдеби тілді ауызекі сөйлеу тіліне біршама жақыннатса, екінші жағынан, тыңдармандар мен оқырмандарды оқиғаға араластырып жіберетін ұлы сөз зергерлері де бар. Демек, монолог туралы сөз болғанда, тек көркем әдебиеттегі мысалдарды келтіру бір жақты болады. Ғылыми баяндамада да, көшпілік алдында сөйлегенде де, екеу, үшеу ара сөйлескенде де, монологтың шебер құрылуы арқылы тыңдармандарымен диалог құрып кететін шешендер де болады.

Абайдың қара сөздерінде монолог мол ұшырасады. «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір, бірталай өмірімізді өткіздік...» (Бірінші сөз). «Көкірек толған қайғы кісінің өзіне де билетпейді, бойды шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады» (Бесінші сөз). «Қазақтың бір мақалы: «Өнер алды – бірлік, ырыс алды - тірлік», - дейді, бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады - білмейді» (Алтыншы сөз). Жеке өз аузынан айтылған пікір болғанымен, Абайдың әр қара сөзі жалпы халықтың, қалың жүртшылықтың ойын білдіріп, үлкен ғибратты түйін жасайды. Осындаida кейіпкер ойы мен автор ойының бір жерден шығып отыратынын байқау қыын емес. Автор ойы мен кейіпкер ойының тұтастығы Абай өлеңдерінде де ерекше көзге түседі: «Жігіттер, ойын арзан, құлкі қымбат, Екі тұрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат ...» «Ішім өлген, сыртым сау, Көрінгенге деймін-ау, Бүгінгі дос – ертең жау, Мен не қылдым, япирмау?!» Монологтың тек

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттің 34 беті

қана бірінші жақтан немесе үшінші жақтан айтылуы шарт емес, жақ түрлерінің қай-қайсысы де келе беруі әбден мүмкін. Ұлы ақынның өлеңдерінде екінші жақтан айтылатын монологта аз орын алмайды. Абай шығармаларында монолог елеулі стильдік қызмет атқарып, автор ойын оқырманға тиімді жеткізуіндің бір тәсілі ретінде қолданылған.

Сипаттай, баяндау, пайымдау. Олардагы кітаби тілдің қолданылуу сипатты.

Монолог кейіпкердің өзімен өзі сырласқандай, ойланып-толғанғандай болып айтатын сөзі. Басқа біреу ол сөзді еститіндей болса да, жауап қайыру деген болмайды, бірыңғай бір кейіпкердің сөзі ғана беріледі. Монологтың мағыналылығы – сол адамның ішкі-сырын, көңлекүйін, психологиясын терең ашып көрсетуге өте ыңғайлышты. Монологта кейіпкердің түйінді ой-тұжырымдары айтылып, оның тағдырына байланысты маңызды кезеңдегі жай-күйі айқын аңғарылады. Мысалы, Абайдың «Болыс болдым, мінеки» атты өлеңін арнайы айтуға болады. Ал көркем қара сөзден М.О.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясындағы Абайдың монологтары ауыз толтырып айтартықтай.

Монологты сөз өте құрделі ойға құрылып, әртүрлі тәсілмен жеткізіледі. Мұнда кітаби-жазба стильдерге тән ерекшеліктер мен заңдылықтар қatal сақталады. Сондықтан монолог әдеби сөйлеу үлгісіне жатады.

Монологта белгілі бір тақырыпты әңгімелеп айтып беру мақсаты қөзделеді. Саяси, ғылыми және басқа да тақырыптар да әңгімеленеді. Тақырып аясының осындай кеңдігінен, монологты көптеген түрге бөлінеді. Олар: көпшілік алдында, жиналышта, радио мен теледидардан лекция, баяндама, консультация т.б. сөйлеген сөз.

Сонымен бірге радио мен телевизордан сөйлеудің басқа да жаңа формалары қалыптасты: Радиоинтервью, телеинтервью және радиорепортаж, телерепортаж т.б. Бұл формаларда сөйлеу тілінің маңызы айрықша. Мысалы, интервьюді алатын болсақ, оның құрылышы диалогқа ұксас келіп, ал сөйлеу тәсілі әдеби үлгіде болады.

Міне, бұл айтылғандар сөйлеу тілінің жұмысалу аясы күн сайын кеңі түсіп, тұрмысқа әдеби сөйлеу үлгісі де еркін ене бастағандығын дәлелдейді.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25 мин.

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс жасау.

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды. Тапсырмалар бойынша жобаны қорғау кажет.

I топтың тапсырмасы: Монолог, мағыналық түрлері туралы айтыңыз.

II топтың тапсырмасы: Орфографиялық норманың негізгі қағидаттары.

III топтың тапсырмасы: Қатаң дыбыстардың ұяңданып, езуулік дауыстылардың еріндік дауыстыға айналып айтылуына мысалдар келтіріңіз.

IV топтың тапсырмасы: Кітаби тілдің стиЛЬДІК тармақтары туралы айтыңыз.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 15 мин

5.6. Әдебиет:

Негізгі

- Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
- Оразымбетова Ф.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 35 беті

3. Зайсанбаев Т.К. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. К. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
- 4.Джумадиллаға Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
5. Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Қесіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

1. Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Kipre [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.
4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
5. Қазақ тілі: ұш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Ә Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1.Сөйлеу тілі және оның айырым белгілері туралы мәтіннен сұрақ дайындаңдар.
- 2.Абай шығармаларынан сөз өнері туралы айтылған сөздерді теріп жазындар. Қай сөз өздеріне әсер етті, сол сөзге қатысты қысқаша ойларынды білдіріңдер.
3. Тіл құдіреті, тіл мәдениеті жайлы мәтіндерді оқып, пікір алмасу.
4. Монолог және оның мағыналық түрлөрі.
5. Монолог жаттап келіңіз.

№ 11 сабак

5.1. Тақырып: Кітаби тілдің жазбаша және ауызша нормалары. Орфографиялық және орфоэпиялық нормалар.

Сағат саны : Зсағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: кітаби тілмен оның айырым белгілерін менгерту.

Топпен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру, сөздік қорларын дамыту.

Өзара сыйбайластықта бірін – бірі бағалай білуге тәрбиелеу.

5.3. Оқу міндеттері: Қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық зандылықтары туралы әңгімелуе. Әдеби тіл мен жазбаша мәтіннің байланысы туралы мәлімет.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Кітаби тілдің жазбаша ауызша нормалары.
- 2.Орфографиялық нормалар. Орфоэпиялық нормалар. (Морфологиялық қағидат. Фонетикалық қағидат. Тарихи- дәстүрлік қағидат. Айырым қағидаты.

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттін 36 беті

3. Орфоэпиялық нормалар: сөз ұнdestігі, сөз екпіні, интонациялық құрылымдар. Орфоэпиялық нормалардың орнығуының алғы шарттары).

Kітаби тілдің жазбаша және ауызша нормалары

Норма сөзі (латын тілінде norma) заңдастырылған, міндегі деп танылған құрылым, бекітілген өлшем дегенді білдіреді.

Кітаби тілдің жазбаша нормалары:

Орфографиялық норма. Сөздің бірізді тәртіпке сай жазылуы. Буын, тіркес, дыбыс ұнdestігінің сақталып жазылуы. Дыбыстарды қандай әріппен беруді, сөздердің оның бөлшектерін бірге, бөлек немесе дефис арқылы жазуды, бас әріптерді қолдану тәртібін белгілейді.

Фонетикалық қағидат бойынша: Естілуі бойынша жазу дәстүрге айналған сөздер. Мысалы: Амангелді, Ботагөз, т.б. Жалқы есімдердің сынарлары фонетикалық қағидат бойынша жазылады.

Тарихи-дәстүрлік қағидат бойынша: Сөз үйреншікті болып кеткен дағды бойынша жазылады. Көп жағдайда кірме сөздердің жазылу нормалары – мұнда буын ұndestіgіne бағынбай жасалған сөздер. Мысалы: тарих, хикая, кино. Сонымен қатар ежелден келе жатқан тарихи сөздердің өзіндік жазылу ерекшеліктері.

Айырым қағидат: Сөздердің айтылу ерекшелігіне сүйене отырып дұрыс жазу ережесі: Қауіп – қауып деп айтылады, хан- қан, өкімет- үкімет, шай-шәй деп айтылады.

Кітаби тілдің ауызша нормалары:

Орфоэпиялық норма: Сөздердің дұрыс айтылу ережесі.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа болінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

I топтың тапсырмасы: Мәтінді сөйлемнің магыналық түрлеріне талдау.

II топтың тапсырмасы: Мәтін сөйлемдерін сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлеріне аудару.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Берілген мәтінді мүқият оқыңыздар:

Kітаби тілдің жазбаша және ауызша нормалары

Норма сөзі (латын тілінде norma) заңдастырылған, міндегі деп танылған құрылым, бекітілген өлшем дегенді білдіреді.

Кітаби тілдің жазбаша нормалары:

Орфографиялық норма. Сөздің бірізді тәртіпке сай жазылуы. Буын, тіркес, дыбыс ұndestіgіnің сақталып жазылуы. Дыбыстарды қандай әріппен беруді, сөздердің оның бөлшектерін бірге, бөлек немесе дефис арқылы жазуды, бас әріптерді қолдану тәртібін белгілейді.

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 37 беті

Фонетикалық қагидат бойынша:

Естілуі бойынша жазу дәстүрге айналған сөздер.
Мысалы: Амангелді, Ботагөз, т.б.
Жалқы есімдердің сыңарлары фонетикалық қағидат бойынша жазылады.

Тарихи-дәстүрлік қагидат бойынша:

Сөз үйреншікті болып кеткен дағды бойынша жазылады.
Көп жағдайда кірме сөздердің жазылу нормалары – мұнда буын үндестігіне бағынбай жасалған сөздер. Мысалы: тарих, хикая, кино. Сонымен қатар ежелден келе жатқан тарихи сөздердің өзіндік жазылу ерекшеліктері.

Айырым қагидат:

Сөздердің айтылу ерекшелігіне сүйене отырып дұрыс жазу ережесі:
Қауіп – қауып деп айтылады, хан- қан, өкімет- үкімет, шай-шәй деп айтылады.

Кітаби тілдің ауызша нормалары:

Орфоэпиялық норма: Сөздердің дұрыс айтылу ережесі.

Тапсырма 1. Кітаби тілдің жазбаша және ауызша нормалары туралы ауызша әігімелесіндер. Норма сөзі (латын тілінде norma) заңдастырылған, міндетті деп танылған құрылым, бекітілген өлшем дегенді білдіреді.

Кітаби тілдің жазбаша нормалары:

Орфографиялық норма.

Сөздің бірізді тәртіпке сай жазылуы. Буын, тіркес, дыбыс үндестігінің сақталып жазылуы. Дыбыстарды қандай әріппен беруді, сөздердің оның бөлшектерін бірге, бөлек немесе дефис арқылы жазуды, бас әріпперді қолдану тәртібін белгілейді.

Фонетикалық қагидат бойынша:

Естілуі бойынша жазу дәстүрге айналған сөздер.
Мысалы: Амангелді, Ботагөз, т.б.
Жалқы есімдердің сыңарлары фонетикалық қағидат бойынша жазылады.

Тарихи-дәстүрлік қагидат бойынша:

Сөз үйреншікті болып кеткен дағды бойынша жазылады.
Көп жағдайда кірме сөздердің жазылу нормалары – мұнда буын үндестігіне бағынбай жасалған сөздер. Мысалы: тарих, хикая, кино. Сонымен қатар ежелден келе жатқан тарихи сөздердің өзіндік жазылу ерекшеліктері.

Айырым қагидат:

Сөздердің айтылу ерекшелігіне сүйене отырып дұрыс жазу ережесі:
Қауіп – қауып деп айтылады, хан- қан, өкімет- үкімет, шай-шәй деп айтылады.

Кітаби тілдің ауызша нормалары:

Орфоэпиялық норма: Сөздердің дұрыс айтылу ережесі

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 15 мин

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 38 беті

5.6. Әдебиет.

Негізгі

- Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
- Оразымбетова Г.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сактау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
- Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
- Джумадиллана Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
- Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
- Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
- Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

- Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
- Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ү. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Үлттық аударма бюросы, 2019
- Янсон, Т. Тіл тарихы: Кіріспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ү. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Үлттық аударма бюросы, 2019.
- Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
- Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
- Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Үлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: жаттығумен жұмыстар

1 – тапсырма. Орфоэпиялық норма бойынша жазындар: Тұнгі, қосшы, жұмысшы, боз құнан, ақ жүрек, келе қалды, қалааралық, қара үйрек, ақ лақ. Жазылған соң, сөздер мен түбір мен қосымша аралығындағы үндестік түрлерін анықтаңдар.

2 – тапсырма. Берілген сөздерге *-ға, -ғе, қа, қе, -лы, лі, ғы, ғі, ты, ті, -сы, сі, ы, і* қосымшаларын жалғап жазындар. Қосымшалардың жалғану ерекшелігіне назар аударындар.

Абстрактіге, актіге, модельді, металл-металды, фактілер, дауысты.

3 – тапсырма. Күрделі сөздердің түрін ажыратыңыз. Дұрыс жазыңыз. Онсегіз, мұра -жай, көрекөре, мысық құйрық, ауа-райы, төбетөбе, ағайынжұрт, өнер-жай, қара қоңыр.

4. Кітаби тілдің жазбаша нормалары.

5. Кітаби тілдің ауызша нормалары.

№ 12 сабак

5.1. Тақырып: Тілдік жүйе және норма. Тілдік норма -әдеби тілдің ең маңызды элементі.

Сағат саны : 2сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Тілдік жүйе және норма, тілдік норма және дағды туралы түсінік беру, айырмашылығын ұғындыру;

Сын тұрғысынан ойлау шеберлігін, сөйлеу мәдениетін дамыту; оқыту нәтижелері өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыланады;

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттің 39 беті

Тілімізді қадірлеп, құрмет тұтады; топпен жұмыс істеуде оқушылардың сынни тұрғыдан ойлау қабілеттері артады.

5.3. Оқу міндеттері: тілдік норма және жаңа қолданыстар туралы түсінік бере отырып, қазақ тілінің мәртебесін аяқта баспай қашанда биік ұстауга үйрету;

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин

Жаңа сабакты түсіндіру: 20 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Тілдік жүйе және норма.

2. Тілдік норма-әдеби тілдің ең маңызды элементі.

3. Тілдік норманың анықтамасы. Әдеби тілдің «зандастырылған» нормасы.

4. Тілдік норма мен тілдік жүйенің өзара байланысы.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс.

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Эр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

I топтың тапсырмасы: Термин ұғымын ашып беріңіздер.

II топтың тапсырмасы: кәсіби терминология туралы айтып беріңіздер.

Жаңа сабакт түсіндіру: 20 мин.

Tілдік жүйе және норма

Тіл – белгілі бір құрылым, жүйесі және қызметі бар, біртұтас құбылыс. Яғни тілге құрылымдық (структур), жүйелілік (система) және қызмет (функция) деген үш түрлі сипат тән. Бұлардың әрқайсысының өзіне тән, нақтылы мазмұны болады.

Кез келген тілдің жалпы құрылымы мен жүйесі болады. Сонымен бірге оның әрбір деңгейінің мысалы, фонетикалық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік қабаттарының әрқайсысының жеке өз құрылымы, өз жүйесі болады. Құрылым деп, әдетте, бүтін нәрсенің элементтерінің арасындағы қатынастардың тінін, қаңқасын немесе сұлбасын айтады.

Ол бүтіннің бір текстес немесе әр текстес элементтерінің ара қатынасынан және бірлігінен тұрады. Элементтер яғни тілдік бірліктер мыналар: 1) дыбыс (фонема), 2) морфема, 3) сөз, 4) сөз тіркесі, 5) сөйлем және 6) мәтін. Жүйе дегеніміз – өзара байланысты бір текстес элементтердің ретті, заңы бірлігі. Ол заттық негіз құрылым және қызмет деген үш ұғымның ұштасып келуінен, олардың бірлігінен және өзара қатынасынан құралады. Бұлар бір-бірімен тығыз байланысты. Яғни жүйе – рет-ретімен ұйымдаста орналасқан біртұтас құбылыс (бірлік).

Сондай-ақ, жүйе дегенді – өзіне тән айрықша құрылымы бар кіші жүйелердің жиынтығы деп те айтуға болады. Тіл құрылымының жеке қабаттарының жүйелері бір-бірімен қарым-қатынаста, өзара байланыста тұрғып тілдің жалпы жүйесін құрайды.

Тілдік жүйе дегеніміз – таңбалар жүйесі, элементтер қатынастарының жүйесі.

Тілдік жүйе табиғи тілдің ішкі заңына лайық (үлес), сөздік құрам мен грамматикалық құрылыштың тұрақты қарым-қатынасқа тұсқен элементтерінің бірлігі мен тұтастығы. Тіл белгілі бір жүйе ретінде өмір сүреді. Тілдік жүйе сөздердің әртүрлі өөзөріске тұсу мен сөйлемде тіркесу заңдылықтары анықтайты. Тіл сөздер мен сөз тіркестерінің белгілі бір заңдылыққа құралған тұрақты жүйелерінің жиынтығы. Тілдік жүйе тұтас бүтін, ал оның құрамындағы әр бөлік (компонент) бүтіннің бөлшегі. Эр бөлік өз алдына оңашаланбайды, жүйенің өзге бөлігіне қарама-қарсылықта түзіледі. Сондықтан да тілдік жүйенің әр бөлігі

Тілдік норма деп тану үшін оған қойылатын шарттардың бірі – сол тілдің табиғи, құрылымдық өзіндік заңдылықтарына сәйкес, грамматикалық құрылымы, сөз қолданысы, сөзжасамы, мағына құбылтыу.

Tілдік норма – әдеби тілдің ең маңызды элементі.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттін 40 беті

Жалпы алғанда әдеби тілінің нормалары мұндай параметрлерін қабылданған. Бұл әдетте мәтіндерді пайдаланатын тіл критерийлер қалыптастыру нақты тоғысында сөйлеу практикасында қабылданған және әдеби норма болып танылады, сөз тіркестерін, т.б. сөздіктер мен анықтамалар күштейтілді деңгейі. Ол тілдің барлық мағыналарын қамтиды, ауызша, мысалы, жазбаша сөйлеуге де тән және барлық адамдар үшін қажет.

Әдеби тілдің нормасы құрделі және қарама-қайшылықты оқыға. Прогрессивті лингвистикалық әдебиетте кеңінен танылған шаралардың түрлі анықтамалары көрінеді. Бұл пікірді айқындау мәселесі осы өзара пікірдің симптомдары бар екеніне негізделген. Әдеби шаралардың негізгі белгілерін сипаттайық. Әдеби қалыпты шаралардың қажетті белгілері оның тұрақтылығы (немесе тұрақтылығы) болып табылады. жалпы қабылданған бағдарларына тілі, мәдени және тілдік пайдалану сабактастырын қамтамасыз өйткені әдеби тіл, үрпақ біріктіретін қарсылық жалпы қабылданған бағдарларына рахмет. Бірақ бұл симптом шартты деп саналады, өйткені әдеби тіл дамып, жалпыға танылған шаралардың конфигурациясын жасауға мүмкіндік береді. Кейбір ғалымдар әдеби әмбебап танылған шаралардың маңызды ерекшелігі таза сандық сәт — лингвистикалық көріністі пайдалану деңгейі деп санайды. Бірақ сыртқы түрі өз ізімен, тіл анықтау қажет сияқты, жиі қолданылатын тілдік нұсқаларын ең жоғары деңгейі бұл шын мәнінде, әдетте Мұндай параметрлерін қабылданған, сипаттайтын мүмкіндігін және ауызша қателерін бар. Мәселен, диалектілерде ауызекі тілде сөйлеген сөзінде «жіңі соқтығысады, содан кейін норма бар».

Әдеби, жалпыға ортақ деп танылған шаралар символы — танымал жазушылардың жиі шығармалары — асыл көздің қатынасы. Бірақ ізімен өнер жұмысы тек әдеби тілін, сонымен қатар диалектілерінде және халықтық ғана емес, көрсету мүмкіндігі бар екенін іс жүзінде есте, соның салдарынан, әдеби сөздер зерттеу негізделген жалпы қабылданған бағдарларына бөлу, бір жағынан, бөлінуі авторға бар сөйлеу, екінші жағынан, кейіпкерлердің тілі.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25 мин.

Тапсырма 1. Төмендегі үзінділерді пайдалана эссе жазыңыздар

1. Дүниенің ең басты жұмбағы-адам. Адамдар дүниенің бәрін түсіндіргенмен, өздерін өздері әлі де болса түсіндіре алған жоқ. Алпыс адам-бір жақ, ақын өзі бір жақ. Адам алысқа қараймын деп, жақындағысын көрмейді. Дүниеге шын ақын, ұлы ақын келген күні сонымен қабаттасып даңқ та туады. Талант – халық қазынасы. Әңгіменің төркіні - әңгіме. Өнер тұрган құпия. Әртүрлі дарындар түгіл, бір дарынның өзі кейде өзіне-өзі ұқсамайды.

2. Көз адамдардың бәріне бірдей тәрізді Бірақ жай адам басқаша көреді де, жазушы адам мүлде басқаша көреді. Шығармашылықта емес, жай тіршілікте де ұстаздың әсері көрініп тұрады. Махаббат ол-ең алдымен өмір. Ал өмір біз ойлағаннан гөрі күрделі, әлдекайда күрделі құбылыс. Көп көрмеген көп біліп жарытпайды. Өз бағанды көтеру үшін біреудің бағасын түсіріп керегі жоқ

3. Дүние – мұлік, әсіресе байлық – көздің құрты. Ал сол байлықтардың ішінде кітапқа жететін бірдене бар дегенге өз басым сене алмаймын

4. Ұлт болудың бір емес, бірнеше шарты бар. Соның ең басты және ең негізгі шарты – ұлттық тіл. Өзі ұлы ақын өзге ақынды бағаламай тұра алмайды.

5. Ақын атаулының бір жанды жері – тіл болса, Екінші жанды жері- тарих.

6. Ел бостандығы, халық бақыты, ұлттық арман ешқашанда арзанға түскен емес.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 10 мин

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

11. Сәлім, Е. Қ. Қәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).

2. Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 41 беті

3. Зайсанбаев Т.К. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. К. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
- 4.Джумадиллаға Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
5. Абдурова Б.С., Асанова Ү.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Қесіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

1. Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ү. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Үлттық аударма бюросы, 2019
3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Kipre [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ү. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Үлттық аударма бюросы, 2019.
4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
5. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Үлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7.Бақылау: ауызша сұрақ жауаптар

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Тілдік жүйе және норма.
2. Тілдік норма-әдеби тілдің ең маңызды элементі.
3. Тілдік норманың анықтамасы. Әдеби тілдің «зандастырылған» нормасы.
4. Тілдік норма мен тілдік жүйенің өзара байланысы.
5. Тілдегі жаңа қолданыстағы сөздердің туу себептері неде?
6. Омоним мен полисемияның айырмашылығы неде?
7. Құрмет, қаһарман, шындық сөздерінің синонимдік қатарын жасаідар.
8. Қесіби сөз, диалект сөздер дегеніміз не?
9. Тілдің актив лексикасына қандай сөздер жатады?
10. Тілдік жүйе дегеніміз не?
11. Тілдік норма дегеніміз не?
12. Тіл туралы сөйлем ойлап жазыңдар.

№ 13 сабак

5.1.Тақырып: Тілдік норма және дағды. Тілдік жүйе мен тілдік дағдының өзара үйлесімі мен қайшылықтары.

Сағат саны : Зсағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Оқушылардың кез- келген ортада адамдармен тіл таба білу өнерін қалыптастыру, жұрт алдында сөйлеу мәдениетін жетілдіру

5.3. Оқу міндеттері: Тілдік норма және сізді қолдану ережелері туралы оқушылардың түсініктерін қалыптастыру. Жаңа қолданыстардың пайда болуы туралы мәліметтермен жұмыс атқару. Тілдік жүйе және дағды туралы түсінік беру, айырмашылығын ұғындыру. Сын тұрғысынан ойлау шеберлігін сөйлеу мәдениетін дамыту.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 42 беті

Оқушылардың сабакта қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакта дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Тілдік норма және дағды.
2. Тілдік жүйе мен тілдік дағдының өзара үйлесімі мен қайшылықтары.
3. Тілдік жүйе мен тілдік дағдының тілдік нормаға айналуы, қатаң норманың тіл жүйесімен бұлжымас бірлігі. Қатаң норманың қалыптасуы. Фонетикалық, лексикалық қатаң нормалары. Босаң нормалардың қолданылуының себептері. Босаң норма-тілдің түрленуінің көрінісі. Босаң нормалардың тіл мәдениетіне қатысы.

5.5. Білім берудің және оқытуудың әдістері:

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Эр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Tілдік норма және дағды

Тілдік жүйе мен тілдік дағдының өзара үйлесімі мен қайшылықтары. Тілдік жүйе мен тілдік дағдының тілдік нормаға айналуы. Объективті нормаға тән қасиеттер.

Тілдік норма дегеніміз – тілдегі бірізділік, тіл материалдарын нормалау деген сөз, белгілі бір тәртіп, заңдылыққа бағындыру. Тілдік норма тілдің ішкі заңды жүйелері негізінде дамып қалыптасады, олар сұрыпталған, ұтымды орайында, жалпыға бірдей ортақ түрінде жұмысалады. Ол тәртіпті орнататын да, оның інін қандыратын да [әдеби тіл](#). Тілдің дыбыс жүйесі, сөз байлығы, сөз мағыналары, тілдің грамматикалық құрылышы – бәрі қалыптасқан заңды ерекшеліктерге негізделеді. Халық тілінің сан қабат байлығы басы бір жерге қосылмайтын быттыраңқы құбылыс емес. Олардың бәрінде әдеби тілге негіз боларлықтай заңдылықтар бар. [Казақ әдеби тілі](#) халық тілінен өзіне керегін таңдап-талғап, сұрыптап алып, оларды жалпы жұртқа ортақ етіп, халықтың тіл мәдениеті дәрежесі жоғары болу үшін оларды бірізге түсіреді.

Тілдік норма әдеби тілдің нормасы арқылы реттеліп отырады. Әдеби тіл нормасы өзгермейтін, сірескен қатаң қағидаларға құрылған жүйеге ғана емес, динамикалық қасиетке ие дағдыға да сүйенеді. Мәселен, [тілдік жүйе](#) бойынша тізгінде, шылбырла, бұзаула, ботала, т.б. қолданылатын сөздер қатары ара-тұра ауытқуға жол береді. Салыстырыңыз: ат тұсады дегенді ат тұсауды, қой қоздады дегенді қой қозылады деу тілдік жүйеге керегар болмағанымен, бірақ дағдыға айналып, дәстүрге енген құбылыс емес. Кейбір сөздерді қолдануда тілдік жүйе мен [тілдік дағды](#) қайши келіп жатады. Қозыла деп қолдану тілдік жүйенің қысымы, әсер-ықпалы екенін байқау қыын емес. Ат ертте дегендегі ерттедіні ерле деп қолдану да соған ұқсас: «Көкем атты ерледі, ерлеп жүріп терледі» (Манашуұлы Тұяқбай). Тілдік жүйе бойынша ерле болуға тиіс (салыстырыңыз: шідер-ле, жыр-ла, түр-ле («текеметке түр басу», т.б.). Кей жағдайда тілдік жүйе мен тілдік дағды айнымас бірлікті болса, кейде өзара қайшылықта болып күрескес түседі. Тілдік жүйе бойынша ерле болуға тиіс сөздің ертте дегендегі дағды дағдының басым түсінен деп түсіну керек.

Tілдік норма және жаңа қолданыстар

Тілді дұрыс қолдану негізінде тілдік норма жатыр. Тілдік норма – тілдегі бірізділік, тіл материалдарын белгілі бір тәртіп, заңдылыққа бағындыру:

- . сөйлегенде де, жазғанда да сөздерді дұрыс, талғаммен, орнымен қолдану (лексикалық);
- . дұрыс құрастыру (синтаксистік);
- . ережеге сай дұрыс, сауатты жазу (орфографиялық);
- . үндесім мен үйлесімін сақтап, сөздерді дұрыс айту (орфоэпиялық);

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 43 беті

тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру.

Норма сөзі (латын тілінде номинатив) – заңдастырылған, міндетті деп танылған құрылым, бекітілген өлшем дегенді білдіреді. Әдеби тіл нормалары оқулықтарда, тиісті сөздіктерде көрсетіліп отырады. Ал тиісті әдебиетте көрсетілген қағида, ережелерді сактамау – нормадан ауытқу болып табылады.

Сөз мәдениеті тілдің амал-тәсілдерін, сөзді дұрыс қолдануды талап етеді. Сөзді дұрыс қолдану үшін әдеби тілдің нормасын, оның табиғаты мен өзіне тән ерекшеліктерін білу керек. Сөз мәдениеті, ең алдымен, әдеби тілдің лексикалық, грамматикалық, стилистикалық, орфоэпиялық, орфографиялық нормаларын менгеруді және бейнелеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білуді қарастырады. Тіл үнемі даму үстінде болатындықтан, әдеби тілдің нормалардың ішінәра өзгеріп, жетіліп отыратыны заңды.

Лексикалық норма тілдің лексикалық қорындағы ғасырлар бойы қолданылып, екшеліп-қалыптасып, адамдардың қарым-қатынасы, сөз әдебіне негіз болып, қоғамдық-әлеуметтік қолданыс сүзгісінен өткен, жалпыға түсінікті, әдеби норма талабына сай сөздер тобына қатысты қарастырады. Ал дилектизмдер, қарапайым сөздер, жаргондар, т.с.с. әдеби лексикалық сипат таныта алмайды десек те, оларды ауызекі сөйлеу нормасынан тыс қалдыра алмаймыз. Лексикалық норма мәселесін үш салаға бөліп қарастырамыз:

- . жазба әдеби тілдік сөз нормалары;
- . ауызекі сөйлеу тілінің нормасы;
- . қолданыстағы сөздердің нормаларын талдап, тану.

Лексикалық норма негізінде сөз нұсқаларының мағынасын зерделеп, сұрыптап-танаңып, орынды қолдана білу қажет. Бұл бағытта 1) қазақтың төл сөздерінің ішінде жүрнақсыз түбір сөз (ерек, шабар, ұры, аспаз, т.б.) түрінде де, жүрнақты туынды сөз (ерекше, шабарман, ұрлықшы, аспаз, т.б.) күйінде де қолданылып жүрген нұсқалардың да бар екенін; 2) қазақтың төл сөздерінің ішінде бір түбірден әртүрлі жүрнақтар арқылы жасалып, бірдей мағынаны беретін сөз нұсқалары: намысшыл – намысқор – намысқой, кемдік – кемшілік, жаугерлік, бүршік – бүртік, т.б. кездесетінін, бұндай сөздер норма тұрғысынан жарыспалы қолданыс ретінде (бірен-сараны ауызекі сөйлеу тіліне тән) қарастырылатынын; 3) жергілікті қолданыста танымал, біршама норма ретінде қалыптасып қалған сөздің газет-журнал беттерінде жарыса жұмсалып жүрген қатарлары құралатынын: қызылша – қылша, сірінке - шырпы, ар-ұждан – ар-ождан, іждинат – ыждағат, т.б. білген азбал.

Грамматикалық норма аясында морфологиялық, синтаксистік өзгерістерге назар аударылды. Морфологиялық норманы негізге ала отырып, жүрнақтарға қатысты белгілі бір заңдылықтар бар екенін (мәселен, -ши, -гер, -кеш жүрнақтарының -ист, -ант, -ург, -ер, т.б. өзге тілдің қосымшаларын алмастыра алмауы) де ескерген жөн. Синтаксистік норма туралы сөз қозғағанда, сөйлем мүшелерінің орналасу тәртібі (бағының мүшенің басынқы мүшеден бұрын тұруы), құрмалас сөйлемдердің жасалу жлдары, синтаксистік-стильдік амал-тәсілдердің бір жүйеге түсіуі, т.б. әдеби нормаға айналып, орныққан құбылыстарды тілге тиек етеміз. Алайда өз ойын жеткізу мақсатында кей жағдайда (ғылыми, реесми стильден басқа) синтаксистик нормаларды ұстануда еркіндік орын алғатынын да жокқа шығаруға болмайды.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұндаңыз.

Тілдік норма және дағды

Кей сөздерді тілдік жүйе бойынша *tізгінде*, *шылбырла*, *арқанда*, *бұзаула*, *ботала*, деп қолданып жатамыз. Бірақ осындағы сөздерді тілдік жүйеге сай өолданғанымызбен, сөз жұмсауымызда ара -тұра нормадан ауытқу кездесіп те қалады. Оның негізгі себебі ондай қолданыстың дәстүрде бар не жоғын елеп-ескермеуден туып жатады. Мысалы, *ам тұсады* дегенді *ам тұсаулады*, *қой қоздады* дегенді *қой қозылады* деу тілдік жүйеге кереғар

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p> <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттің 44 беті

болмағанмен, бірақ дағдыға айналып, дәстүрге енген қолданыс емес. Кейбір сөздерді қолдануда тілдік жүйе және тілдік дағды қайшы келіп те жатады. Қозыла деп қолдану тілдік жүйенің қысымы, әсер-ықпалы екендігін байқау қын емес. Ат ертте дегенді ерттені -ерле деп қолдану да соған ұқсас: «Көкем атты ерледі, ерлеп жүріп терледі»

(«Манашы ұлы Тұяқбай»)

Абдырап, басын қосып жиылғанша,
Бір жерге уағдасы құйылғанша.
Ат ерлеп, түйме қомдап, жігіт жинап,
Үйлері аруанаға буылғанша

Н.Ахметбеков

2-тапсырма. Мәтінде айтылған пікірдің тілдік норма, халықтық тіл өолданыстағы тілдік жүйе, дағды дегенмен қандай байланысы бар екенине түсінік беріңіз. Мәтінде әдеби тілге қандай түсінік берген? **120 бет (авт Ұәли Н.)**

3-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, жайма-шуақ сөзінің мағынасына тілдік норма түрғысынан түсініктеме беріңіз. Тұрақты тіркестерді табыңыз. Қарамен жазылған сөздердің омоним сөйлем арқылы талдап көрсетіңіз.

Таң сәріде **жайма-шуақ** болмайды. Сөз жатықтығына өойылар талаппен мұлде сыйыспайтын ағат қолданыстардың көзге шыққан сүйелдей болып баттиып тұратыны да, бидай арасында өскен бидайықтай көзге бірден шалына қоймайтындары да болады. Сөз мәдениеті үшін, әсіресе соңғысы қауіпті. Өйткені ондайлар, ет үйрене келе, кейбіреулердің дағдысына сінеді. Тілдік нормадан **қиыс** жатқан қолданыстың бірін байқаған F.Мұсіреповтей сөз зергерлерінің мына ескертүін еске түсіре кету артық емес.

4-тапсырма. Мына тест сұрақтарын шешіп, үндеңстік заңы туралы түсінік беріңіз. Үндеңстік заңының тілдік норма, тілдік дағды, сөз мәдениеті дегенмен қандай байланысы бар деп ойлайсыз? Осы үлгіде үндеңстік заңына тест сұрақтарын құрыңыз.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 15 мин

5.6. Әдебиет.

Негізгі

1. Сәлім, Е. Қ. Қесіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Оразымбетова Ф.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
3. Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
- 4.Джумадиллава Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
5. Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Қесіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

1. Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Kip'spe [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттін 45 беті

4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.

5. Қазақ тілі: ұш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130

6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау: талдау

1. Тілдік жүйе мен тілдік дағдының өзара үйлесімі мен қайшылықтары туралы талқылау.

2. Тілдік жүйе дегеніміз не?

3. Тілдік норма дегеніміз не?

4. Тіл туралы сөйлем ойлап жазындар.

№ 14 сабак

5.1. Тақырып: Тілдік норма және жаңа қолданыстар. Әдеби тіл нормасының өзіндік ерекшеліктері.

Сағат саны : 2сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Тілдік норма және жаңа қолданыстар туралы түсінік берे отырып, қазақ тілінің мәртебесін аяқта баспай қашанда биік ұстауға үйрету.

5.3. Оқу мақсаттараты: тілдік норма және жаңа қолданыстар туралы түсінік бере отырып, қазақ тілінің мәртебесін аяқта баспай қашанда биік ұстауға үйрету;

Оқушылардың бойына әдептілік, инабаттылық, қарапайымдылқ қасиеттерін қалыптастыру.

Үйимдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин

Жаңа сабакты түсіндіру: 20 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Тілдік норма және жаңа қолданыстар.

2. Әдеби тіл нормасының өзіндік ерекшеліктері.

3. Тілде жаңа қолданыстардың туу үрдісі, олардың қоғамда қабылдануы.

4. Жарыспалы сөздерді саралап қолдану шарттарының сөз мәдениеті мен байланысы.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жүптасып жұмыс жасау.

Сырты сұлу адамның, болса ішінің мәні жоқ,

Үқсамай ма жеміске, сырты әдемі, дәмі жоқ... өлең жолдарын талдау.

Жаңа сабакты түсіндіру:

Әдеби тіл нормасының өзіндік ерекшеліктері

Әдеби тіл – жалпыхалықтық тілдің аясында түзілген, екшелеген, нормага түсірілген, сөздік құрамы, емделік бітімі, грамматикалық тұлғалары айқындалған, халықтың сан-салалы мәдени қажеттілігін өтеуге қабілетті тіл. Әдеби тіл – көркем әдебиеттің, ғылымның, білімнің, бұкаратың ақпарат құралдарының, реєми, іскерлік катынастардың тілі, сол тілде сөйлейтін халықтың ұлттық қатынас құралы. Әдеби тілдің шарты – жалпыға бірдей түсініктілік, осы орайда ол ауыз екі сөйлеу тілінің әдеби нормадан тыс элементтеріне, дилематтерге, жаргондарға қарсы қойылады. Әдеби тілдің екі түрі бар: жазба тіл және сөйлеу тілі.

Қалыптасқан түсінік бойынша әдеби тілдің түзілуі жазба мәдениеттің өркендеуіне байланысты. Өйткені жалпыға ортақ тіл нормаларының таңбаланып сақталуы, тұрақталып қалуы негізінен жазу-сызу арқылы жүзеге асады деп саналады. Бұл тұжырыммен келісе отырып, әрбір ұлттың әдеби тілінің даму жолы әр қалай өтетіндігін ескеру қажет.

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттің 46 беті

Әдеби тіл – үнемі түрленіп, толығып отыратын, қолданылу ыңғайына, қоғамдық қажеттілікке сай сараланып отыратын, үздіксіз даму үстіндегі құбылыс. Алайда тіл дамуының басты шарты – оның нормаларының тұрақтылығы. Халықтың нешеме сан ұрпағы жүздеген жылдар беделінде жасаған ұлттық мәдениеттің айнасы ретіндегі әдеби тіл – баға жетпес құндылық.

Әдеби тіл мен әдебиет тілі (көркем әдебиет тілі) жиі шатастырылады. Бұл екеуі екі басқа ұғым екенін есте ұстау керек.

Сөйлеу де, жазу да сөз қолдану заңдылығына сүйенеді. Жалпы халықтық тілді жұмысаудың дәстүрлі үлгісі болады.

Сөйлей білмес жаманың,

Сөзі өтпес бір пышақ;

Сөз білетін адамның

Әр сөзіне бір тұзак.

Осы мақалдың қай кезде, қай ғасырда қалыптасып нақыл сөзге айналғанын білу қыын. Бірақ оның мазмұнын біркелкі түсінеміз. Өйткені мақалда сөз қолдану туралы айтылады. Сонымен тіл нормасы деп адамдардың бір-бірімен қатынас жасау нәтижесінде қалыптасып бекіген, жалпы халықта тегіс танылған тілдік құбылыстарды айтамыз.

Тіл нормасы – тарихи құбылыс. Ол сөйлеу және жазу арқылы қалыптасып, адамдардың санасында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа ұласып, дамып, жетіліп отырады. Соған орай, әр кезде тіл қолдану заңдылықтарын білдіретін ұғымдар да өзгеше болады. Мысалы, белгілі бір тарихи кезең үшін «дәстүр» деп қолдану орынды болса, қазір «тіл нормасы», «әдеби норма», «әдеби тіл» терминдері қалыптасты.

Әдеби тіл ұғымын дұрыс түсіну үшін, алдымен «әдеби» сөзінің терминіне түсінік бере кеткен жөн. Әдебиет сөзінің қазақ тіліне арабшадан ауысқаны белгілі. Орыс тілінде әдебиет (литература) латынша (littera) жазу деген сөзден алынған. Ал әдеби тіл (литературный язык), әдеби норма (литературная норма) деп жоғары тіл нормасы мағынасында қолдану орыс тілінің ықпалы екенін анғару қыын емес.

Әдебиет ұғымына әлеуметтік мәні бар жазу үлгілерінің бәрі енеді, мысалы, саяси әдебиет, ғылыми әдебиет, медициналық әдебиет және көркем әдебиет (поэзия, проза, драма т.б.). Ал бұлардың барлығы да жалпы халықтық тілдің жазбаша түріне жатады да әдеби тілде (жазба тілге қойылатын талапқа сай) жазылады. Сонымен бірге, сөйлеудің ауызша және жазбаша формалары бір-бірімен ара қатынаста болады.

«Ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет тарихи даму үстінде бір-бірімен қарым-қатынаста болып, фольклор жазба әдебиеттің қалыптасуына ықпал жасайды. Оны әсіресе, Орта Азия халықтарының әдебиетінен байқауға болады. Қырғыз, қазақ жазба әдебиетінің дамып, қалыптасуына фольклорлық шығарманың реалистік тенденциясы әсер етті.»

Әдеби тілдің нормасы жазба тіл арқалы қалыптасып, шындалып отырады. Ал оның өндөліп жетілуі және халық арасында тарап, жалпыға танылуы ұлттық әдебиеттің дамуымен байланысты болды. Қазақта тұнғыш жазба әдеби тіл үлгісін жасағандар – Абай мен Ыбырай. Олар жалпы халықтық тіл қорының тек түсінікті формаларын ғана шығармаларында қолданған. Фольклорлық бай мұраны шебер пайдалана білген. Сөйтіп, Абай мен Ыбырай шығармалары жалпы халықтық тіл қорының бай қазынасының ең тамаша қасиеттерін бойына сінірген. Соңдықтан да, ол шығармалар көркем сөздің ерекше үлгісі ретінде мәңгі жасамақ.

Ескерте кететін бір жай, әдеби тіл мен көркем шығарма тілі екеуі бір ұғымды білдірмейді. Әдеби тіл, ол тек көркем шығарманың ғана тілі емес, жалпы жазба тіл түрлерінің бәрін түгел қамтиды. Солай бола тұrsa да көркем шығарма көркем шығарма тілінен оның шенбері тар. Өйткені, әдеби тіл – сөйлеуде және жазуда пайдаланылып нормаланған тілдік белгілер. Ал нормаланған тілдің «қалыптылығы» басым болады. Көркем шығармада олай емес, онда стильдік мақсатта жалпы халықтық тілдегі қарапайым, тұрпайы және жергілікті ерекшелік сипатындағы сөздердің бәрі де қолданылады. Соңдықтан әдеби тілден оның аясы кен. Сонымен

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 47 беті

бірге тілдің басқа формаларына қарағанда, көркем шығарма тілі көрнекті орын алады. Көркем шығарма тілінің даму тарихы бірден қалыптаса қоятын құбылыс емес, көркем шығарма тілінің маңызды рөлі, әсіресе осы жаңа дәүірдегі әдеби тілімізден айқын сезіледі.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25 мин.

Тапсырма 1. Мәтіндегі басқа тілден енген сөздерді атап, оларды орфографиялық нормаға сай жазу, қарамен жазылған сөздерді қатыстырып шағын мәтін құрастыру.

Тапсырма 2. Берілген көнерген сөздердің мағыналарын анықтап, бір бағанға архаизмдерді, екінші бағанға историзмдерді бөліп жазу.

Біз өзіміз өмір сүріп отырған қоғамдағы тілдер жөнінде ой қозғай қалсақ, ең алдымен қоғамдағы тілдің мәні мен маңызы, оның адам өміріндегі орны, шығу тегі мен қалыптасуы, дамуы жөнінде не айтар едік? «Мен тіл -қоғам» тақырыбында өз пікірімізді ортаға салыңыздар Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 10 мин

5.6. Әдебиет.

Негізгі

- Сәлім, Е. Қ. Қесіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
- Оразымбетова Ф.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
- Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
- Джумадиллана Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
- Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
- Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
- Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Қесіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

- Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
- Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
- Янсон, Т. Тіл тарихы: Кіріспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.
- Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
- Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
- Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау: ауызша сұрақ жауап.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- Әдеби тіл дегеніміз не?
- Тіл нормасы дегеніміз не?
- Әдеби тіл нормасы дегеніміз не?

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттің 48 беті

4. Тілдегі жаңа қолданыстағы сөздердің туу себептері.
 5. Әдеби тіл нормасының өзіндік ерекшеліктері мәтінін талқылаңыздар

№ 15 сабак

5.1. Тақырып: Сөз сапасы дұрыстығы, дәлдігі туралы түсінік.

Сабат саны : 2сабат 90 мин.

5.2. Мақсаты: : тілдік норма және жаңа қолданыстар туралы түсінік бере отырып, қазақ тілінің мәртебесін аяқта баспай қашанда биік ұстауға үйрету;

Оқушылардың бойына әдептілік, инабаттылық, қарапайымдылқ қасиеттерін қалыптастыру.

5.3. Оқу міндеттері: Студенттердің тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин

Жаңа сабакты түсіндіру: 20 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Сөз сапасы туралы түсінік.

2. Сөз сапасының тілдік шарттары.

3. Сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы тілдік қарым-қатынасқа әсер ететін әлеуметтік факторлар.

4. Сөз сапасына әсер ететін тілдік шарттар. Әдеби тіл нормасын сақтау, сөздерді талғап, саралап, «таза» қолдану. Сөз сапасына кері әсер ететін қолданыстар.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс.

Шағын топпен жұмыс— студенттердің топта (командада) жұмыс дағдыларын дамытуға және көптүсті шешімдерді қабылдап, қарапайым жауапты алуға ықпалын беретін оқыту әдісі.

I топтың тапсырмасы: « « Даналық сөздер » » тақырыбына эпитет пен метафораларды пайдалана отырып, шығарма жазу.

II топтың тапсырмасы: « « Халық даналығы – ұлттың өміртанымы» » тақырыбы бойынша көшпілік алдына сөйлеуге дайындалу. Дайындық барысында істеген жұмыстарының реті мен пайдаланған материалдарын туралы жазбаша есеп беру.

Жаңа сабакты түсіндіру: 20мин.

Сөз сапасы дұрыстығы және дәлдігі туралы түсінік

Тіл ғасырлар бойы, замандар бойы жасалып қалыптасады. Халықтың әр кезеңдегі тарихының, шаруашылық, тұрмысының көрінісі. Ұлттың дәстүр, салт, әдет-ғұрып, тарих, шаруашылық-тұрмыстық өзгерістер, ерекшеліктер, таным, сенім тілде сақталады. Тіл — сонысымен қадірлі. Онда біздің ата-бабаларымыздың ойы, пікірі, жаңы мен қаны бар. Тарих тілдің сол тілде сөйлеуші ұлт ерекшелігіне қарай жүйесін қалыптастырады. Тілдік жүйені дыбыстың айтылуы, өзара үндесуі, сөз мағынасы, оның өзгеруі, мағына өзгеруінің әдістәсілдері мен жолдары, қосымша, сөздердің тіркесуі, сөйлем мүшелерінің орналасу тәртібі т.б. күрайды.

Адам ойы тіл арқылы айқындалады. Сөздің өзі — адам санасындағы ұғым, түсініктің көрінісі. Сондықтан да сөз бен ұғымның арасында алшақтық, қарама-қарсылық болмауы керек. Сөз дәлдігін сол сөздің ұғымына сай келетін мағынаны дәл тауып беруімен анықталады. Сөз дәлдігін айттар, жазар ойға ұштастыруда төмендегі ерекшеліктер, ескерілуі керек.

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 49 беті

Әр сөздің жеке тұрғандағы мағынасымен бірге басқа сөздермен тіркессенде өзгерер ерекшеліктерін, қызыметін, стильдік сипатын, қолданылу аясын да ескеру.

Қазақ тілінің заңдылықтары мен ерекшеліктерін жетік белу.

Орфоэпиялық норманы менгеру: әрбір дыбысты, сөзді, тіркесті дұрыс айту, екпінді нық қою, сөздер арасындағы кідіріс, ырғакты дәл беру.

Сөз дұрыстығы (Сөз дұрыстығы ұғымы. Сөздің, грамматикалық тұлғалардың, сөйлемнің орынды жұмсалуы. Сөздің рөлі. Ұғымды, заттарды, құбылыстарды бейнелеп айту тәсілдері); Сөз дұрыстығы - сөздің, грамматикалық тұлғалардың, сөз тіркестері мен сөйлемді тілдегі мағынасына сай қолдану, шындықты дәл бейнелейтінде етіп жұмсау, орынды пайдалану. Қазақ тілінде *самай* сөзінің *самай шаш*, *самайын қырау шалған* деген мағынада беріліп, адамға байланысты қолданылатыны белгілі. Дегенмен газет-журналдарды оқып отырып мынадай сөйлемдерді ұшыратамыз: "Баса киген тұлқі тымағының екі самайына қалың қырау қатқан Өзен қария шанадан түскені болмаса, қозғалмай тұр". Сөзді орнымен пайдаланбаудың бірден бір себебі тіл білмегендіктен емес, мұқиятсыздықтан. Тілдік дағдыға, нормаға байланысты *самай*, *желке* дегендер - адамға қарата айтылатын сөздер. Әрине, тымақтың самайы, желкес болмайды. Адамға қатысты нәрсе айтқанда қолданылатын мұндай сөздерді киімге тану дұрыс емес.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 20 мин.

Сабакты қорытындылау: 10 мин

5.6. Әдебиет.

Негізгі

- Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
- Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
- Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
- Джумадиллаева Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
- Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
- Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
- Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

- Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
- Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
- Янсон, Т. Тіл тарихы: Кіріспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.
- Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
- Қазақ тілі: ұш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
- Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттің 50 беті

5.7. Бақылау: бағыт беру.

1. «Тіл мәдениеті- тулға мәдениеті» тақырыбында деңгелек үстел ұйымдастырындар.
2. Сөз дұрыстығы дегеніміз не?
3. Қазіргі жастар арасында сөйлеу барысындағы сөз сапасының дұрыстығы мен бұрыстығын әңгімелеп беріндер.

№ 16 сабак

5.1. Тақырып: Тілдік норма және стиль.

Сағат саны : Зсағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: тілдік норма және жаңа қолданыстар туралы түсінік бере отырып, қазақ тілінің мәртебесін аяқта баспай қашанды биік ұстауға үйрету;

Оқушылардың бойына әдептілік, инабаттылық, қарапайымдылық қасиеттерін қалыптастыру.

5.3. Оқу міндеттері: тілдік норма және жаңа қолданыстар туралы түсінік бере отырып, қазақ тілінің мәртебесін аяқта баспай қашанды биік ұстауға үйрету;

Оқушылардың бойына әдептілік, инабаттылық, қарапайымдылық қасиеттерін қалыптастыру

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Тілдік норма және стиль.

2. Вариант сөздердің тіл нормасымен қатысы. Жарыспалы қолданыстардың стильтік реңктері.

3. Терминдер мен терминдік ыңғайдағы сөздердің экспрессиялық баламалары, олардың тілдегі рөлі.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері:

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Эр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

I топтың тапсырмасы: ғылыми-зерттеушілік, жобалық туралы мәлімдеме жасау.

II топтың тапсырмасы: ұйымдастыру-басқарушылық кәсіби құзыреттілігі жолдарын көрсету.

Мәтінді оқып шығыныздар:

Тілдік норма және стиль

Стиль ұғымы да сөйлеу және оның формаларымен байланысты қаралады. Стильдердің негізгі арқауы - сөйлеудің ауызша және жазбаша формалары.

Қоғамдық өмірде қатынастың көптеген түрінің болуына байланысты онда тіл біркелкі пайдаланылмайды. Өйткені адамдардың қатынасы әр түрлі жағдайда жасалады. Эр түрлі жағдайдада, әр түрлі сөйленіп, әр түрлі жазылады. Мысалы: «Тыңдаңыздар, Алматыдан сөйлем тұрмыз!» бен «Әй, тыңдасанғарыш!» дегенді салыстырсақ; біріншіден, әдеттегі, күнде радиодан естіп жүрген ресми хабар түрі де, екіншіден – үйреншікті сөйлеу тілі бар. Формасы жағынан екеуі де – ауызша, бірақ айтылып жеткізілуі әр басқа.

Қай халықтың болса да қоғамдық өсу-өркендеу жолында көтеріле алған билігі мәңгілік болып ана тілінде сақталып отырады. Қай халықтың болса да ақыл-ой терендігі, сана-сезімі, сергектігі көп салалармен тармақтана-молыға келіп, тағы да сол ана тілдің алтын қорына қосыла береді, ажарлана береді. Қай халықтың болса да басынан өткен дәүірлері, қылышы кезеңдері ана тілінде із қалдыrmай өте алмайды. Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяқта басады.

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттің 51 беті

(F. Мұсірепов.)

*Ана тілің – арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Оз тіліңді құрметте!*

(К. Мырзалиев)

Мысалдың екеуінде де ана тілі туралы сөз болған. Екі мысал да сөйлеудің жазбаша түріне жатады. Ал жазылу тәсілі жағынан біріншінің публицистикалық стиль, екіншінің көркем сөз стилі екенін аңғару қыын емес.

Немесе, мынадай фактіні алайық; ғылыми стильде оқулық жазылады және лекция оқылады. Мұнда оқулық – жазбаша, лекция – ауызша яғни сөйлеудің әр түрлі формасы бір стильде келген. Сөйтіп, сөз формасы мен стиль ұғымдары бір емес.

Форма – ол тіл құралдарының көмегімен болатын сөйлеудің сыртқы қөрінісі;

Стиль – ол белгілі бір қатынастың түрінде тілдік бірліктерді сұрыптау пайдалану арқылы, ойды жеткізу мәнерінің қөрінісі.

Форма – тұрақты ұғым. Мәселен, тілдің ауызша түрі адам қай кезден бастап сөйлесе, содан бері бірге жасап келеді; және бұдан былай да жасай бермек. Стиль болса, - ол тарихи категория. Сондықтан тарихи бір кезеңде кейбір стильдердің болмауы занды құбылыс деп саналады.

Стильдер қалай қалыптасады? Стильдер жасалатын қатынастың ерекшелігіне қарай тілдік единицалардың сұрыпталып қолданылу нәтежесінде дамып жетіледі. Демек, сөйлену жағдайына байланысты, әр алуан стиЛЬДІК бояуы бар тілдік құралдар пайда болады.

«Тілдегі стиЛЬдердің дамып жетілуі белгілі бір жаңырдың пайда болуымен байланысты. Сондықтан әдеби тілдің стиЛЬдерін тапсыруда ең алдымен жаңырлық принципі негізге алу қажет».

Ал жанрлардың пайда болуы, жазба әдеби тілдің даму қалпын қорсетеді. Жазба тілдің жетіле тусуі ғылым мен техника, әдебиет пен өнер салаларының дамуына байланысты. Ғылым және мәдениет салаларының дамуы жаңа жанрлардың пайда болуына ықпал жасайды. Ол жанрға сай тілімізде жаңа стиль қалыптасады.

Кейінгі жылдары қазақ тілінің тек грамматикалық құрылышы жетіліп, лексикасы молығып қана қоймай, сонымен бірге, қазақ әдеби тілінің стиЛЬдер жүйесі, функционалды стиЛЬдері де дамиды.

Стиль – тілдің бәріне тән құбылыс. Стильдерді таптастыру проблемасы да тіл білімінде әлі тиянақты шешілмеген даулы мәселенің бірі. Стильдерді таптастырудың дәстүрлі, қалыптасқан, бұрыннан белгілі принципі жоқ. Тіл стиЛЬдері туралы қазір де әр түрлі көзқарастар бар. Адам тілді қатынас құралы ретінде өздерінің барлық жұмыс салаларында қолданған.

Сөйтіп, стиль дегеніміз – өмірдің белгілі бір саласында қолданылып, тарихи қалыптасқан тілдік құралдардың жүйесі.

Басқа тілдер сияқты қазақ тілінің де әр түрлі стиЛЬдері бар. Олар: сөйлеу стилі және кітаби-жазба стиЛЬдер.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин

Сабакты қорытындылау: 15 мин

5.6. Әдебиет.

Негізгі

- Сәлім, Е. Қ. Көсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	<p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 52 беті

2. Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР деңсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
3. Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
4. Джумадиллағанда Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
5. Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Қесіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

1. Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Кіріспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.
4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
5. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау: сұрақ жауап

Тапсырма 1. Мәтіндегі басқа тілден енген сөздерді атап, оларды орфографиялық нормаға сай жазу, қарамен жазылған сөздерді қатыстырып шағын мәтін құрастыру.

Тапсырма 2 . Арасынан буынды сөздерге фонологиялық талдау жасау.

Тапсырма 3. Қонерген сөздердің мағыналарын анықтап, бір бағанға архаизмдерді, екінші бағанға историзмдерді бөліп жазу.

4.Мәтінді оқып, стиль деген ұғымға түсінік беріндер.

5. Өздерін оқыған көркем шығармалардағы тілдік норма және стильтеге мысал келтіріндер

№ 17 сабак

5.1. Тақырып: Сөздің, грамматикалық тұлғалардың, сөйлемнің орынды жұмсалуы.

Сағат саны : Зсағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: : тілдік норма және жаңа қолданыстар туралы түсінік береді, қазақ тілінің мәртебесін аяқта баспай қашанда биік ұстауға үйрету;

Оқушылардың бойына әдептілік, инабаттылық, қарапайымдылқ қасиеттерін қалыптастыру.

5.3. Оқу міндеттері: Мәтінмен жұмыс істеу барысында мәтіннің мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге дағылдандыру, грамматикалық сауаттылықта баулу.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 53 беті

- Сөздің, грамматикалық тұлғалардың, сөйлемнің орынды жұмсалуы.
 - Сөз дұрыстығы, ұғымы. Сөздің рөлі. Ұғымды, заттарды, құбылыстарды бейнелеп айтуда тәсілдері.
- 5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері:** шағын топпен жұмыс
- Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойфа шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Студенттер өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.
- Тапсырма: Өнер шеберлеріне презентация әзірлеу.
- Би өнерінің шеберлеріне презентация әзірленіз.
 - Сөз өнерінің шебері деп деп кімді айтасыз?

Жаңа сабакты түсіндіру:

Сөздің, грамматикалық тұлғалардың, сөйлемнің орынды жұмсалуы.

Тіл мәдениетіне қажетті аса маңызды сапалардың бірі – тіл тазалығы. Өзге тілден еніп, заңды түрде орнықкан осы тәрізді сөздерден кейбіреудің дағдысына енген мүкістіктер (остановкаға барамын, субботада келді, звонит ет, т.б.) мүлде басқа.

Кейбір ұғымдар көшірме (калька) тәсілімен аударылып та алынады. Орыс тіліндегі земледелие сөзі, зерттеушілердің көрсетуінше, латын тілінен алған көшірме (қазақша егіншілік), ал принять меры француз сөзінің көшірмесі (қазақша шара қолдану), т.б. Тілімізде көшірме сөздің небір түрлері бар: қанатты сөз (крылатые слова), қарулы құштер (вооруженные силы), жартылай қорғауышы (полузашитник), т.б.

Тіл мәдениетін сөз еткен макалаларда аналық қой (дұрысы – саулық, саулық қой), елу бас қой (елу қой), мал өсірушілер (дұрысы — малшылар) тәрізді көзсіз көшірмелер тіл шүбарлау екендігі орынды көрсетіліп, дұрыс сыналып та жүр.

Тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болса да өз ортамыздан әлі күнге дейін түрпайы сөйлейтін жастандарды кездестіріп қаламыз. Тіліміздің лексикалық, фонетикалық, грамматикалық нормалары мен заңдылықтарын ескермейді, қазақ тілінен алған теориялық білімдерін пайдалана алмайды, сөйлегенде тыңдаушы өзінің ойын ұғып, сезіп тұрма, жоқ па, онымен санаспайды. Басқа тілдің сөзін араластырып, өз тілінің құтын қашырып сөйлеу мәдениетсіздік екенін анғармайды. Белгілі жазушы Т.Ахтанов өз шығармаларында кейбіреулердің әңгімелесу кезінде бөгде сөздерді нормадан тыс араластырып сөйлейтін ерсіліктерін өткір сынаған.

Кейбір сөздерге тиісті қосымшалардың нормага айналған түрлерін жалғамай, басқа түрлерін орынсыз жалғау да тіл тазалығына кесірін тигізеді. Мысалы:

- Жазда бұл жерде ыссы болады (ыссы есем - ыстық).
- Шешесі ауызғы бөлмеге шықты да, төсектегі жатқан жиенінің жанына келді. (ауызғы емес – ауыз бөлмеге, төсектегі емес – төсекте).
- Рабиға баласының бетін сүйді (бетін емес - бетінен).
- Абай жасында молдаға оқыды (молдаға емес - молдадан).

Сонымен қатар, сөздерді дұрыс байланыстырмай, орынсыз тіркес құрау, сөйтіп, сөйлем құрылсы мен мағынасын бұзатын кемшіліктерге көркем әдебиеттегі, газет-журналдағы әңгімелерден көптеген мысалдар келтіруге болады.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 15 мин

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

- Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
- Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сактау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 54 беті

3. Зайсанбаев Т.К. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. К. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
- 4.Джумадиллаға Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
5. Абдурова Б.С., Асанова Ү.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Қесіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

1. Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ү. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Kiprіспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ү. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.
4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
5. Қазақ тілі: ұш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 10 мин.

5.7. Бақылау. сұрақ жауап, мәтінмен жұмыс.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Сөздің грамматикалық түлғалардың, сөйлемнің орынды жұмсалуына өздерін сүйіп оқыған әдебиеттерден мысал келтіріндер.
2. Ж. Айтмауытовтың «Сөз – ойдың айнасы. Ойсыз сөз – сөз болмайды. Ой жетілу мен тіл жетілуі қатар жүреді» және М.Жұмабаевтың Жан көріністерінің ең қымбаты –ой, ой тілі – сөз» деген пікірлерін басшылыққа алып,ессе жазыңыз.

№ 18 сабак

5.1. Тақырып: Сөз байлығы. Сөз байлығы ұғымына енетін лексика фразеологиялық, морфологиялық, синтаксистік жүйелер. №1 Аралық бақылау

Сағат саны : 2сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: : тілдік норма және жаңа қолданыстар туралы түсінік бере отырып, қазақ тілінің мәртебесін аяққа баспай қашанда биік ұстауға үйрету;

Оқушылардың бойына әдептілік, инабаттылық, қарапайымдылқ қасиеттерін қалыптастыру.

5.3. Оқу мақсаттары: Мәтінмен жұмыс істеу барысында мәтіннің мазмұнын өз сөзімен жеткізе білуге дағылдандыру, грамматикалық сауаттылыққа баулу.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин

Жаңа сабакты түсіндіру: 20 мин.

5.4. Такырыптың негізгі мәселелері:

1. Сөз байлығы деген ұғымның мағынасы.
2. Сөздің лексикалық мағыналары.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 55 беті

3. Сөз байлығы ұғымына енетін лексика фразеологиялық, морфологиялық, синтаксистік жүйелері

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: жұптық жұмыс.

Жұптық жұмысқа қатысушылардың мақсаты да, қабылдаған шешімі де бірге. Жұптардың жұмыс жасау – мәселе қойылған сөйлеу жағдаяттың тапсырма бойынша жұп болып шешім қабылдау әрекетіне құрылған.

Бейінди пәндермен кәсіби-багдарланған қазақ тілінің байланысын айтып беріңіздер.

Сөз байлығы. Сөз байлығы ұғымына енетін лексика фразеологиялық, морфологиялық, синтаксистік жүйелер

Ғасырлар бойы дамып жетілген, қолдану аясы кең, бай тілдердің бірі – қазақ тілі. Өйткені қазақ тілінің құрамындағы сөздердің саны ұланғайып көп. Әсіресе халықтың байырғы (адам, әке, ана, аға, туыс, бауыр, жолдас, ақыл, мінез, жер, су, орман, үй, еңбек, шаруа, жігіт, батыр) сөздері өте мол. Сонымен катар байырғы сөздерден қосымша арқылы жасалған (ағартушы, жазу-шы, адам-гершілік, кісі-лік, мейірім-ділік, оқу-лық, аялда-ма, өнер-паз, шабан-доз, тіл-ші) сөздер немесе сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы жасалғандардың (үлкендікішілі, онды-солды, ағалы-інілі, жұмысшы-шаруа, ақ көніл, ақ иық, ақ пейіл, қарға адым, жылан бауыр, жеті қараңғы, күйтабақ, кәсіподақ, баспасөз, еңбеккүн, кемпірқосақ, өнеркәсіп) есебі жоқ. Осылардың барлығына негізгі қор, тірек болатын – халықтың байырғы сөздері. Сондықтан байырғы сөздерді сөздік қор деп атайды. Сөздік қор тілімізде жаңа сөздер жасауға негіз болады. Қазақ тілінің құрамында басқа тілден енген сөздер де мол. Орыс тілінен: машина, трактор, институт, технишкүм, фабрика, парта, актер, т.б., ал араб-парсы тілдерінен: мектеп, қалам, дәптер, ұстаз, мұғалім, бала, медресе, әдебиет, кітап, т.б. сөздер халықтың өз сөзіндегі болып кеткен. Басқа тілден енген сөздер болғашыңмен, бұлар байырғы сөздермен бірге қазақ тілінің сөздік құрамына енеді. Қазақша сөйлеуге және жазуға қатысатын барлық сөздердің жалпы жиынтығы қазақ тілінің сөздік құрамы немесе лексикасы деп аталады.

Сөз байлығы әр адамның лексикасындағы сөздердің мөлшерімен, көлемімен байланысты дегенімізben де, ең негізгі – ой байлығы. Сондай-ақ, тілдегі барсөздерді бір-бірімен жалғастырып, қилюастырып, әсем де әсерлі жеткізу айтушы мен ссөйлеушінің ой көкжиегінен де елес береді. Бір сөзге бірнеше мағына сыйғызып, әр сөзді мән-мазмұн, стиль бояуымен жеткізу ойлау қабілетімен, шығармашылық сипатпен ұштасады. Сөз байлығын терең білудің ендігі бір жолы – халық тілінің дәстүрі мен әдеп ерекшеліктерін менгеру. Қазақ тілі көркем әрі әсем тіл дейміз. Осындай әсемдік пен көркемдік тілді бүгінгі дейінгі жеткізушілердің ой қабілетінің тереңдігі мен қиялышың шексіздігін дәлелдесе керке.

Тілдегі лексикалық қабаттың үнемі дамып, толығып, өсіп, өзгеріп отыратындығын білеміз. Бұл бірнеше тәсілдермен жүзеге асады.

- Сөз тудырушы қосымшалар арқылы;
- Сөз мағынасының ауысуы ақылы;
- Жаңа сөздер кіру арқылы;
- Басқа тілден сөздер ену арқылы.

Аталған тәсілдер тілді байытатын ең неегізгі әрі бастылары болып саналады. Бұдан басқа тілде сөздің өзгеруі, жаңа мағынаға ие болуы, тұрақты сөз тіркестерімен, сондай-ақ бір сөздің қоғамдық өзгерістерге қарай жаңаруы тәсілдерін атауға болады.

Сөз байлығы – оралымды тілге қойылар талаптың бірі. Айтушының сөзі тыңдарман қауымға тартымды болуы үшін сөз байлығы жақсы, сөздік қоры мол болуы тиіс. Адамдар сөйлегенде бос қайталауларға бой алдырып, сөз жұтандығын танытады, тілдің коммуникациялық сапасын құрт төмендегетіп жібереді. Әрбір айтылған сөздің салмақты болғаны жөн. Құр бос ауаға айтылған сөздің ешқандай кадірі жоқ. Ол айтушының сөз байлығының төмендігін көрсетеді. Әдемі сөйлеуді, дұрыс сөйлеуді тіл мәдениетін үйрену арқылы жетілдіруге болады. Сөздік қорын молайту үшін кітапты көбіркे оқу керек, аса көрнекті қаламгерлерден, тіл нақышы келісті сөз зергерлерінен үйрену керек.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттің 56 беті

Әрбір тіл сөзге бай. Сөздердің санын математикалық түрғыдан санап, санын дәл айту мүмкін емес. Тіл байлығын олардың құрамында сөз саны емес, олардың қолданысы анықтайды.

Сөз туралы түсінікті жақсы аңғару үшін оның мағыналарын түсіну шарт. Қазақ тілі байлығына жататын барлық сөздің мағыналарын өзара жіктең қарасақ, әуелі лексикалық мағына, грамматикалық мағына дегенге көніл аудару керек. Тіліміздегі көптеген сөздер затты (су, жер, орман, мектеп, тау), заттың сапасын (жақсы, үлкен, жаман), қымыл әрекетті (бару, келу, журу, оқтау, сену), мезгілді (ерте, кеш, кеше, бүгін) білдіреді. Ал, осы сөздердің тағы бір ерекшелігі, олардың грамматикалық формасы, белгілері болады. Сонымен тіліміздегі сөздер заттар мен құбылысты (сапа, қымыл т.б.) аңғартатын мағынасы мен грамматикалық форма, белгілеріне қарай сөз таптарына жіктеледі.

Сондықтан сөздердің заттар мен құбылысты білдіретін мазмұны лексикалық мағына деп аталауды да, грамматикалық формасының мазмұны грамматикалық мағына деп танылады.

Сөз нақтылы жағдайда бір лексикалық мағынаға ие болса, грамматикалық мағынасы бірнешеу болуы мүмкін. Мысалы, қалпақ сөзі адамның басқа киетін киімнің бір түрін білдірсе, ол лексикалық мағынасы. Ал, қалпақ сөзінің бір ғана киімді (затты) білдіру (жеке форма), атаяу септігінде тұруы грамматикалық мағыналарын аңғартады.

Сөздің лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағыналы сөз қанша түсінікті болғанымен ол грамматикалық форма арқылы байланысқа түспей сөйлем құралмайды, ой, пікірді білдіре алмайды. Ал, осы сөздердің айтайын деген ойымызға лайық грамматикалық формасына келтірсек, «көзің ауырса, қолыңды тый» деген фраза шығады. Мұның өзі лексикалық мағынаның грамматикалық мағынаға тәуелді екенін аңғартады.

Олай болса сөздің лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасы бірін-бірі толықтырып, сөздің қатынас құралы ретінде жұмысалуына негіз болады екен.

Қандай сөз болса да, ол мағынасымен есепке алынып, белгілі кәдеге, қатынас құралы болуға жарайды. Бірақ сөздің барлығы мағына жағынан міндеттін бірдей өтей бермейді. Мысалы, дербес лексикалық мағынасы бар зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстөу, еліктеуіш сөздердің қызыметі бірдей емес. Айталық, жер, аспан.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25 мин

Тапсырма 1. Сөз байлығы. Сөз байлығы ұғымына енетін лексика фразеологиялық, морфологиялық, синтаксистік жүйелері тақырыбында пікірлесіңдер

Тапсырма 2. Таңдауға берілген тақырыптардың бірі бойынша ана тілі туралы өз ойларынды ауызша баяндаңдар.

1. Тіл – халық байлығы.

2. Тіл – ұлт байлығы, Халық қазынасы.

3. Сөз байлығы – қоғамның байлығы.

Тапсырма: Отан, туған жер туралы берілген 10 мақал тап, мәнерлеп оқы, мазмұнын айқында, өз ойларынды ауызша баяндаңдар.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 10 мин

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

- Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
- Оразымбетова Ф.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
- Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
- Джумадиллаев Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
- Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана,

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	<p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 57 беті

2017. -282 б.

6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.

7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кесіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

1. Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҮР, 2016. - 186 бет.
2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Kiprepe [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.
4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
5. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013. - 294 б.130
6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 5 мин.

5.7. Бақылау.

Тапсырмалар:

1. Сөз байлығы дегеніміз не?
2. Сөздің лексикалық мағыналарын түсіндіріңіз.
3. Сөздің лексикалық және грамматикалық мағынасын калай ажыратамыз.
4. «Қазақ тілінің сөз байлығы» тақырыбында ой толғау жазыңыздар.
5. Ақын Мұқағали Мақатаевтың ақ пен қара түсті, боз, күрең түсті жиі қолданған. Ақын жырларында ақ түсті басқа түске қарағанда көп кездесетінін білеміз. Сондықтан Мұқағали Мақатаевтың «А ққулар ұйықтағанда», поэмасындағы ақ түске байланысты ұғымдарды теріп, жазыңыздар.

№1 бақылау жұмысы :

- 1.Адам өміріндегі сөз мәдениетінің рөлі
2. Ресми іскерлік қатынас және сөз әдебі
- 3.Ескі қазақ жазба тілі
4. Ресми іскерлік тілінің жазбаша және ауызша түрі
5. Тілдік норма және стиль
6. Қазақ тілінің тарихы
- 7.Монолог және оның түрлері
8. Әлеуметтік тұрмыстық қатынастағы сөз әдебі
- 9.Ескі қазақ жазба тілінің қазақ қоғамы үшін маңызы
10. М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясындағы Абайдың монологтары туралы қысқаша айтып беріңіз
- 11.Ел аузында қалған үш биге байланысты ұлағатты сөздері жөнінде айтып беріңіз
12. Қанатты сөздердің ішіндегі қарамен берілген сөздерге фонетикалық талдау жаса:

Ата-ана қадірін білмеген халық қадірін біле алмас. **Халық** қадірін білмеген ата-ана қадірін біле алмас.**Өзіңе** тілемеген жамандықты басқаға да тілеме. Өзіңе тілеген **жақсылықты** басқадан қызғанба.

13. Берілген көнерген сөздердің мағынасын анықтап, түрлерін ажыратыңыз: Болыс, ауылнай, сарбаз, атшабар, аткамінер, саратан, зауза, сәүір, бастаңғы, бөстек, шекпен, хан, ханзада, би, сұлтан, дабыл, жадағай, жаппа, қосын, шеру, көбе, адырна, сұңгі, алаш, қорамса, ақырет, жатак.
14. Берілген сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне талдаңыз:

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 58 беті

Сөз анысы құлақ. Тыңдай білу тыңғылықты ойлай білудің де кілті екен. Әңгімелешіл, сөзуар, тілімен көпті үйрігіш адамдар бар. Солардың ауызша айтқан әңгімелеріне құлақ түрге қылықты болған да жөн.

15. Даналық сөздердің мағынасын түсініп, буын түрлерін ажыратыңыз:

Ақылы адам сөзді орнымен айтып, жөнді жауап күтеді. Нагыз дос құлап жатқаныңда қолтығынан сүйейді. Бала нені білсе, жастан, үядан өле - өлгенше соны таныр қиядан.

16. Тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын табыңыз:

Бармағын тістеу, жұлдызы онынан туу, аузынан бір елі тастанмайды, ат ізін сүйтпау, екі езуі екі құлағына жету, маса шаққан құрлы көрмеу, мұрнынан шаншылып жүру, оң көзben қарау, үріп ауызға салғандай.

17. Берілген сөйлемдердің сөз тіркесі арасындағы байланыс түрі мен байланыс тәсілін анықтаңыз:

Күні кеше өткен сияқты оқиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгерді. Ең қын жылдар дәл қазір артымында қалды, сондықтан да мен еліміздің еңсесі биектей беретініне сенемін.

18. Берілген сөйлемдеге морфологиялық талдау жасаңыз:

Кітап - өмір ұстазы. Сондықтан жастар кітап оқуды күнделікті әдет қылуы керек. Кітап оқымай өмірді білу, білім алу мүмкін емес.

19. Тұрақты тіркестердің баламасын табыңыз:

Қас пен көздің арасы, тәбе шашы тік тұрды, ит өлген жер, жүрек жұтқан, тақырга отырғызып кетті, қой аузынан шөп алмас, қолы ашық, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман, жерден жеті қоян тапқандай, ит арқасы қиянда.

20. Берілген сөйлемдердің сөйлем мүшелеріне талдаңыз : Күн жылдытпайтын сүйк көңілді сөзғана жылыта алады. Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез- құлыққа байланысты. Кішіпейілдің абыройы асады, тәкаппардың құты қашады.

№ 19 сабак

5.1. Тақырып: Сөз тазалығы. Әдеби тіл мен диалектизмнің арақатынасы.

Сағат саны : Зсағат 135 мин .

5.2. Мақсаты: мемлекеттік тілдің мәні мен маңызын және мемлекеттік тілде таза сөйлеуді меңгеру, мемлекеттік тілдің мәні мен маңызы, тіл тазалығын сақтау, шұбарлап сөйлеуге жол бермеуді жас жеткіншектерге жеткізе білу.

5.3. Оқу міндеттері: оқушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін терендете түсү.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Әдеби тіл мен диалектизмнің арақатынасы.
2. Сөз оралымдығының бір шарты- сөз байлығы.
3. Сөз қайталаудың сөз сапасына кері әсері.

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

Сөз тазалығы.Әдеби тіл мен диалектизмнің арақатысы.

Таза сөйлеу –ой айқындығының белгісі. Сөзі дұрыстың-ойы да дұрыс болмақ. Шешендікті қадірлеген халық «Адам аласынан сөз аласы жаман, от шаласынан сөз шаласы жаман» дегенде, ана тілінің байлығын бағаламай, туған тілінде таза сөйлей алмаған адамдардың қойыртпақ тіліне қынжылып айтса керек.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттің 59 беті

Тіл мәдениеті ұғымына түсінік.

Тілдің көмегімен өнерді, білімді, ғылымды игереміз, өткен-кеткенізді саралап, сабақ аламыз. Тіл арқылы рухани байлығымызды менгереміз, өзіміз танып қана қалмай, сол асыл қазыналарымызды әлемге танытамыз, әлемді танимыз. Сондықтан адам баласының байлығының бір-сөз өнері. «Өнер алды-қызыл тіл» деген аталы сөздің астарында қашама сыр бар?!

Тіл мәдениеті ұғымына Қазақ Совет энциклопедиясында мынадай анықтама берілген: «Тіл мәдениеті-кісінің бойындағы мәдени қасиеттердің бірі, қоғамдық мәдениеттің бір компоненті. Тіл мәдениеті ауызекі тілдің орфоэпиялық нормасын, сөз қолдану, сөздерді тіркестіру зандылықтарын, сөйлем құрау ерекшеліктерін дұрыс пайдалану және жазба тілде емлеке, тыныс белгілерін қолдануға байланысты ерекшеліктерді толық сақтап, сауатты жазу мәселелерін де қарастырады.»[6,261б.].

Зерттеуші М.Балақаев өзінің тіл мәдениетін тереңін зерттеген еңбектерінде тіл мәдениетінің негізгі принципі деп сөйлемдердің, жеке сөздердің тындаушыға, оқушыға бірден түсінікті болу керектігін көрсетеді. Зерттеуші жазуда, сөйлеуде адам ойына қажетті сөз таңдағанда олардың стильдік ерекшеліктерін ескеруді айтады. Тілдік норманы қалыптастыру, сауаттылық, тіл тазалығы, сөздерді дұрыс айтуды, дұрыс жазу тіл мәдениетінің басты талаптары ретінде тұжырымдалады.

«Тіл мәдениеті дегеніміз - сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар айқын ойлылық, сөзді дәл айыру шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық», - деп анықтама береді Н.Уәлиев өзінің

«Сөз мәдениеті» атты еңбегінде.

Ал тілші-ғалым Р. Сыздықова: «Тіл мәдениеті дегеніміз - сөздерді дұрыс орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қилюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстыру (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау(лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру», - дейді [3,24-25].

«Тіл мәдениеті» негізінен «Сөз мәдениеті», «Сөзді орынды қолдану» деген ұғымды білдіреді. Өйткені, тіл мәдениетінің негізгі зерттейтін объектісі - сөз, сөздің дұрыс айтылуы, дұрыс жазылуы, дұрыс қолданылуы, сол арқылы ойдаң айқын, әсерлі жетуі, екі ұштылықтың, құңғарттіктің болмауы.

1.2 Тіл байлығы - сөз байлығы. Ал сөз байлығы әр адамның лексикасындағы қолданылатын сөздердің санымен байланысты болғанымен, негізгі байлық – ой байлығы, сол сөздерді қилюластырып, әсем де әсерлі ой мұнарасын қалай білуде. Себебі сөзді көп біліп, бірақ оны орынды, ойлы, образды жүмсай алмасаң, одан не пайда? Ал сөзге көп мағына сыйғызып, әр сөздің парын, мән-мазмұнын, стильдік бояуын дәп басып беру ойлау қабілетімен, оның шығармашылық сипаттымен ұштасып жатады. Ал ой байлығына жету үшін тіл дамуының кешегісі мен бүгінгісін, лексикалық қабаттың баю, толығу жолдарын, тілде пайда болған жаңа құбылыстардың өміршендігін, бір сөзben айтқанда, тілдің ішкі, сыртқы мүмкіншілігін жақсы менгеріп, оған қамқорлықпен, жанашыр көзбен қадағалап отыру керек. Яғни, тіл үнемі дамып, жаңарып, қөнеріп отырады. Бірақ тіл өзінің тереңнен нәр алған тазалығын сақтап отырган. Қазіргі таңда қазақ тіліндегі лексиканың өзгеру себептерін төмендегі сұзбадан көре аламыз.

Елбасы: «Қазақстан халқы үш тілді жетік менгерген және барлық әлемге жоғары білімді ел ретінде танылуы керек» деген еді.

Ендеше осы жетік менгеру деген сөзді санамызға сініре алмай тіліміздің шұбарлануына жол берудеміз. Ал қазақ халқының тілінің келешегі мектеп оқушыларында. Көптеген гылыми-педагогикалық әдебиеттерді, мерзімді баспасөз ақпараттарын талдап-зерттей келе, бүгінгі күнгі оқушылардың сөз саптауы көніл аударарлық, көпшілігінің тіл мәдениеті төменгі деңгейде деген қорытынды жасауға болады. Олар өз ойларын дұрыс, түсінікті етіп жеткізе алмайды, «жаңағы», «әлгі», «немене», «негізіп», «мысалы» деген басы артық бос сөздерді көп қолданып, ойын шашыратып жібереді. Кейбірі орысша сөздерді косып, араластыра сөйлесе, бірі жаргонмен,

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттін 60 беті

диалектілермен сөйлегенді сән көреді. Бұл мәселе туралы көптең айтылып та, жазылып та жатыр. Мысалы педагогика ғылымының докторы И. Нұғыманов пен З. Қашқынбаева: «Оқушының жеке тұлға болып дамуы мен алған білімін іске асыруда сөйлеу тілін, әрекетін, сөйлеу мәдениетін, әдебін қалыптастыру педагогиканың қазіргі кездегі көкейтесті мәселелерінің бірі болып табылады» - дейді.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин

1. Тапсырма:

Жағдаят.

Сіз шетелге ресми іс-сапармен бардыңыз. Қазақстанды қалай таныстыраң едіңіз? Яғни, «Қазақстанды шетелдіктерге таныстыру» тақырыбы бойынша өз ойыңызды жазыңыз.

2. Мәтіннен нендей ой түйдіңіз. Айтып беріңіз.

Ертеде жаугершілік жиі болатын кезде, қазақтың екі жауынгері төс қағысып дос болады. Екі достың біреуі тұтқылдан тиген жау қолына түседі. Досының қолға түсіп қалғаның естіген екінші батыр күздің қара суығын елеместен, өзенде малтып өтіп, жау жатқан жағаға келеді.

- Мен қолдарыңа түскен бір жауынгерге құн төлеп, сатып алуға келдім. Менің оған айырбасқа берер малым, мұлкім жоқ. Бір-ақ нәрсе беремін. Ол - өзімнің өмірім. Досымды босатындар, - дейді.

Қолбасы ойланып отырып, оны сынамақ болады:

- Жарайды, мен сені қыршыныңнан қимай-ақ қояйын. Маған сол өміріңің бір бөлшегін берсөң болды – маған екі көздерің керек, - дейді қолбасы, - екі көзінді ойып аламын!

- Ол да болсың, көзімді тезірек ал да, досымды босат, - дейді жігіт.

Сөйтіп, әлгі жауынгер тұтқыннан босаған досының иығына қолын артып, зағип күйі қуаныш, құлімдеп келе жатады. Мұны көрген жаудың қолбасшысы:

- Мынадай ерлері бар халықты тұтқылдан келіп бас салмаса, бетпе-бет ұрыста жену қынға соғады екен, - деп түйіпті.

Мен де сізге осындай жанын аямайтын, жолдасын жауға тастамайтын қазақтың жауынгерлерінің достығын тілеймін.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 15 мин.

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

- Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
- Оразымбетова Г.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сактау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
- Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
- Джумадиллава Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
- Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
- Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
- Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

- Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
- Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 61 беті

3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Кіріспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ү. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.

4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.

5. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130

6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 10 мин

5.7. Бақылау: сұрақ жауап.

Тапсырмалар

Сөз тазалығы дегеніміз не?

Әдеби тіл мен диалектизмнің арақатынасы туралы айтып беріңіздер.

Қазақ тілінің байлығын мысал келтіре отырып, түсіндіріп беріңіздер.

№ 20 сабак

5.1. Тақырып: Сөз қысқалығы мен нұсқалығы. Сөйлемнің есім баяндауышқа аяқталуы – сөз жинақылығының белгісі.

Сағат саны : 2сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: білім алушыларға мемлекеттік тілдің мәні мен маңызын және мемлекеттік тілде таза сөйлеуді менгерту, шығармашылық тапсырмалар орындауда арқылы ақыл-ой, таным белсенділіктерін таныту.

5.3. Оқу міндеттері: студенттердің тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин

Жаңа сабакты түсіндіру: 20 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Сөз қысқалығы мен нұсқалығы.

2. Сөйлемнің есім баяндауышқа аяқталуы – сөз жинақылығының белгісі.

3. Тілдердегі сөз алмасу құбылысы. Сөз тазалығына жат элементтер.

4. Әдеби тіл мен диалектизмнің арақатынасы. Тілдегі бейәдеби элементтер, олардың көркем әдебиетте қолданылуы.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

«Бермесен, бермей-ақ қой баспананды,

Сонда да тастамаймын астанамды.

Өлеңнің отын жағып жылтытамын,

Озімді, әйелімді,

жас баламды», — деп жырлаған

Қасым Аманжоловтың өлең жолдарын талдау.

Жаңа сабакты түсіндіру:

Сөз қысқалығы мен нұсқалығы. Сөз жинақтылығының белгісі.

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 62 беті

Аз сөзбен көп мағына беру- сөз мәдениетіне қойылар талаптың бірі. Олай болса сөйлемді болып келеді, болып табылады тіркесіне аяқтағаннан гөрі есім баяндауышқа аяқтау тиімді көрінеді. Мұндай қасиет мақал- мәтелдерден байқалады (мақал-мәтелдерден мысалдар келтіре отырып түсіндіру). Бірақ қысқа баяндаудың бәрі шеберлік емес, шеберлік аз сөзге көп мағына сыйғыза білгүде. Бұл орайда Француз ғалымы, философы Блез Паскальдың «Провинция тұргынына хат» шығармасында «Қысқа жазуға уақытам болмағандықтан, ұзақ етіп жазуға мәжбүр болып отырмын» деген екен. Белгілі бір ойды ойсыратпай жеткізу үшін, аз сөзбен көп мағына білдіруге аз уақыт кептейтінін айтып отыр. Сонымен сөйлеу тіліндегі, «қызыметсіз» сөздерді арылтып ойды ұтымды жеткізу сөздің қысқалығы мен нұсқалығы деген сапаны аңғартады.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25 мин.

Тапсырма. Төмендегі сөз дәлдігіне байланысты ғұламалардың, шешендердің сөздерін, нақыл сөздерді пайдалана отырып өз ойыңыздан эссе жазыңыз.

1. Ой көрігімен сомдалып шыққан сөздің шынайысы да, жалғаны да болады (әл-Фараби)
2. Ақылдының сөзі қысқа.

Айта қалса – нұсқа.

3. Атылған сөз – атылған оқ.
 4. Ақылды сөз – ауыртпалықты көтерісер ақ ниет дос.
 5. Аз сөйлеген – ақылды.
 6. Аңдамай сөйлеген,
- Ауырмай өледі.

Графикалық диктант

Мына нақыл сөздерді авторларының тұсына орналастырыңыз.

1.Адамға екі нәрсе тірек тегі:	Жүсіп Баласағұни
Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі	
2.Женемін деп біреуді, Өтірік сөзбен қостама.	Төле би
3.Біліп айтқан сөзге құн жетпейді, Тауып айтқан сөзге шын жетпейді.	Асанқайғы
4.Сөз – жібек, жіп, жыр – кесте, Айшығы айқын көрінбес, Өрнексіз қылып баттаса.	Дулат Бабатайұлы
5.Сөздің өзі – бала: тербетсе – оянады, тербетпесе – оянбайды.	Байдалы шешен
6.Тіл жүректің айтқанына көнсе – жалған шықпайды.	Абай
7.Шешен кісі сөз бастар, Адал кісі – ел бастар.	Шәңгерей Бекеев
8.Тәтті сөзі – балдай, насхаты – шамдай.	Шәкәрім Құдайбердіұлы
9.Тіл – бұлбұл, сөз бұлақ.	Жамбыл

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 10 мин

5.6. Әдебиет.

ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттін 63 беті

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Кесіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
3. Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
4. Джумадиллаева Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
5. Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кесіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

1. Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Kiprіспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.
4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
5. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

5.7. Бақылау: сұрақ жауап, жаттығу жұмыстары

Жаттығу жұмысы. 1тапсырма. Ұлы ойшылдың даналық сөздерін көшіріп жазып (Абайдың 37-қарасөзі) Абай туралы не білетіндерін топтастырыңдар.

2-тапсырма. Тұрақты тіркестерді қолдану арқылы ойды қысқа, сапалы, әсерлі етіп жеткізуге бола ма? Тұрақты тіркес туралы білетіндерін еске түсіре отырып, жауап беріңіздер.

Тапсырма орындау арқылы дәлелдеу.

Үлгі : Байлық- қолға ұстаған мұз.

2. Мақал- мәтеделдердің жалғасын тауып жаз. Әкеге қарап үл өсер, (.....) Досы көпті жау алмайды, (.....) Інісі бардың тынысы бар, (.....) Тауды, тасты жел бұзар , (.....) Білегі күшті бірді жығады, (.....) Ағайынның аты озғанша, (.....) Kісі елінде сұлтан болғанша, (.....) Ер жігіт елі үшін туады, (.....) Ауруда шаншу жаман, (.....) Өз білмегенінді кісіден сұра, (.....)

3 тапсырма. Тіл туралы мәліметтерді негізге ала отырып, « Полиглоттар туралы » шағын шығарма жазындар. Шығармадан ұзінді келтіре отырып, «Көп тіл білетіндер» тақырыбында ойларынды ортаға салындар.

№ 21 сабак

5.1. Тақырып: Сөз бедері және стиль. Көркем сөз бедері.

Сағат саны : Зсағат 135 мин.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 64 беті

5.2. Мақсаты: Көркем әдебиет стилі туралы түсінік бере отырып, әдеби шығармалардың ерекшелігін ұғындыру, стиль түрлерін білу, дұрыс қолдана білуге үйрету, тіл мәдениетіне тәрбиелеу, өз пікірлерін қорғауға дағылдандыру.

5.3. Оқу міндеттері: студенттердің тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете тусу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Сөз бедері және стиль. Көркем сөз бедері. Сөз бедері туралы түсінік.

2. Бедерлі сөздегі деректі, дерексіз ұғымдардың қолданылуы.

3. Сөз бедерінің стиль түрлерімен байланысы, сөйлеу тілінің стильдік бедері, сөйлеу тілі бедерінің анықтамасы.

4. Сөйлеу тілінің ерекшелігі және ондағы сөз бедерінің көрінісі. Өмірдегі және көркем әдебиеттегі сөйлеу тілі.

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

Сөз бедері және стиль. Көркем сөз бедері

Көркем сөз - эстетикалық мәні қүштейтілген, әсерлі, бейнелі сөз. Болмысты әсерлеп, өрнектеп бейнелеу құралы, яғни "Әдебиеттің ең бірінші элементі" (М.Горький). Көркем сөз әдебиет негізін құрап отыратын мәңгілік мұра. Көркем сөздің кадірі мен құдіретіне арналған қазақ халқының талай даналық ойлары, мақалдары мен мәтелдері бар ("Өнер алды - қызыл тіл", "Сөз тапқанға қолқа жок", "Сөз түземегенді тез түземейді", "Жүйелі сөз - киелі", т.б.). Ұлы ақын Абай: "Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы", "Кестенің бізі, өткірдің жүзі, Өрнегін сендей сала алмас" деп, Көркем сөз құдіретін жоғары бағалаған. Ақын-жазушылар асыл сөздің сол сиқырлы сырын ашып, әдеби шығармалардың коркемдігін арттырады, тіл байлығын молайтып отырады. Олар осы бейнелеу құралының дәлдігі мен айқындылығына, мөлдірлігі мен тереңдігіне, қарапайымдылығы мен өрнектілігіне ерекше көңіл бөлген. Қазақ тіліне "Көркем сөз" терминін А.Байтұрсынұлы енгізген. 20 ғасырдың 20- жылдарындағы шығармалар қазақ ұлттық Көркем сөзінің алғашқы үлгілері ретінде қарастырылып жүр. Бұл кездегі С. Сейфуллин, Б. Майлин, Н. Төреқұлов, М. Дулатов, С. Садуақасов, С. Қожанов, С. Мұқанов, т.б. қаламгерлер жазған Көркем сөз үлгілерінен замана тынысы, қөзқарас кайшылығы, айтыс-тартыс бағыты айқын көрінеді. Көркем сөз жанрлары - кезеңдік жанрлар, яғни өз кезеңінің өзекжарды мәселелерін арқау ететін, ұрымтал, елгезек жанрларын, жазушылар (оларды суреткер деп те атайды) сөзді, сөйлемді т.б. тілдік амал-тәсілдерді өлең, әңгіме, роман т.б. көркем дүние жасауда "құрылыш материалдары" ретінде қолданады. Бірақ суреткер оларды тілдегі дайын күйінде ала салмай, өзінің жасап отырған эстетикалық дүниесіне (шығармасына) лайықтап өндейді, ажарлайды. Суреткерді бұл жерде шебер "құрылышшыға", ол оның шығармасын әсем "ғимаратқа" ұқсатуға болады. Құрылышшы да өзі салып жатқан ғимараттың кірпішін таңдайды, тетігін тауып қалайды, әрлеп, бедер салады. Суреткер өзі бейнелеп отырған затты, құбылысты ақиқаттағыдай, өмірдегідей етіп көрсетуге тырысады. Өйткені оларды оқырман елестету арқылы қабылдау керек. Шығармадағы атаулар шындық өмірдегі заттарға, құбылыстарға "мензеп" түрады, солардың "таңбасы" түрінде жұмсалады. Бірақ бұлар жазушының шындық өмірдегіге ұқсатып жасаған қиялдындағы дүниесі болып шығады. Ақиқатқа, шындық өмірге негізделіп жасалған қиялдағы дүниесі сөзбен бедерленген көркем суретке айналып, белгілі бір идеяны, ойды білдіреді. Мысалы, журналист Елдостың жақсы бала екенін тікелей айтЫП, оқырманды иландырады, сөйтіп, қоғамдық пікірге қозға салса, жазушы сөзбен көркем "сурет" салу арқылы Елдосты бейнелейді. Сол көркем суретті оқи келіп, жақсы бала екен деп, оқырман өзі корытынды шығарады. Енді жай ғана сөздің көркем мәтінде қалайша образға айналатынын айта

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттін 65 беті

кетейік. *Тұн, ауыл, өзен, ай, жер, уй т.б.* көптеген атауды күнделікті қарым-қатынас тілінде қолдана береміз. Сондай-ақ дәл осы тәрізді атауларды көркем шығарма мәтінін де ұшыратамыз. Сөз екі мәтінге де ортақ болғанмен, қызметі әр басқа, парқы бөлек. Біріншісінде, яғни күнделікті сөйлеуімізде бұл атаулар шындық, өмірдегі заттар мен құбылыстардың нақ өзі (денотат): *ауылға келдім; айжарқырап тұр екен; өзен жағасынан бір уй көрінді* т.б. Ал екіншісінде, яғни көркем мәтінде кездесетін атаулар шындық өмірдегі заттар мен құбылыстардың нақты өзі емес, бейнесі (образы): *Ауылдың маңы терең сай, тасыған өзен күркіреп* (Абай). Осы айтылғандарды былай көрсетуге болады: қарым-қатынас - **нәрсе** (денотат) *ауыл көркем мәтінде - бейне* (образ)

Көркем мәтінге түскен атаулар осылайша ақиқат өмірдегі заттар мен құбылыстардың көркем бейнесіне айналады.

Көп жағдайда: суреткердің қиял дүниесі шындық өмірден алшақ кетпейді: өзенді "өзен", ауылды "ауыл" түрінде береді. Ал кейде суреткердің қиялы шарықтап, ақиқаттағы, шындықтағы заттар мен құбылыстардың бейнесі өмірдегіден шарықтап **алшақ** кетеді. Сейтіп, тілсіз нәрсеге тіл бітіріп, жансыз нәрсе жан кіргізеді. *Ауыл жыл-жырт, ауыл тыныштықта* дегеннен гөрі *ауыл мызығып, қалғып тұр* деу көркем тіл кестесі үшін әлдеқайда деректірек. Өйткені "мызығып", "қалғып" тұрган нәрсені, тыныштықта деген сөзben салыстырғанда, айқынырақ елестетуге болады: *"Көгал сайда отырған бес-алты уйлі аз ауылдың түңлігі тегіс жасыбық. Ай астында ақ уйлер де мызығып, қалғып тұр"* (М.Әуезов. "Абай жолы"). Ассоциация арқылы оқырман санасында "мызығып, қалғып тұрган" жанды нәрсенің елесі пайда болады да, тұнгі ауылдың бейнесін шындықтағыдай көз алдыңа келтіреді. Енді бір суреткердің талантты қаламы тіпті оқырман ойламаган тұстан қысқы ауылдың тұнгі бейнесін тың әрекет арқылы береді де экспрессиялық әсерді арттыра түседі:

*Аязды тұнде ақпанды,
Ит үрмей, тауық шақырмай.
Арқасын сүйеп ақ тауға,
Қымтанаң ауыл жатты жай.*

Бұл - суреткер қаламының адам сезіміне (сезімдік қабылдауына) тұтқылдан әсер етуі. *Ауыл тыныштық құшағында, ауыл үйқыда* дегендерге оқырман сезімінің "еті үйренген" болса, арқасын сүйеп, қымтанаң жатқан адам әрекетіндегі қысқы ауылдың тұнгі бейнесін М.Мақатаев қаламы салған соны сурет, жанды бейне арқылы елестетеміз. Міне, осылайша көркем тіл кестесіндегі сөз деректі сезімдік қабылдау түрінде болады. Суреткер де кәдімгі Сіз бен біз білетін сөздерді қолданады. Әдетте *таңдайы тақылдауды, мұрны пыс етті, бірін-бірі тенкіледі, кісінеді* т.б. дегендерді адамның немесе жануардың қимылы мен әрекетіне қатысты қолдана береміз. Ал суреткер ешбір "сиқыры" жоқ мұндай сөздерге басқа түрде бедер салуы мүмкін. Мысалы: "Осындағы қаумалаған ойдан құтылып, талықсып барып таң алдында көзі ілінгені сол еді - *таңдайы тақылдаап, Дарханның жаман үйін селкілдете тағы бір поезд өтті*". Шындығында, өткен жоқ, *мұрны пыс етіп, вагондары бір-бірін тенкілеп* тоқтады да, аман-есен жеткендігін кісінеп білдірді" (О.Бекеев). Өз қасынан өткен пойызды "таңдайы тақылдауды, мұрны пыс етті, вагондары бір-бірін тенкіледі, кісінеді" деп, суреткер жандының бедерін салу арқылы жансызға жан беріп отыр. Жазушы жылқы түлігінің белгілерін ала отырып, ұлттық нақышпен пойыздың көркем бейнесін жасаған. Жоғарыда айтылған мысалдарға теңеу, метафораларға қарап, суреткер айтып отырған жайды оқырман тек бейнелеуіш, көріктеуіш тәсілдер арқылы ғана көз алдына елестетеді немесе түйсінен алады деуге болмайды. Күнделікті қарым-қатынас қызметін өтеп жүрген қатардағы жай сөздердің өзі де көркем тіл кестесіне енгенде затты, іс-әрекетті, сапаны шындық өмірдегідей түйсініп, "көзбен көріп, құлақпен естігендей" әсер қалдырады.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 66 беті

Сөздерді, басқа да тілдік амал-тәсілдерді заттар мен құбылыстардың көркем бейнесі түрінде жүмсау көркем әдебиет тілінің сөз бедері деп аталады.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

«Бермесен, бермей-ақ қой баспананды,

Сонда да тастамаймын астанамды.

Өлеңнің отын жағып жылтытамын,

Өзімді, әйелімді,

жас баламды», — деп жырлаган

Қасым Аманжоловтың өлең жолдарын талдау.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин

1. Шығармашылық диктант

Берілген нақылдардың сөздерін өзара дұрыс орналастырып қойыңыз.

Оқыту тиіс, біз де, соナン соң, басқаша, өз тілімізben оқытып, тіліміз бұзылмай, өзгелерие әуелі, сақтауын тілесек, бұзылмай.

A. Байтұрсынұлы.

Біз де тіліміз бұзылмай сақтауын тілесек, өзгелерие әуелі өз тілімізben оқытып, соナン соң басқаша оқыту тиіс. A. Байтұрсынұлы. Ете алмайды, өз, қызмет, бала, өз, халқына, ана тілінде, тәрбиеленбесе.

Ж. Аймауытұлы.

Ерінбе, іздесең, Абайды, асыл, ерінбе, сөзді, оқы.

C. Торайғыров.

Құрастыра беру, қазақша жазу, қазақ сөздерінің, кез келгенін, емес. M. Эуэзов. Емес, жылтырдың, асыл, емес, жазғанның, бәрі, нақыл. M. Эуэзов. Жоқ, терең, байлық, асқан, тілден, жоқ, тілден, теңіз.

F. Мұсірепов.

Жауабы:

Бала өз ана тілінде тәрбиеленбесе, өз халқына қызмет етеп алмайды. Ж. Аймауытұлы

Асыл сөзді іздесең,

Абайды оқы, ерінбе.

C. Торайғыров

Қазақша жазу – қазақ сөздерінің кез-келгенін құрастыра беру емес. M. Эуэзов Жылтырдың бәрі асыл емес, жазғанның бәрі ақыл емес.

M. Эуэзов

Тілден биік асқар жоқ,

Тілден асқан байлық жоқ,

Тілден терең теңіз жоқ.

F. Мұсірепов.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 15 мин

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

- Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
- Оразымбетова Ф.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 67 беті

3. Зайсанбаев Т.К. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. К. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
- 4.Джумадиллаға Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
5. Абдурова Б.С., Асанова Ү.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Қесіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

1. Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ү. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Үлттық аударма бюросы, 2019
3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Kipre [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ү. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Үлттық аударма бюросы, 2019.
4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
5. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Үлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 10 мин

5.7. Бақылау: сұрап жауап

1. Мәтінді оқып, сөз бедері дегенге түсінік беріңдер.
2. Көркем сөз бедеріне тән кандай ерекшелікті байқадыңдар?
3. Мәтіндегі ойды өз ойларыңмен байланыстырыңдар.

№ 22 сабак

5.1. Тақырып: Публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедері. Көпшілікке арналған мерзімді басылымдар тілінің ерекшелігі.

Сағат саны : 2сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Публицистикалық шығармалар тілі үғымын түсіндіріп, мақаланы талдау жолдарын үйрету, білім алушыларға саяси-әлеуметтік, қоғамдық көзқарастарын дамытып, ой қозғау, жас ұрпақты Отанды сүюгे, қазақ елінің рәміздерін қастерлеуге, туған жеріне, атамекеніне деген сүйіспеншілігін арттыру.

5.3. Оқу міндеттері: студенттердің тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедері.
2. Көпшілікке арналған мерзімді басылымдар тілінің ерекшелігі.
3. Құнделікті қолданыстағы сөздердің қоғамдық пікір қалыптастырудың құралына айналу жолдары. Жағымды және жағымсыз мағынадағы сөздер.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері:: жұптастып жұмыс жасау

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 68 беті

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

I топтың тапсырмасы: Мәтінді сөйлемнің магыналық түрлеріне талдау.

II топтың тапсырмасы: Мәтін сөйлемдерін сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлеріне аудару.

Жаңа сабакты түсіндіру: 20 мин.

Публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедереi

Қазақ тіл білімінде публицистикалық стиль (бұқаралық ақпарат құралдарының тілі) функциональды стильтердің бірі ретінде әбден қалыптасып, жан-жақты зерттелуде. Публицистикалық стиЛЬДІЦ негізгісі әрі алғашқысы газет тілі болып есептеледі. Бұл түрғыдан тұңғыш қазақ газеттерінің тілін Б.Әблқасымов, 1920 жылдардағы мерзімді баспасөз тілін С.Исаев, қоғамдық публицистикалық стиЛЬДІ О.Бұркітов т.б. ғалымдар зерттеген. Қазіргі қоғамдық әлеуметтік шындыққа байланысты коммуникативтік қызметі ерекше публицист икалық стиЛЬДІң жан-жақты қырлары түрліше бағытта зерттелуде.

Мысалы, газет лексикасына байланысты А.Алдашеваның,

Публицистикалық стиль – қоғамдық-саяси, үгіт-насихаттық әдебиеттерде, бұқаралық ақпарат құралдарында, деректі фильмдерде қолданыла тын функциональды стиЛЬДЕРДІң бірі.

Публика латын сөзі, «көпшілік» мәнін білдіреді. XIX ғ. II жартысында негізі қаланған стиль түрі бүгінде қоғамға аса қажетті, маңызды мәселелерді насихаттап, көпшілікке кеңін ен қызмет етіп отырған қазіргі әдеби тілдің ең жүгі ауыр, елеулі саласы. Публицистикалық стиЛЬДІң шағын түрлері жайында қазіргі ғылым саласында әрқылы пікірлер кездеседі. Бірқатар зерттеушілер публицистиканың жанрлық түрлерімен (газет тілі, радио тілі, теледидар тілі, кино тілі, т.т.) байланыстырып, оларды жеке-жеке стиЛШІЛІК түрлері деп есептейді. Негізінде аталған стиЛЬДІң шағын түрлерін шартты түрде былайша жіктеуге болады: үгіттік публицистикалық шағын стиль; саяси-идеологиялық публицистикалық шағын стиль; бұқаралық публицистикалық шағын стиль. Әрқайсының бір-бірінен ерекшеленетін сөз қолдану белгілері болады, кейде тілдік-стилистикалық түрғыдан ортақ тұстары да ұшырасады.

Публицистикалық стиЛЬДЕГІ шығарма қандай тақырыпқа жазылса да, логикалық жағынан дәлелді, көnlігे қонымды болып, бұқараға ықпал ету сипаты басым келеді. Қоғамдық өмірдегі жаңалықтар, өзгерістер туралы жүртшылықты құлағдар етіп, қоғамдық пікір қалыптастырады. Публицистикалық стиЛЬДІң барлық жанрларына ортақ мынадай қызметтері айқындалған:

- ақпараттық (түрлі деректер мен хабарларды жеткізу);
- түсініктеме-баға берушілік (берілетін деректер көбінесе түсіндірумен, талдаумен немесе баға берушілікпен жеткізіліп отырады);
- танымдық-ағартушылық (мәдени-тариҳи және ғылыми материалдарды жариялай отырып, БАҚ тындармандардың, оқырмандардың, көрермендердің білім қорын толықтырып отырады);
- ықпал ету қызметі (көпшіліктің саяси-әлеуметтік көзқарасына, санаасына әсер етушілік);
- гедонистикалық (әдетте, мұндай қызмет көnлді хабарларды жеткізу кезінде байқалады, әсіресе, радио мен телевизия арқылы кез келген хабардың тындарман мен көрермен-

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 69 беті

дердің көңіл-күйін көтеретіндей, эстетикалық қажетін өтейтіндей тартымды, әсерлі жүргізілуі).

Публицистикалық стильдің басты ерекшелігі: ол ұлттық әдеби тілдің жетілуіне, сөздік қазынасының толығуна зор ықпал етеді, сол арқылы әдеби тілдің лексикалық-грамматикалық жүйесіндегі даму сипатын, жаңа бірліктердің нормалану үдерісін көрсете алады.

Көпшілікке арналған мерзімді басылымдар тілінің ерекшелегі.

Көпшілікке арналған мерзімді басылымдар (газет, журнал, т.б.) тілі публицистикалық шығармалар тілі деп аталады. Публицистика латын тілінен аударғанда көпшілік, әлеумет деген мағынаны білдіреді. Газет, журналдардағы мақалалар, памфлет, очерк, т.б. шығармалар – публицистикалық туындылар.

Памфлет – белгілі бір құбылыстарды, беделді саяси және мәдени қайраткерді әшкереleуге арналған өткір сатирапты шығарма. Қара сөзben емес, өлең түрінде сатира үлгісінде жазылады. Публицистикалық стильде жазылған шығарма:

- Қоғамдық өмірмен тығыз байланысты болады.
- Жүртшылықты көптен хабардар етеді.
- Өте жинақы, тұжырымды болып құралады.
- Шешендік сөзді көп қолданады.

Публицистикалық стильдің жазба түрінің ең алғаш қалыптаса бастауы халықтың жалпы мәдениеті мен экономикасына байланысты. Мәдениеті ерте дамыған елдерде публицистикалық жанр ерте қалыптасады. Оған орыс тілі мысал бола алады. Ресейде XVIII ғасырда ең бірінші газет жарық көрді; сықақ журналдар шыға бастайды. Радищевтің “Санкт-Петербургтен Москвага саяхаты” сол кезде жалынды публицистикалық шығарма болып есептелген.

XIX ғасырдың екінші жартысы публицистикаға үлкен өзгерістер енген кез болды. Бұл кезде революцияшыл-демократтар публицистиканы царизмге қарсы күрес құралы етіп жұмсады. В. Г. Белинский, Н. А. Добролюбов, Н. Г. Чернышевский сияқты сыншы-публицисттер өздерінің сын мақалаларында қоғамдық құрылысты қатты сынға алып, революциялық идеяны қуаттады. Революциялық публицистиканың ең жоғарғы үлгісі марксистік-лениндік классикалық еңбектер болып саналады.

Жазба публицистика баспасөз мәдениетінің өркендер даму дәрежесін көрсетеді. Қазақ баспасөзі – Қазан төңкерісінің жемісі. “Қазақстанда революциядан бұрын баспа орны болған жоқ. Бірен-саран шыққан кітаптарда қазақ тілі бүрмаланып басылып жүрді. Қазақ тілінде ең тұңғыш басылған кітаптың бірі – “Қозы Қөрпеш – Баян сұлу” қисссасы (ең алғаш -1816 жылы басылыпты). Шоқанның, Ыбырайдың, Абайдың т. б. шығармалары Санкт-Петербургте, Қазан мен Уфада, Орынбор мен Ташкентте шыққан. 1913 жылы басылған азын-аулақ кітаптардың ішінде Спандияр Қобеевтің “Қалың мал” романы, “Айна”, “Қарлығаш” деген өлеңдері мен поэмалары Қазанда жарық көрді”.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25 мин

1. Публицистикалық шығармаға қойылатын талаптарды атаңыз.
2. Көпшілікке арналған мерзімді басылымдар тілінің ерекшелегі мәтінін оқып, түсінгеніңізді айтып беріңіз.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 10 мин

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қесіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР деңсаулық сактау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 70 беті

3. Зайсанбаев Т.К. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. К. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
- 4.Джумадиллаға Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
5. Абдурова Б.С., Асанова Ү.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Қесіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

1. Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ү. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Үлттық аударма бюросы, 2019
3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Kipre [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ү. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Үлттық аударма бюросы, 2019.
4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
5. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Үлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 5 мин

5.7. Бақылау: сұрақ жауап

Тапсырмалар

- 1.Публицистикалық стиль дегеніміз не?
- 2.Публицистикалық стильдің басты ерекшелігі.
- 3.Публицистикалық шығарма тілінің сөз бедері дегеніміз не?
- 4.Стиль түрлеріне ауызша мысал келтіріп, дәлелденіз.

№ 23 сабак

5.1. Тақырып: Ресми іс қағаздары тілінің сөз бедері. Іс қағаздарындағы дайын сөз үлгілері мен тілдік стандарттар.

Сағат саны : 3сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: қатынас қағаздары туралы түсінік беру, жазылу жолдарын ұғындыру,стиль түрлерінен ажыратада білуді үйрету.

5.3. Оқу міндеттері : студенттердің тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Ресми іс қағаздары тілінің сөз бедері. Іс қағаздарындағы дайын сөз үлгілері мен тілдік стандарттар.
- 2.Күнделікті қолданыстағы сөздердің ресми іс қағаздар құралына айналу жолдары. Ұғым түрлері.
5. **Білім берудің және оқытуудың әдістері:** шағын топпен жұмыс.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттің 71 беті

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

Ресми іс қағаздары тілінің сөз бедері. Иc қағаздарындағы дайын сөз үлгілері мен тілдік стандарттар.

Ресми іс қағаздар тілі- әдеби тілдің стильтік тармақтарының бірі болғандықтан әдеби тіл деген мәселеге де тоқтала кеткенді жөн көрдік. Әдеби тіл- жүйелі қалыпқа түскен, стильтік тармақтары бар, қоғамдық қызметі әр алуан тіл. Әдеби тіл жалпы халықтық тілдің ең жоғары формасы болып есептеледі. Қоғамның, мемлекеттің дамуымен байланысты, сол мемлекет тілінің байлығы, мәдениеті артып, қолданылу аясы да кеңеңе түседі. Мемлекет тілі- көркем әдебиеттің, ғылымның, іс- қағаздардың, өнер- білімнің, баспасөздің тілі. Тілдің қалыпқа түсүі, дамуы халықтың жазба мәдениетімен тікелей байланысты. Жазба мәдениет арқылы тіл байлықтары екшеленіп, құрылышы да жүйелі қалыпқа түсіп дамиды. Яғни халықтың жазба мәдениетінің болуы тілдің әдеби қалыпқа түсінің негізгі шарттарының бірі.Әдеби тілдің негізгі белгілерінің бірі – бірізділік. Бұл бірізділік тілдің орфографиясында да, грамматикасында да, терминологиясында да сақталуға тиіс. Яғни тілдегі сөздердің бір ізге түскен айтылу нормасы, жазылу нормасы, қолданылу нормасы болу керек.Жазба әдеби тіл қоғамның мемлекеттің ресми тілі болғандықтан оның қызметі де, қолданылу аясы да барынша кең болады. Тіл мемлекетте жүргізілетін іс қағаздарының, әдебиеттің, оқу-агарту, тәрбие жұмыстарының, саясаттың, өнер-білімнің, бұқаралық ақпарат құралдарының барлық салаларында қызмет атқарады. Осыған орай тілдің түрлі стильтік тармақары пайда болады. Қазіргі қазақ әдеби тілінің мынадай стильтік тармақтары бар:

Ресми іс қағаздар тілінің стилі;

Публицистикалық стиль;

Ғылыми – көпшілік әдебиет стилі;

Көркем әдебиет стилі;

Ауызекі сөйлеу тілінің стилі;

Әдеби тіл халықтың ауызекі сөйлеу тілімен тығыз байланыста болады. Себебі әдеби тіл халық тілі байлығының негізенде толығып, кемелденіп отырады да, халық тілі де өз есебінде әдеби тілдің ықпалы арқылы көркемденіп, дамып отырады. Кез-келген қоғамдағы мәдениетті адам әдеби тілде сөйлеуге тырысады. Дамыған, өркениетті мемлекетте бұл – жалпыхалықтық дәстүрге айналады. Осының нәтижесінде қоғамда әдеби тілдің жазба түрі және сөйлеу түрі пайда болады. Тілді дамытып жүйеге салуда, сөздерді ұтымды пайдаланып, тіл шеберлігінің жаңа үлгілерін тудыруда, тіл мәдениетін дамытуда жеке адамдардың, сөз өнері шеберлерінің ерекше әсері, рөлі болғанымен әдеби тілді жеке адамдар жасамайды. Сөз өнері шеберлері белгілі бір кезеңдегі әдеби тілді жаңа сатыға көтеруге ықпал еткенімен қазақ әдеби тілі қазақ жерін мекендейген халықтың тіл байлығын шебер, ұтымды пайдалана білуі, дамытуы, қалыпқа түсіруі негізінде жасалды. Қазақтың халық болып құралған шағы 15 ғасыр екені тарихтан белгілі. Бірақ бұдан қазақ әдеби тілі де сол кезде қалыптасты деген ұғым тумауы керек. 15 ғасырға дейін түркі халықтарына ортақ жазба ескерткіштер де, әдеби тіл де болған. Бірақ құллі қоғамға қызмет ететін, қоғамда қарым – қатынас жасаудың жоғары формасы болып табылатын қазақ әдеби тілі бірден қалыптаса қойған жоқ.


Ресми, іс қағаздар тілінің стилі. Ресми, іс қағаздар стилі кейде кенсе стилі, ресми стиль, іс қағаздар стилі деп те айтыла береді. Ресми, іс қағаздар тілінің ерекшелігі, онда факті дәл көрсетіліп, бір ізben жүйелі жазуға айрықша мән беріледі. Өйткені іс қағаздары да, ресми құжаттар да ерекше қатынас жасау құралы болып саналады. Бұл стиль ел билеу, мемлекет жұмыстарын жүргізумен байланысты. Қазақ елін Алтын Орда хандығы, бертінде қазақ хандары билеген кездерде әр түрлі жарлық, шарт, қатынас қағаздар болды. Бірақ олардың тілі, құрылышы қазақ тілінің ерекшеліктеріне негізделмей, Орта Азия халықтарына ортақ әдеби тілге

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	<p>SKMA —1979—</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 72 беті

негізделген болатын. Ресми, іс қағаздарының түрлері қазір екі тілде (орыс, қазак) пайдаланылады. Дегенмен ресми, іс қағаздарының түрлері қазір көбінесе орыс тілінде жазылады. Олардың ішінде жарлық, зан, жарғы т.б. мемлекеттік құжаттар орыс тілінен қазақшаға аударылып, газетке басылып отырады. Сондықтан қазақ тілінде қолданылып жүрген қалыптасқан сөз орамдарының көпшілігі орыс тілінің ықпалымен жасалған: *қызы мақұлдау, қызы қарқын, тұрмыстық қызмет, қызмет көрсету, жүзеге асыру, қамтамасыз ету, өз күшінде қалдыру, қол жеткен табыс, кең жол ашу, іске қосу, мәселе көтеру, алғыс жариялау, сөгіс жариялау* т.б. Мұндай сөз орамдары іс қағаздары мен ресми құжаттарда дайын тілдік единица ретінде жүмсалып, ол қағаз үлгілеріне кеңселік сипат береді. Көптеген сөздер белгілі бір стильге телулі болады да, қолданылу жағынан шектеліп отырады. Мысалы, *тагайындалсын, міндеттелсін, осы анықтама берілді, қауыл етеді, жарлық етеді, түсініктеме сияқты* сөздер мен сөз тіркестері ресми, іс қағаздар стиліне тән. Ресми іс қағаздарына кейде бір заттың я ұғымының атауы қолданылу орнына қарай әр түрлі аталады. Мысалы, адам деген сөз ресми құжаттарда – *азамат, жолдас, телефон стациясында – абонент, ательеде – заказ беруші, шаштаразда – клиент, ауруханада – науқас, санаториде – демалуши, тыныштуши, транспортта – жоллауши* т.б. болып айтылады. Ис қағаздар стиліне әр түрлі мекемелерде жүргізілетін жазу үлгілері жатады. Ис қағаздары белгілі бір форма бойынша жазылады. Ол форманың түрлі үлгілері болады. Ис қағаздарының үлгілеріне өтініш, сенімхат, қолхат, анықтама, мінездеме, шакыру билеті, хабарландыру, қатынас қағазы, акт, мәлімдеме, хаттама, шарт, міндеттеме, бұйрық, есеп т.б. жатады. Ис қағаздарының әрқайсысының бүрыннан белгілі бірынғай сөздері мен сөз тіркестері, сөйлем үлгілері болады. Ис қағаздары көбінесе сол үлгі бойынша жазылады. Ресми құжаттарда саяси- публицистикалық лексиканың, әкімшілік терминдердің қолданылуы басым келеді.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин

Кесте бойынша талқыланадар.



<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 73 беті

Ісқағаздары, оның түрлері туралы мәліметтерді есте сақтай отырып, оку құралының көмегінсіз 2-кестені толтырыңыз.

1-кесте

Құжаттың аты Мазмұндық-құрылымдық жүйесі

Қандай жағдайда жазылады

Өмірбаян Аты-жөні, туған жылы, айы, күні, туған жері, үлтys, білімі, оқыған оку орындары, қоғамдық-саяси қызметі, ата-анасы, жұбайы, балалары туралы мәлімет, [казіргі жұмысы](#), мекен-жайы

1. Қызметке орналасу кезінде
2. Оку орнына түсерде

Түйіндеме Аты-жөні, туған жылы, күні, айы, туған жері, үлтys, жынысы, мекен-жайы, телефоны, отбасы жағдайы, азаматтығы, білімі, бітірген, оку орындары, кәсіби біліктілігі мен кәсіби тәжірибесі, тілдік дағылары, компьютерлік сауаттылығы, жеке қасиеттері - қызығушылығы туралы мәлімет, қосымша ақпараттар

Өз өмірбаяны мен жұмыс тәжірибесінің, мамандығының икемділігін ұтмыы көрсете отырып, ойлаған жұмыс орнына қол жеткізу

Мінездеме Тақырыбы, мінездеме берілетін адам туралы қысқаша мәлімет, негізгі мәтін, қорытынды, мінездемені талап етуші үйымның аты, мінездеме берілген күн, ай, жыл, мінездеме берушінің аты-жөні, фамилиясы, қолы, қосымша (егер болса), мінездеменің тақырыбы параптың жоғарғы жағын ала, орта тұсина қарай үлкен әріптермен жазылады.

Қызметкерді басқа бір вакансияға немесе оку орнына ұсыну мақсатында жазылады.

Өтініш Мекеменің толық аты, [басшының қызметі](#), атағы, аты-жөні, құжат аты, мазмұны, жазылу мерзімі, қолы, өтініш берушінің аты жөні, кейде мекен жайы.

Жұмысқа қабылдау, жұмыстан босату, басқа жұмысқа ауыстыру, кезекті демалыс сұрау, кезектен тыс демалыс сұрау, материалдық көмек (пәтер бөлу), балабақшадан орын бөлу және т.б. туралы сұрау; жалақыны көтеру туралы өтініш айтуда жоне т.б.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттің 74 беті

Сенімхат құжат атауы, күні, айы, жылды, мекен-жайы, сенімхат беруші туралы толық мәлімет (аты-жөні, мекен-жайы, жеке қуәлік нөмірі), сенім білдірілетін түлға туралы толық мәлімет (аты-жөні, мекен-жайы, жеке қуәлік нөмірі), алынғат заттың атауы (егер ақша болса, көлемі санмен де, жазбаша да көрсетіледі), қайтарылатын нақты уақыты, қайтара алмаған жағдайдағы шарты, нотариалдық мекеме мөрі.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 15 мин **Әдебиет.**

5.6.

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
3. Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
4. Джумадиллана Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
5. Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

1. Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Kiprіспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кенесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.
4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
5. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

№24 сабак

5.1. Тақырып: Ғылыми әдебиет тілінің сөз бедері. Ғылыми әдебиеттегі атаулардың ерекшелігі.

Сағат саны : 2сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Оқушылар ғылыми әдебиет тілінің сөз бедері туралы біледі. Ғылыми әдебиет тілінің қолданылу аясын, стилдік сипатын, тілдік амал-тәсілдерін, мақсатын біледі.

Өз өкілеттілігі мен құқын екінші бір адамға берерде жазылады.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттің 75 беті

5.3. Оқу міндеттері : студенттердің тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин

Жаңа сабакты түсіндіру: 20 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Фылыми әдебиет тілінің сөз бедері. Фылыми әдебиеттегі атаулардың ерекшелігі.
2. Түрмистық және ғылыми ұғымдар. Стильдік контраст. Бөгде стильдік элементтер.
3. Сөз әсерлігінің сөзге, мәтінге, таруға, бөлімге тұтас шығармаға қатысы.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытуыш тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Студенттер өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

Тақырыпты өрбіту:

1. презентациялар жүргізу.
2. конференциялар жүргізу

Ғылыми әдебиет тілінің сөз бедері.

Ғылыми стиль — жазба стилінің бір түрі. Бұған казақ тілінде әр салада жазылған ғылымғ шығармалар жатады. Ғылыми стилінде зерттеу объектісі болатын — зат не құбылыс ғылыми негізде сипатталып, дәлелдеуді қажет етеді. Ал, пікір дұрыстығын дәлелдеу үшін мұнда логика заңына, яғни дұрыс ойлау заңына, сүйену қажет. Сондықтан, ғылыми стилінде логиканың маңызы ерекше. Ғылыми шығармалар жалпы халықтық әдеби тілде жазылады. Бірақ, тілдік тәсілдерді пайдалануда, оның өзінің ерекшелігі болады.

Ғылыми стилінде лексикасындағы ерекшелік: сөз тек өзінің негізгі мағынасында жүмсалады. Сөздің көп мағыналылығы, образды сөздер мұнда аз кездеседі. Ғылым салаларының ерекшеліктеріне қарай әр саланың арнайы термин сөздері болады. Мысалы, тілбілімінде лингвистика, лексика, фразеология, семасиология т. б. физикада анод, вакуум, атом, атомдық салмақ, шама т. б. Сонымен бірге белгілі бір ғылымның саласында қолдану аясына байланысты жалпылама лексиканың кейбір сөздері термин сөзге айналады. Ғылым ылғи алға басыга дамып, отыратыны белгілі. Ғылымның дамуымен бірге жаңа ұғымдар туып отырады. Оны белгілейтін жаңа сөз — неологизмдер — туады. Ғылымның белгілі бір саласында қолдану нәтижесінде пайда болған неологизмдердің өмірінің ұзак, қысқа болуы ғылымның сол саласының өмірде алатын орнына, практикалық мәніне байланысты. Мысалы, социализм, коммунизм сөздерін алатын болсақ, бір кезде марксистік-ленивдік ғылыми-теориялық еңбектерде термин ретінде ғана қолданылса, қазір жалпы халықтық лексикаға айналыш отыр. Сол сияқты космос, космосты игеру, жердің жасанды серігі, жеті жылдық сөздері де өздерінің практикалық мәнімен танылып, берік қалыптасты. Ғылыми стилінде жалпы жазу тіліне тән синтаксистік құрылым пайдаланылады. Бұл стилінде негізгі ерекшелігі — мұнда ой күр-дөлі баяндалып, анықтама, дәлелдеме және формулаларға негіз-делуінде. Сонымен бірге, әрбір ғылым саласының өзінің ерекше-лігіне қарай баяндау тәсілінде кейбір өзгешеліктері болады. Мысалы, химия оқулығында былай делінген: Газ күйіндегі қандай заттың болса да граммолекулалары бірдей жағдайда, бірдей көлем алады. 1. Физикада: Бір инерция моментінен екінші инерция моментаға көшу мына теория бойынша орындалады: кең келген айна-лыс осіне қатысты инерция моменті сол оське параллель, ауырлық центрінен өтетін оське қатысты инерция моменті мен дене массасының сол дене ауырлық центрінің айналыс осінен қашықтығы квадратының көбейтіндісінің

қосындысына тең болады. Бұл келтірілген мысалдарда жалпыға бірдей түсінікті бола бермейтін молекула, инерция, масса, ось сияқты қоپтеген термин сөздер — осы мамандықтағы адамдарға-ғана таныс. Сонымен қа-тар, ұғымның түсіндірілуі де ғылымның басқа салаларынан өзгеше берілген. Әсіреле қоғамдық ғылымдарда тілдің еркін және мәнерлі қолданылатыны байқалады. Оны В. Г. Белинскийдің мына бір сөзінен аңғаруға болады. “Сана дегеніміз — өмірдің рухы, оның жаңы, поэзия дегеніміз — өмірдің күлімдегені; оның тасқынды ай-қын жүзінің тез ауысып отыратын түйсігі. Жаратылыста сирек кездесетін әдемі әйелдер болады, бірақ оның сол сымбатты көр-кемдігінің жансыздығымен таң қалдырғанымен де, жүрістүрысын-да икемдігі, грация болмаса, мұндай әйелдер өзінше асқан көркем болғанымен, де және сізді таңырқатқанымен де, оның кездесуі еш-кімнің жүргегін тебіренте алмайды, оның көркемдігі маҳабbat туғы-за алмайды, сондықтан маҳаббатыз сұлулық та, өмір де, поэзия да жок”. Екінші бір мысал, Мұқтар Әуезовтің зерттеу еңбектерінен: “...Абай лирикалық, эстетикалық тақырыптарының маҳаббатқа арналған жайына тағы да тыңнан жазған екі өлеңмен оралды. Бұлары: “Қызырып, сұрланып”, “Қөзімнің қарасы”. Бұрын да осы тақырыпқа әр алуан үлгіде оралып соғып отыратын ақын мына З В. Г. Б е л и н с к и й Таңдамалы шығармалары, Алматы, 1948, 88-бет қазакша).нау екі өлеңінде және де екі алуан өзгешелік байқатады. “Қызырып, сұрланып” өлеңі Пушкин, Лермонтов шығармалары сияқты үлкен бір шындықпен, ы с т ы қ ж а л ы н м е н жырланған. Маҳаббатты табиғаттың көркембесінегінеболеп көрсетеді. Жасырын кеште алғаш кездесіп, сөз таба алмай, тек қана лупіл қаққан жүрекпен, қа б а қ п е н сыр танытқан жастар көрінеді. Өрепкіген қуаныш арасында а л а б ұ р т қ а н д а ғ д а р ы с та бар. Сэт сайын ауысқан сәл құбылыстар ол жастардың ақыл, сезімін билеген. Бар тынысы бусанып көрініп туған жанды маҳаббат жырланады. Бұл өлең маҳаббат психологиясын аса нәзік сезінген шеберлікті танытады. Ақын осындай терең күйде жалындаған шындық пен табысқан жүректерді құптаап, қостайды. Шын маҳаббат сөзсіз, үнсіз-ақ танылсын, ыстық жалынды кеуденің тынысымен-ақ білінсін, айтылып болмастай ыммен, емеурінмен танылатын болсын дейді. Сондай ғашықтықты жастарға үлгі еткенде, бір жағынан, интимная лирика арқылы нәзік сырды тереңдетеді. Екіншіден, өзінің реалистігіне берік ақын аса конкретті жайларды суреттейді. Түстей түманға, белгісізге батқан қиял жок. Абайдың маҳаббат жайындағы ең нәзік, екі көркем терең сөздері осы өлеңнен көрінген.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25 мин

1-тапсырма. Мәтінді оқып шығып, мазмұнын қысқаша баяндаңыз. Шегіртке атауының терминдік мағынасын көрсетіңіз. Ұршық, сан, табан атауының терминдік мағынасын күнделікті түрмиста қолданылатын лексикалық мағыналарымен салыстырыңыз.

Шегірткелердің сыртқы бітімі.

"Ат басты, арқар мүйізді, бөрі кеуделі, бөкен санды, құс қанатты, құмырсқа ізді, бота тірсекті" деп қазақтың жұмбағында шегірткені суреттейді. Қазақтың бұл айтуы шегірткенің сыртқы бітіміне дүп-дұрыс келеді. Шегірткенің денесі - бас, көкірек, құрсақ деген үш бөлімге айырылады. Бөлімдердің әрқайсысы да бірігіп тұрған буындардан (сегменттерден) құралады. Шегірткенің сырты қитын деген қабықпен қаптаулы. Орнына қарай қитынның қалыңдығы да, қаттылығы да түрліше. Сегменттердің жалғасқан орнында қитын өте жұқа, жұмсақ, сондықтан сегменттер қымылдағыш келеді. Шегірткенің басы жылқының басына өте ұқсас. Мойны қысқа, жіңішке. Бастың алдында бір-бірден екі ұзын мұрты (мүйізі) бар. Мұрт дененің түркынан ұзын. Буын-буын мұрт - шегірткенің сезім мүшесі. Шегіртке мұртымен иіскеп, сипап сезеді. Бастың төменгі жағында аузы бар. Ауыздың екі жағында екі-екіден төрт жағы бар. Жоғарыда, төменде ауызды айнала жатқан екі ерін бар. Жоғарғы жағы (екеу) қатты қитыннан жарапған өткір орақ. Орақтың жузі біреу. Екі орақ айқасқанда, қайшыдай қияды. Төменгі жақ (екеу) өткір тақташық. Төменгі жақтан салбырап шығып тұрған, буындалып түзілген бірбірден жақ барлауылдары бар. Шегіртке жүргенде осы барлауылдармен тіміскілеп, жерді қармалап жүреді. Жоғарғы ерін тақташық секілді. Төменгі ерін де кұрама тақташық. Төменгі еріннің барлауылы бар. Барлауыл -

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттің 77 беті

сезім мүше. Шегірткенің басы, шындығында, буындақан бірнеше бөлімшеден түзілген. Баstryң құрама екені көзге жарытып байқалмайды. Көкірек те үш сегменттен құралған. Әр сегментте екі-екіден аяқ бар. Әрбір аяқ жалғасқан бірнеше бөлімдерден жаралған. Аяқтың денеге жабысқан топшыдағы бөлімін жамбас дейді. Жамбастан соңғы кішкене бөлімді ұршық дейді. Ұршықтан соң келетін ірі бөлімді сан деп атайды. Саннан соңғы бөлім — сирақ. Сирактың сырты тікен. Сирактан соңғы бөлімді аяқтың ұшы не табан дейміз. Аяқтың ұшы бірнеше буындақан бөлімдерден түзілген. Аяқтың ұшында екі тырнағы (тұқайы) бар. Шегірткенің артқы аяғы өнге құрт-құмырсқаларға қарағанда өте ұзын болады, секіруге жұмсалады. Жүргенде шегірткенің аяқтары кезектесіп көтеріледі. Уш аяғы көтерілгенде, қалған үш аяғы жерге тиіп тұрады. Бір жағындағы бірінші, үшінші аяқ пен екінші жағындағы екінші аяқ қатар көтеріледі.

Х.Досмұхамедұлы. "Жануарлар" кітабынан

2-тапсырма. Мәтіндердің стильдік ерекшелігіне талдау жасаңыз. Ғылыми стильтеге тән сөз бедерін көрсетіңіз.

Інжугұл

Інжугұл — көпжылдық шөптектес өсімдік. Тамырсабағы көлбей өседі, жапырақтары ұзын сағақты, сопақ пішінді, ұзындығы 10—12 см, ені 4—8 см. Гүлдері селдір шашаң, гүлшоғырын құрайды, жеке гүлінің пішіні қоңырау тәрізді болады. Құлтесі ақ түсті, әдемі хош иісті. Мамыр, маусым айларында гүлдейді. Жемісі — қауашақ немесе жидек. Гүлі бунақденелер арқылы тозанданады. Жемісі жануарлар арқылы таралады. Інжугұл — улы өсімдік. Оның құрамында эфир майы, жүрек жұмысын жақсартатын гликозид болады. Ол химиялық құрамы жағынан жоғары бағаланады, сондықтан дәрілік өсімдіктерге жатады. Гүлі ақ, иіссу өнеркәсібінде пайдаланады. Інжугұл азайып бара жатқандықтан корғауға алынып, Қызыл кітапқа енгізілген. Сондықтан жерасты тамырсабағына зақым келтірмеу керек. Інжугұл Батыс Еуропа, Солтүстік Америка Батыс Қазақстан ормандарында, өзеннің бойында, емен, шірінді бұта араларында өседі. Әсемдік үшін гүлзарларда, бақтарда қолдан өсіріледі.

"Өсімдіктану" кітабынан.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 10 мин

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қесіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оку құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
3. Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оку құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҮР, 2019. - 148бет.
- 4.Джумадиллава Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оку-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
5. Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оку құралы.- Астана, 2017. -282 б.
6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Қесіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

1. Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҮР, 2016. - 186 бет.
2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Кіріспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 78 беті

4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.

5. Қазақ тілі: ұш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130

6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 5 мин

5.7. Бақылау: сұрақ жауап

1. Ғылыми әдебиет тілінің сөз бедері мәтінін оқып шығып, түсінгенізді айтып беріңіз.

2. Ғылыми стильдің қолданыс аймағы, түрлері.

3. Ғылыми стильдің фонетикалық ерекшеліктері.

4. Ғылыми стильдің лексика-фразеологиялық ерекшеліктері.

5. Ғылыми стильдің морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктері.

№ 25 сабак

5.1. Тақырып: Тілдік қарым-қатынас туралы түсінік.

Сағат саны : 3сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: қарым-қатынас және сөз мәдениеті туралы білімдерін толықтыра отырып, өз ойын ашық айтуға, сөйлесуге үйрету.

Сөз, сөйлесу мәдениетін менгеріп, оны өз бойында қалыптастырып, жеке тұлға тәрбиелеу.

5.3. Оқу мақсаттары:

Оқушыларға «жақсы қарым-қатынас жасауды білу және солай әрекет ету – әрбір адамның міндегі» деген қағиданы ұстаным ретінде қалыптастырып ой-өрісін дамыту, сөздік қорларын молайту, логикалық ойларын, шығармашылық танымдық қабілеттерін арттыру.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Тілдік қарым-қатынас туралы түсінік.

2.Қоғамдағы әдет-ғұрып, қарым-қатынас дәстүрі. Тіл-сезім білдірудің құралы.

3.Сөйлеу этикеті ұғымы. Сөз мағыналарының құбылуы.

4. Сыпайылықты білдіретін сөз орамдары, каратпа сөздер. Сөйлеушілердің әлеуметтік белгілері. Сөздің ортаға байланысты қолданылу жағдаяты мен мәні.);

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

«Бермесен, бермей-ақ қой баспананды,

Сонда да тастамаймын астанамды.

Өлеңнің отын жағып жылтытамын,

Өзімді, әйелімді,

жас баламды», — деп жырлаган

Қасым Аманжоловтың өлең жолдарын талдау.

Жаңа сабакты түсіндіру:

Тілдік қарым-қатынас туралы түсінік.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA —1979—</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 79 беті

Тіл- қоғамның ең қажетті қатынас құралы. Сондықтан қоғамды дамытудың басты ұстанымы –мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту.

Адамдар өзара тілдік және тілсіз құралдармен қарым –қатынас жасайды. Тілдік қарым-қатынас бұл бір адамның басқа адамға сөз көмегімен ақпарат беруі және оны зерделеуі. Тілсіз қарым–қатынасқа: ым-ишараптар, мимика, пантомимика, дауыс тембрі, дауыстылығы, сөздің тездігі, үзіліс, күлкі, көз арқылы контакт, жанасу жатады. Адамдардың бір-бірімен араласуында ең кемі екі тұлға қажет. Олардың бірі ақпаратты бағыттайды, оны коммуникатор десе , екіншісі қабылдайды, ол реципиент.

Олар мұны неге істейді? Бір –бірімен өз қатынастарын құру, бір-бірін түсіну, ақпарат алмасу, бірлесіп еңбек ету, оку, кеңес беру, эмоцияларды білдіру, ойнау, әмір ету, жиналған тәжірибесін беру үшін

Адамның қоғамда өз орнын табуында көпшілік құрметі мен сеніміне ие болуында кемел ғұмыр кешуінде орнымен, дәмді, дәйекті сөйлей білуі, тауып айтатын тапқырлығы үлкен рөл атқарады Өйткені ақылы кемел, кісілігі зор , білімі мол адам ғана солай сөйлей алады. Орынды сөйлеу, кисынды сөйлеу- ол да бір дара бақыт. Сондықтан әр елден шыққан арғы-бергрі заман даналарының, ақылгөйлерінің сөздің, сөйлеудің маңызын аса жоғары бағалап ой толғамағаны жоқ десе де болады.

Ұлы ақын Абай тіл құдіретін :

Өткірдің жүзі

Кестенің бізі

Өрнегін сендей сала алмас,- деп тамсана бағаласа, түрікменнің ұлы ақыны Мақтұмұлы тауып сөйлеген сөзді «Тілден шұғыла шашқанға» балайды.

Тілдік қатынас- тілдердің құрылымына, сөздік қорына ықпал ететін екі немесе одан да көп тілдердің бір немесе іргелес тілдік кеңістіктеге қатар өмір сүруі және өзара байланысы. Шарттты түрде тілдік қатынастар құбылыстарын түсіндірудің үш бағытын көрсетуге болады.

1. Әлеуметтік тіл білімі тұрғысынан – әр түрлі тілді социумдардың өзара ықпалы ретінде, яғни белгілі бір тілдік жағдаят ретінде.

2. Психолингвистикалық тұрғыда -индибудуалдық қостілділік ретінде

3. Таза лингвистикалық денгейде - екі өз алдына дербес тілдік жүйелердің араласуы, ықпалдасуы ретінде.

Қазіргі таңда тілдік қатынастар көпқырлы құбылыс ретінде жаңа қырынан психолингвистика, мәдениеттану, саясаттану деректерін тарту негізінде қарастырылып жүр. Сондықтан тілдік қатынас бағытының аталған ғылымдармен байланысы өте тығыз.

5.2. Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин

1-тапсырма: Оқып шығындар.

Шет елдерде тұратын қазақтардың шамамен саны

1. Қытайда 1 млн 296 мындаі
2. Монголияда 157 мындаі
3. Ауғаныстанда 45 мындаі
4. Туркияда 30 мындаі
5. Иранда 15 мындаі
6. АҚШ-та 10 мындаі
7. Германияда 7 мындаі
8. Канадада 5 мындаі
9. Францияда 4 мындаі
10. Пәкістанда 3 мындаі
11. Англияда 2 мындаі
12. Швецияда 1 мындаі
13. Австрияда 0,9 мындаі
14. Арабстанда 0,8 мындаі

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндө	124 беттін 80 беті

15. Австралияда 0,6 мыңдай
16. Аргентинада 0,4 мыңдай
17. Үндістанда 0,3 мың
18. Шет елдерде барлығы 1 млн.578 мыңдай қазақтар тұрады.

2-тапсырма Жұмбактарды шешініздер.

Алпыс атым ала аяқ,
Жетпіс атым жел аяқ

Төрт қарны бар,
Бір аузы бар

(Y...)

(K...)

Төрттен қосқан басы бар,
Маңдайында шашы бар.
Өзің көрген баяғы, .
Салпылдайды сабағы.

(T...)

Төрт сауықсан бір шұнқырға құяды
(C...e...)

3. Тапсырма. Жұмбактарды шешіндер.

Қиналып көтеріп, Өзіңнен ауырды. Жорғалап кетеді, Жұкшідей кәдімгі, Көтеріліп теңізден, Аспанға биік барамын. Өрінен мен түскенде, Өңі кірер даланың.
2. Аспанда жүзеді, қанатын қақпайды жерге де жүреді, бауырлап жатпайды.
3. Бір-біріне қарай тіркесіп, Қара тұлпар жүр әрі-бері көшіп.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 15 мин

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қесіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
3. Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
4. Джумадиллана Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
5. Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (B1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Қесіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

1. Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Кіріспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.
4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
5. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттін 81 беті

6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Үлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 10 мин

5.7. Бақылау:

Тапсырма: «Қазақстанның үлттық өлкесі» туралы тақырыпқа презентация жасау.

4. Тілдің қоғамдағы ролі қандай?

5. Тіл туралы нақыл сөздер жазындар.

№ 26 сабак

5.1. Тақырып: Әлеуметтік-тұрмыстық қатынастағы сөз әдебі.

Сағат саны : 2сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Әлеуметтік –тұрмыстық қатынастағы және сөз мәдениеті туралы білімдерін толықтыра отырып, өз ойын ашық айтуда, сөйлесуге үйрету.

Сөз, сөйлесу мәдениетін менгеріп, оны өз бойында жақсы әдеттерді қалыптастырып, жеке тұлға тәрбиелеу. Студенттерге «жақсы қарым-қатынас жасауды білу және солай әрекет ету – әрбір адамның міндегі» деген қағиданы ұстаным ретінде қалыптастырып ой-өрісін дамыту, сөздік қорларын молайту, логикалық ойларын, шығармашылық танымдық қабілеттерін арттыру.

5.3. Оқу міндеттері : оқушылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін терендете түсу.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Әлеуметтік –тұрмыстық қатынастағы сөз әдебі.

2.Әлеуметтік-тұрмыстық қатынаста қолданылатын сөз түрлері.

3. Әлеуметтік-тұрмыстық қатынастың тілдік сипаты, тілдік құралдары. Әлеуметтік –тұрмыстық қатынасқа тән сөз әдебі.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: пікір-талас

Пікір-талас – оқытушы тарарапынан ұсынылған негізгі мәселелер төңірегінде пікір-таласқа қатысушылар жақтаушы не даттаушы болып екіге бөлініп, өзінің көзқарасын нақты мәліметтерді, дәйектемелерді көрсете отырып дәлелдейді. Өзінің қарсыласын жеңе алатындағы дәлелдер келтіріп, сөз шеберлігін, қызуқандылық танытады. Пікір-таласты оқытушы бақылап, бағыт береді.

Гылыми-кәсіби тілдесуді дамытуда қандай іс-әрекеттерді жүргізу керек?

Жаңа сабакты түсіндіру: 20 мин.

Әлеуметтік –тұрмыстық қатынастағы сөз әдебі.

Қазақ халқының тұрмыстық қарым-қатынастағы тілдесуі салт- дәстүр, әдеп-ғұрыптың шенберінде таразыға түсіп тұрады.

Болашағын баласының адал, бақытты ғұмырымен ғана елестетіп, соны арман еткен халық үрпағын туған күнінен бастап бесік жырымен әлдилеп жақсылық тілейді. Есейе келе баланың әр ісіне, қадамына қуанып, «Азамат бол!» «Көп жаса!» «Елдің алды бол!», «Өркенің өссін!», «Қадамыңа нұр бітсін!», «Бағың жансын!», «Жұлдызың жоғары болсын!», т.б. мейірімге толы сөздерімен өсіреді. Балаға айтылатын сөздердің өзі айтушының шамасына да байланысты. Үлкен апа-әпкелерінің сағынып, тілек, қошемет, сыйыну, табыну, тәубешілікпен айтатын сөздерін жас қыздар, бойжеткендер айтуда обестік. Ал қариялар айттар ақыл сөздер мен алғыс, ризалық, бата, тілекті, жастар көп ауызға алмайды. Әлеуметтік-тұрмыстық қарым-қатынастағы

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттін 82 беті

тұрмыстық сөздер деп күнделікті өмірлік қарым-қатынаста, ауызекі сөйлеу тілінде қолданылатын сөздердің айтады. Ол отбасы ортасында (ата-ана, ата-ана мен бала, бауыртуғандар арасында), дос-жаран, құрбы-құрдас ортасында және күнделікті өмір-тіршілікте адамдар арасында тілдесу, пікірлесудегі сөздер.

Әдеби тіл халықтың қоғамдық-әлеуметтік өміріне, саяси, шаруашылық жағдайына байланысты туып қалыптасады. Қоғамдық өзгерістерге қарай әдеби тілдің де жалпыхалықтық тілмен сабактастырылады.

Қазақ халқын қураған ру-тайпалардың, сондай-ақ кейінгі кезеңдердегі болсын қазақ қоғамындағы ауызекі сөйлеу тілінің лексикалық құрамын, грамматикалық құрылышын, фонетикалық жүйесін т.б. жай-қүйін, сипатын, ерекшеліктерін анықтау, дәл баға беру мүмкін емес екені мәлім. Бірақ зерттеушілер XI-XV ғасырларда жазылған ескерткіштер тілнің қазіргі қазақ тілінне құрылымы, жүйесі т.б. белгілері жағынан үқсастырын, кейбіреулерінің 70-80 пайызыға дейін ортақтықтарын дәлелдеді.

Қазіргі қазақ тілінің стильтері нақтыланған, әдеби тіл нормасы жүйеленген тіл екенін ескерсек, әлеуметтік-тұрмыстық тіл-әдеби тілдің негізгі арнасы. Бүгінгі тілде ауызекі тіл ресми тіл стилі, әдеби тіл стилі, ғылыми тіл стилі, публицистикалық стильтер түрлери бар. Сөздің түрлі сипатта айтылып, қызмет аясының, қолданылу өрісінің кеңеюіне де бастау болатын сөздердің өзі- әлеуметтік –тұрмыстық қарым-қатынастағы сөздер. Осы сөздердің алғашқы мағынасы негізінде сөздер түрлі стильтік бояуымен құлпыра түседі. Қоғамдық, саяси шаруашылық , тұрмыстық өзгерістерге байланысты тілде де өзгерістер болып тұруы заңды. Сөздер көнереді, жаңа сөздер кіреді немесе тілдегі бар сөздер жаңа мағынаға ауысады. Әдеби тіл үнемі даму мен қозғалыста болады. Әдеби тіл қоғамдағы барлық сала үшін қолданыс қызметімен анықталса, ұлттық тілден де ауызекі сөз өнері әлеуметтік- тұрмыстық тілдің де барлық денгейде өз ортасының қажетіне жарай алғанын көреміз. Әлеуметтік-тұрмыстық тіл-әдеби тіл тірегі, ал әдеби тіл- әлеуметтік-тұрмыстық тіл белгілерін жинақтаушы.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25 мин

1-тапсырма. Кестені толтырыңыздар.

Ауызекі тіл	Публицистикалық	Ғылыми	Ресми іс-қағаздары

Ғылыми журналға мақаласы, Президент жолдауы, түсіндірме жазба, досымен әнгіме, үйірмедегі баяндама, монография, қызметтік жазба, мәжіліс хат, газеттегі мақала отбасындағы әнгіме, жолдасына хат, нұсқау, реферат, сөздік, мақала (энциклопедиялықсөздіктегі), дебат, мерейтойдағы құттықтау, есеп, ұялы телефон арқылы туысқанымен сөйлесу, курсасымен реферат жазу туралы ақылдасу.

2- тапсырма Нақылдарды жаттап алыңыздар.

Балаң жаман болса,

Тұған балаң жақсы болса,

Көрінгеннің мазағы.

Екі көздің шырағы .

Атың жаман болса,

Мінген атың жақсы болса

Шыбын жаннның азабы.

Бұл дүниенің пырағы.

Қатының жаман болса,

Алған жарың жақсы болса

Бұл жалғаннның тозағы.

Мейманыңның тұрағы.

3-тапсырма Тіл туралы мақал-мәтелдерді жазып алыңыздар.

Ақылдың көркі-тіл, тілдің көркі –сөз

Сәлем берген саулық береді.

Білікті адамның сөзі- таза гұл.

Ақыл мен білімнің тілмашы- тіл.

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	<p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндегішкілдік		124 беттін 83 беті

Адамның сезі –акылының таразысы.

Тәрбие басы –тіл. (М.Қашқарі)

Әдептің басы-тіл (А.Иұғінеки)

Адамды екі нәрсе қартайтпайды : бірі жақсы-мінез, екіншісі- жақсы сез.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 10 мин

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қесіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР деңсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
3. Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
- 4.Джумадиллана Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
5. Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Қесіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

1. Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Kipreispe [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.
4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
5. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ 3.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 5 мин

5.7. Бақылау: Ауызша сұрақ-жауап, жаттығу жұмыстары, мәтінмен жұмыс

- 1.Әлеуметтік –тұрмыстық қатынастағы сез әдебі мәтінін оқып шығып, түсінгенізді айтып беріңіз.
- 2.Әлеуметтік – тұрмыстық қатынастағы тілдесу деген не, оны қалай түсінесің?
- 3.Тіл мәдениеті әр елдің мәдениетімен тығыз байланысты деген ұғымды қалай түсінесіз?

№ 27 сабак

5.1. Тақырып: Амандасу, қоштасу, құттықтау, көніл айту, тілек айту, бата беру.

Сағат саны : 3сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Мемлекеттік тіл мәртебесінің биіктеуіне үлес қосуға , оны суюге, асылымызды ардақтауға баулу. Сәлемдесу мәдениеттіліктің белгісі екенін түсіндіріп, сөздік корын молайту, еркін, айшықты сөйлеу, шығармашылық қабілеттерін арттыру.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттін 84 беті

5.3. Оқу міндеттері : оқышылардың тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқышылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Сәлемдесудің мақсаты. Сәлемдесу сөздерін талғап жұмсаудың талаптары.
- 2.Амандасуға жататын сөздердегі мағыналық,стильдік ерекшеліктер мен әлеуметтік сипат.
- 3.Амандасу этикеті: ұлттық дәстүр, жалпы адамзаттық нормалар.
- 4.Қоштасудың мақсаты. Қоштасу сөздерін талғап жұмсаудың талаптары.
- 5.Қоштасуға жататын сөздердегі мағыналық, стильдік ерешеліктері мен әлеуметтік сипат.
- 6.Тілек айтудың мақсаты. Экспрессивті сөздерді талғап жұмсаудың талаптары.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Бағыт беру

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

Амандасу, құттықтау тілек айту.

«Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа» дегендей, әлем елдерінде сәлемдесу рәсімдері әр түрлі. Сәлем сөзі- арабтың «тыныштық», «бейбітшілік» мағынасындағы «ассалам» сөзінен шыққан. Тегінде әдеп, адамшылық амандасудан басталады.

Амандасу – инабаттылық пен әдепке қатынас нормасы. Байырғы қазақ дәстүрі амандасулардың әлеуметтік тегінен, байлығынан және жалпы өмірдегі алатын орнынан белгі беретін болған. Дәрежесі тен, бірақ жақын таныс емес адамдар бір-бірінің бір қолын алып қана амандасқан; ал таныстар(ер адамдар) бір –біріне екі қолдарын береді және соң екі жаққа алма кезек иық тірестіріп құшақтасады. Немесе керісінше бір-бірін кеуделеріне қысып құшақтайды. Мұндай қымылдар кездесу кезінде жасалады.

«Ассалаумағалейкүм» арабша «Ассалаумалейум» - «сізге Құдайдың тыныштығы болсын» деген мағынаны білдіреді.

Әйелдер де кездескенде жалпы қабылданған әдettі сактаулары тиіс. Әлеуметтік жағдайлары тең әйелдер кезіккенде қол алыспайды тек бірі екіншісіне жайғана иіледі. Қазактар бір –бірімен жолыққанда бір-бірімен мал-жан аман ба? деп сұрауы олардың тұрмыс –тіршілігі құнқөріс өзегі, шаруашылық қатынастарының негізгі құралы саналған төрт тұлікпен тікелей қатысты болуына байланысты малды және отбасы туралы жөн сұрасу қалыптасқан нормаға айналған.

Алыс жолдан келген жолаушы, немесе сол елдің адамы ауыл ақсакалдарына, немесе белгілі адамдарға әдейі іздеп келіп сәлем беру, қалыптасқан ұлттық дәстүріміз.Халқымыз сәлемдесуге үлкен мән бергендейдіктен «жасы үлкен адамның артынан арнайы іздеп барып сәлем беру» деген сияқты дәстүрлер әлі күнге дейін қазақы қалыптың, даға мәдениетінің озық үлгісі ретінде өте қымбат тұтылады. Кейде «алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы шал сәлем береді» дегендей жөн білетін үлкендердің өзі барып сәлемдесетін де жол бар.

Көніл айту – азалы адамды жұбатуға арналған дәстүрлі ғұрыптық салт.

Бұл ізгі дәстүр көп халықтарда ертеден бар. Көніл айту жаны ашығандықты, қайғыға ортақтықты, жақындықты, сыйластықты білдіреді. Қазақ халқында кісі, отбасы, ауыл, ру басына түсken қайғы-касірет, өлім-жетімге байланысты көніл айту қара сөзben де, өлеңмен де айтылады. Қаза алдымен естіртіледі де (қ. Естірту), содан кейін көніл айту басталады. Көніл айтуға жұбату жалғасады. Бұл ғұрыптық салттардың бәрі өзара сабактасып, адам ойын тереңнен тербел, қайғысын сейілтетін филос. ойлы, үтқыр сөздермен көркем жеткізіледі. Негізгі ой мақал-мәтелмен алыстан орағытыла келе, қайғылы адамның жігерін қайрап, үмітін жебейді. Мыс., Байдалы би Уәлидің кіші әйелі Айғанымға { {Дәйексөз} “Уміт, сенім, тілек бар, қуантып,

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттін 85 беті

қуат алдыра. Жылау деген азап бар, қуартып отқа жандыра. Мен қайғынды қозғағалы келгем жоқ, қайратынды қолдағалы келдім” деген еken. Бөлтірік шешен қырғыз билеушісінің баласы қайтыс болғанда “

*Аққұ құсқа оқ тисе, қанатын суга тигізбес, Ақсүйекке оқ тисе, көришісіне сездірмес...
Әлімдердің ақ сөзі, өлгеніңді тірілтіп, өшкеніңді жандыра, Дос көтерер өлімді, бекем бу, төрем, беліңді!*”

деп көңіл айтты. Адамның қайғысын бөлісу қазақ қофамында ертеден тамырын үзбей келе жатқан рәсім.

Бата беру — адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі. Дастанкан басында, түрлі жиын-тойларда, т.б. адам өмірінде кездесер ірілі-ұсақты қуаныштар кезінде той, қуаныш иесіне арнап қол жайып, бата береді. Сондай-ақ, қыын сапар, алыс жолға аттанған азаматына ақ жол тілейтін халқымыздың ежелден келе жатқан, кең тараған дәстүрлерінің бірі. Бата беретіндер, көбіне, көпті көрген ақсақалдар мен кеменгер де дуалы ауызды билер болып келеді. Бата қысылғанда — қуат, қиналғанда—медет беріп, әрбір іс-әрекетіне данғыл жол ашып, бәләжаладан қорғайды деп есептелген. Бата көзі тірілерге ғана емес, аруақтарға да жасалған. Батасыз, тілексіз өмір болмайды. “Батамен ер көгереді, жаңбырмен жер көгереді” деп халқымыз текке айтпаған. Батаның да қисыны, айтылатын, айтылмайтын жері болады, қуаныш пен тойдың ретіне қарай, соған лайық Бата тілегі болады.

Бата қазақ фольклорының дербес, шағын жанры ретінде қарастырылады. Ұйқасты, ырғакты болып келетін, тұрақты образдарға негізделетін бата халқымыздың жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық, обал-саяуп турасындағы моральдық-этикалық түсініктерінің айғағы іспетті.

Мағыналық тұрғыда екі тұрге бөлінеді: ақ (оң) бата (алғыс), теріс бата (қарғыс). Қазақ халқының бата сөз ұлгілеріне В.Радлов, Ш.Уәлиханов, А. Васильев, Г. Потанин, т.б. зерттеушілер назар аударып, жинап жариялаған. Кейін батага Ислам дінінің әсері тиген. Осы күнгі бата отбасына амандық, молшылық, жастарға өмір, бақыт, білім тілеу мазмұнында болып келеді.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин.

1 -тапсырма Төмендегі сәлемдесу үлгілері кімдерге арналатынын анықтаңыз.

Сырттан кірген адамның дауыстап сәлем беруі-

Қолын кеудесіне салып, басын иіп сәлемдесу-

Төс қағыстырып сәлемдесу-

Тізе бүгіп иіліп сәлем беру-

Бауырына басып, бетінен, маңдайынан сую-

Маңдайына ернін тигізу.....

2 - тапсырма Төмендегі сәлемдесу ұнамды әдетке жата ма ?

Сәлемді селқос қабылдау, сәлемдескенде қолының ұшын ғана беру, жақтырмаған кейіп таныту, сәлемдескенде қабағын тұнерту, жүзін сұтып, сүйкімсіз тыржиту, естілер-естілмес сәлем беру.

3- тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіздер. Өзара пікір қосыныздар. Қорытып, берілген тақырыпқа әңгіме жазыңыздар.

Сәлем бере білесіз бе?

1. «Сөз анасы- сәлем» дегенді қалай түсінесіз ?
2. Сәлем беру деген не? Екі адам кездессе, кім бірінші сәлем береді. ? Топқа қарсы келгенде кім бұрын сәлем беру керек ?
3. Сәлемдесуді, ілтипат, ыстық көнілді қимылдармен қалай көрсетеді ?
4. Сәлемдесу әдебін қалай жасаған жөн ? Сәлемді қалай алған, қабылдаған дұрыс ?
5. Ерін ұшымен амандасу, ауыз жыбырлата сәлемдесу дегенді атарат айтып, әдет тұрғысынан қалай бағалар едіңіз ?
6. Өрісінді өрт шалмасын,
7. Жүрегінді дерт шалмасын.

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеге		124 беттін 86 беті

8. Айқасқан құшақ жазылмасын,
9. Табысқан жүрек басылмасын.
10. Ананды гүл дестедей құшақта,
11. Әкенді нәрестедей құшақта.
12. Сыrbаздығына сызат түспесін,

Адал көңіліне қаяу түспесін.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 15 мин

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
3. Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
4. Джумадиллана Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
5. Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосынша:

1. Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ү. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Үлттық аударма бюросы, 2019
3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Kіріспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ү. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Үлттық аударма бюросы, 2019.
4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
5. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Үлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 10 мин

5.7. Бақылау: сұрақ-жауап.

- 1.Амандасу, құттықтау тілек айту мәтінін оқып, түсінігін айту.
- 2.Көркем әдебиетте берілген бата түрлерін жазып, «Бата – бақытқа бастар қүш» атты ойтолғау жазындар.
- 3.Құттықтау түрлеріне, тілек айту түрлеріне мысалдар келтіріңдер.

№ 28 сабак

5.1. Тақырып: Сөйлеу этикеті ұғымы.

Сағат саны :2сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Ұлт тілі арқылы ұлттың мәдениеті, коғамдық-әлеуметтік болмысын түсіндіру. Егеменді еліміздің тілін, мәртебесін биіктейуіне үлес қосуға , оны сүюге, асылымызды ардақтауға баулу.

ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA — 1979 — SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттін 87 беті

Ана тілі туралы ойларын дамыта отырып, сөздік қорын молайту, еркін, айшықты сөйлеу, шығармашылық қабілеттерін арттыру.

5.3. Оқу мақсаттары: студенттердің тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Сөйлеу тілі туралы түсінік. Қазақ әдеби тілінің белгілері.

2.Әдеби тілдің стильдік тармақтары.

3.Кітаби тілдің ерекшеліктері, ауызша және жазбаша түрлері.

4.Кітаби тіл мен сөйлеу тілінің ортақ белгілері.

5. 5.Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс.

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Эр топ қа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топты орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

1-топ тапсырмасы: себебі, сонды тан, біра , және, да/де/та/те, мен/бен/пен жалғаулықтарына сөйлемдер келтіріп, ерекшелігін түсіндіру

2-топ тапсырмасы: немесе, яки, әрі, әйтпесе, дегенмен, алайда жалғаулықтарына сөйлемдер келтіріп, ерекшелігін түсіндіру

3-топ тапсырмасы: септеуліктер, демеуліктерге мысалдар келтіру.

Жаңа сабакты түсіндіру: 20 мин.

Сөйлеу этикеті ұғымы.

Этика- адамдар арасындағы қарым-қатынастылықты реттейтін нормалармен талаптар, өнегелікпен мораль жайындағы ілім. Этикет сөзі француз тілінен аударғанда «рәсімді реттеуші , рәсім өткізу тәртібі» деген мағынаға ие.

Адам баласының өзін-өзі тәрбиелеу, дұрыс жолмен жүрудегі іс-әрекеттері, оның ішкі рухани дүниесіне байланысты.

Этикет адам мен қоғам мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылатын, адамдардың ішкі қатынастарының пайда болу процесін реттейтін өзін-өзі ұстau ережелерінің жиынтығы

Сөйлеу этикасы -әр түрлі қарым-қатынас ситуацияларындағы сөйлеу тәртібінің ережесі мен этикалық нормалардың жиынтығы. Сөйлеу этикасы риторикалық этика деп аталады.

Сөйлеу этикасы жалпы адамзаттың этикалық құндылықтарын, ұлттық этикалық алғышарттарын, жеке тұлғаның этикасының байлығын өзіне тірек ете алады.. Сөйлеу тәртібі ұлттық мәдениет, әдеп-ғұрып, салт жоралғылармен, жеке тұлғаның тілді қолдану тәрбиесімен, тұрақты тәжірибесімен тікелей байланысты. Сөйлеу этикасы адамның санасын бақылауымен реттеліп отырады, сөйлеу стилінің мәнерін безендіруде ерекше рөл атқарады.

Сөйлеу этикасының басты көзі- сәлемдесу, сондықтан «сәлем- сөздің анасы» деп бекер айтпаған. Сөйлеу этикасы коммуникативтік кодекстің «сыпайыгершілік ұстанымдары» болып та саналады..

Медициналық этика (лат ethica, грек тілінен алғанда ethice – адамгершілікті зерделеу)немесе медициналық дентология (греч.deon –парыз: «дентология» термині соңғы жылдардағы отандық әдебиетте кеңінен қолданылууда) –яғни бұл – медициналық қызметкерлердің кәсіби міндеттерін орындау барысындағы этикалық нормалар мен қағидаттар жиынтығы. Қазіргі заманғы түсінік бойынша, медициналық этикаға келесі аспектілер кіреді:

- Ғылыми-медициналық қызметкерлер жұмысының этикалық және адамгершілік аспектілерін зерттейтін медициналық ғылым тарауы;

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	<p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 88 беті

- Практикалық –кәсіби медициналық қызмет барысында этикалық нормалар мен ережелерді қалыптастыру және қолдану міндегі болып табылатын медициналық тәжірибе саласы.

Медициналық этика негізгі үш бағыт бойынша тұлғаралық қарым-қатынастардың әртүрлі мәселелерін зерделейді және шешеді:

- Медициналық қызметкер-емделуші,
- Медициналық қызметкер-емделушінің туысқандары,
- Медициналық қызметкерлер-медициналық қызметкер
«Медбике-емделуші» арасындағы қарым-қатынастар
- Медициналық бике емделушімен сабырлы әрі ашық жарқын сөйлесуге міндettі. Дөрекі, тұрпайы немесе тым ресми сөйлесуге тиым салынады.
- Науқастың жанында тұрып оның диагнозын, емдеу жоспарын талқылауға, палатадағы өзге де науқастардың денсаулығын әңгімелегуге тиым салынады.
- Күрделі және ауырсындыратын емшаралардың мәнін, мағынасын және қажеттілігін түсінікті түрде науқасқа түсіндіруі және тыныштандыруы қажет

Сөйлеу ситуацияларының қай –қайсысында болсын сөйлеу этикасының ереже заңдарын білу керек. Бұл ережелердің кейбіреуі немесе көбі сәйкес келетін фреймдердің құрамына кіреді: әр түрлі жанжал (халықаралық жанжал, ресми стильге жатады); қарым-қатынастарды реттеу (халықаралық қарым-қатынасты реттеу) ресми стильге тән болса, ғылыми ортадағы пікірталас, академиялық сөйлеу мәдениеті ғылыми стильтеге тән болады.

Сөйлеу этикаларының бірліктері қарым-қатынасқа қатысушылардың тұрақты әлеуметтік белгілерінде өз көрінісін тауып отырады: жасы, білім дәрежесі, тәрбиелілігі, әлеуметтік рөлдерінің ауысып отыруы т.б. Сөйлеу этикасының бірі –мақұлдау. Айтушы өз сөзінде адресаттың Құрманғазының күйлерін ұнату мүмкіндігін ескермей тұрып, мен Құрманғазының күйлерін ұнатпаймын десе, онда серікtestігіне ішкі жанжалға жол беріп қояды.

Сөйлеу этикасының бірі-инабаттылық, ғылыми сөйлеу этикасын қызығылышты pragmatikaлық ситуацияға әкеледі, бірақ шиеленіске әкелетінін де ескеру керектігін айтады. Мысалы: өзін-өзі мақтау және өзін-өзі бағалау этикалық стандарттан ауытқымаған жағдайда сөйлеу актісінің табысы болып саналады. Мен, менің айтқаным дұрыс, менің ғана дұрыс деу әлемдегі бағалау тұрғысынан сөйлеушілердің арасындағы қайшылықтарға әкеледі.

Қоштасу сөйлеу этикасы сөйлеу ситуацияларының соңғы финалында айтылады. Қоштасуға рұқсат етініз стилистикалық көтеріңкі көңіл: Әзірше, жақсы ауызекі сөйлеу стиліне тән жасырын мағынасы бар. Әзірше сау бол, қайта көріске舍 жақсы, сәлем, аман, қал қалай әдеттегі жастар этикасына тән. Қоштасу өтініш-тілекпен тірге айтылады. Әзірge, хабарлас, қош, келіп тұрыңыз! т.б.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25 мин

1 -тапсырма Сұрақтарға жауап жазыңыздар.

- Адамдармен сыйтайы қарым-қатынас сөздерін естеріңе түсір.
- Алғаш көрген адамыңа қандай сөз айтатыныңды жаз.
- Өтіңе қамқорлық жасаған адамаға қандай сөздер айттар едің?
- Б. Білетін кешірім сөздерді жаз.

2 - тапсырма Төмендегі сөздердің дұрысына белгі қойып, қатесін түзелендер.

- Ұл бала автобустан түскенде, алдымен өзі шығып, қыз балаға қолын ұсынады;
- Ә. Ұл бала есік алдында қыз баламен қатар кезігіп-қалып, оған кедергі жасамаймын деп өзі есіктен тез өтіп кетуге тырысты
- Б. Қыз баланың көтерген сөмкесі ауыр болатын, ұл бала кедергісіз өтіп кетуіне жол ашты.

3- тапсырма Үстелде отырғанда өзінді қалай ұстай керектігін есіңе түсір. Ережелерін

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p> <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттін 89 беті

аяқтап жаз.

- A. Устеде отырғанда ----- қоймау;
- Ә. Тамақ ішіп отырғанда ----- оқымау.
- Б. Аузында тамағы болғанда-----
- В. Тамақ сонында аузын ----- сұрту.

Қажетті сөздер: шынтағын, сөйлемеу, кітап, ойнамау, орамалмен.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 15 мин

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Кесіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР деңсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
3. Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
4. Джумадиллаған Ғ.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
5. Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кесіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

1. Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Кіріспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кенесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.
4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
5. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 5 мин

5.7. Бақылау:

Тапсырмалар

- 1.«Жақсы сөз - жарым ырыс» тақырыбына шағын шығарма.
2. Белгілі қоғам қайраткерлерінің, саясаткерлердің, тілші ғалымдардың сөйлеу мәдениетінің өзіндік ерекшеліктері бар ма?
3. Қазақ қоғамында сөз сапаларын сақтап сөйлейтін қандай тілдік тұлғаларды білесіз?

№ 29 сабак

5. 1. Тақырып: Қаратпа сөз әдебі. Қаратпа сөздерді қолданудың мақсаты.

Сағат саны : 3сағат 135 мин.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA —1979—</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндө		124 беттін 90 беті

5.2. Мақсаты: Оқушыларға жаңа тақырып бойынша өз ойларын жүйелі түрде әңгімелуеге үрету, оларды тілін сүюге, құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу. Қысынды ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында әртүрлі тапсырмаларды орындау.

5. 3. Оқу мақсаттары: студенттердің тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қаратпа сөз әдебі.

2. Қаратпа сөздерді қолданудың мақсаты.

3. Қаратпа сөздерді талғап жұмсаудың талаптары. Қаратпа сөздердегі мағыналық стильдік ерекшеліктер мен әлеуметтік сипаты.

4. Қаратпа сөзді жұмсау этикеті: ұлттық дәстүр, жалпы адамзаттық нормалар. Синонимдерді талғап қоданудың сөз мәдениетіне қатысы.

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Пікір-талас.

Пікір-талас – оқытушы тараپынан ұсынылған негізгі мәселелер төнірегінде пікір-таласқа қатысушылар жақтаушы не даттаушы болып екіге бөлініп, өзінің көзқарасын нақты мәліметтерді, дәйектемелерді көрсете отырып дәлелдейді. Өзінің қарсыласын жеңе алатындағы дәлдер келтіріп, сөз шеберлігін, қызуқандылық танытады. Пікір-таласты оқытушы бақылап, бағыт береді. Сырты сұлу адамның, болса ішінің мәні жоқ,

Ұқсамай ма жеміске, сырты әдемі, дәмі жоқ ... өлең жолдарын талдау.

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

Қаратпа сөз әдебі. Қаратпа сөздерді қолданудың мақсаты.

Қаратпа сөз –сөйлемде айтылған ойдың кімге арналғанын білдіру не оған басқаның назарын аудару мақсатында жұмсалатын сөз немесе сөз тіркесі. Қаратпа сөз, сөйлемде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспей, ерекше әуенмен айттылады, сөйлеушінің көңіл күйін, моральдықты білдіреді.

Қаратпа сөз шешендік сөзде, үндеуде, диалогты сөйлемде, кім үшін, кімге қарап, неге арналғанын және сөйлеушінің ішкі сезімін аңғарту үшін жұмсалады. Мысалы: Шырағым сен ағаңың тілін ал- деген сөйлемді кім айтса да , жылы шыраймен айттылып отырғаны бірден аңғарылады, оның орнына Сен, оңбаған, ағаңың тілін ал! –десек, біреудің екінші біреуді жек көріп айтқаны аңғарылады.Бұл мағыналық эмоциялық айырмашылықтың болуы, бір жағынан , сөйлемнің, сөйлемнің айттылу әуенімен байланыты. Қаратпа сөздердің түрлері де, сөйлемдерге енгізетін мағыналық өзгерістері де аса елеулі, олардың негізгілері мыналар.

1. **Әй,ей –қаратпа** сөздері бар сөйлемдер дөрекілікті білдіреді. Әй, Олжабекбері кел (F.Мұстафин). Бала , әй бала, қайдасың ?-деді аттылы адам (С.Ерубаев)

2. **Бірқатар қаратпа сөздер** біреуге жылы шыраймен жасы кішіні жақын көріп сөйлегенде қолданылады. Олар-қалқам, шырағым, күнім, сәулем, бауырым сияқты біреуді басқа затқа балап айтқан сөздер Мысалы:

Қарағым, бермен кел,

Бізге де көңіл бөл! (Абай)

-Күстің жемін әкелші, қалқам,-деді Амантай Ботакозге.

3.Біреуді жақын көріп, ұлық санап не еркелеп сөйлегенде, кісі атын қысқартып Ақа,Сәке, Жәке деп немесе інішек, қарындас, апа, әпке ағатай, женешедеп, пәленше аға деп немесе орысшаның ізімен кісінің аты мен әкесінің атын қоса айтады.

-Ақа, қозың бүгін түгел ме?

-Түгел, қарағым.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттің 91 беті

4. Эдете қаратпа сөздер адамды нысананаға алып айтылатын сөз болса, көркем әдебиетте сөйлемге ерекше эмоциялы әр енгізу үшін жансыз затты жанды, адам тәрізді қаратпа етіп те жұмысайды.

Сайра да зарла, қызыл тіл,

Қара көnlім оянсын! (Абай)

Тында, дала, Жамбылды,

Тында, Қастек, Қаскелен,

Өйлесін кәрі бауырың (Жамбыл)

5. Қаратпа сөздер – жүртқа шешендік бет бүрудың ұран-ұндеудің ерекше бір тәсілі ретінде де жұмысалады. Мысалы: Жолдастар! Қымбатты жолдастар! Азаматтар! Сияқты сөздер мұндайда жиі қолданылады.

6. Қаратпа сөздердің мағыналарын күшейту үшін олар бірынғай қатар тұрып, кейде екі жарылып не одагай сөздермен қабаттасып айтылуы да мүмкін.

-Сақтаған, Нұрбек, сендер өз үйлеріне баратын шығарсындар? (С.Мұқанов)

Ойбай, Балжан-ау, менің ойымда.. ештеңем жоқ... Көnlілеу ауыр алма, қарағым! (С.Сейфуллин)

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин

1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып, сұрақтар дайындаңыз

Қаратпа сөз әдебі

Эмоция-экспрессиялық әсерге бай екен деп сөздерді талғаусыз кез-келген жерде қолдана беруге тағы болмайтыны тағы белгілі. Екі бүктеліп еңкейіп отырмаса да, кей ерлі-зайыпты жас жұбайлар бірін-бірі шал, кемпір деп отырады. «Шалың келді ме?», «Кемпірің қайда?» тәрізділерді әзлі жарасқан құрбылардың айтып отырғанын да ара тұра естіп қаласыз. Мұндай сөздерді қолдану кейбіреуге тіпті тұрпайы көрінеді. Әрине, «мына сөзді айт, мына сөзді айтпа» деп біреудің аузына біреу қақпақ бола алмайды. Мұндай сөздерді егер қатар-құрбы, ерлі-зайыптылар өрескел кірмесе, кемсіту деп түсінбесе, өзара ғана қолдана беруіне болатын да сияқты. Ал бейтаныс ортада, үлкен-кіші аралас отырыста, қоғамдық орындарда әлгідей іш тарта айтылған сөзді араластырып сөйлеу жағымсыз эмоция тудырады. Ондайда үлкенде сыйламағандықтан, кішіні елемегендіктен деп түсінеді.. Осы тәрізді бір алуан этикет сөздер ортамен есептесіп, санасып отыруды талап етеді.

246--248 бет (авт Уәли Н.)

2-тапсырма. Мәтіндерді оқып, ауызекі сөйлеу тіліндегі бейресмитілдік қолданысқа талдау жасаңыз. Осындағы сөз әдебіне назар аударыңыз.

3-тапсырма. Мәтіннен қаратпа сөздерді тауып, тілдік қолданыста түрленуіне қарай жүйеленіз. Ауызекі сөйлеу тілі стиліне қарай талдау жасаңыз. Сөйлемдегі әр тыныс белгінің қойылуына түсінік беріңіз.

4-тапсырма. Кісі есімдерін төмендегідей атаудан қандай әдептілік мәнді байқауға болады? Қаратпа сөзде бұл қандай мән-мағына, сөз сапасының бедерін көрсетеді? Егер осы кісі есімдерін II жақта тәуелдеп айтса, қандай өзгеріске ұшырайды?

Үлгі: Сәбе-Сәбен

1. Жәке. 2. Тәке. 3. Реке. 4. Бауке. 5. Сәке. 6. Ілеке. 7. Нұрага. 8. Мұқа. 9. Биаға. 10. Сыраға.

5-тапсырма. Мына сағыныш, айналу-толғану сөздерін қаратпа сөз етіп бірнеше сөйлем қураңыз. Олардың реңктік мәнін түсіндіріңіз.

1. Айым. 2. Айналайын. 3. Ақ ботам. 4. Ботакыным. 5. Ақ тайлағым. 6. Күнім. 7. Күнім-ай.

8. Қалқам. 9. Қалқам-ай. 10. Жарығым. 11. Жарығым -ай. 12. Қоңыр қозым. 13. Қуатым.

14. Қуатым-ай

6-тапсырма. Қаратпа сөз бен одагайлардың астын сыйыңыз. Қаратпа сөздердің сөйлемде қандай реңкте қолданылып тұрғанына түсінік беріңіз.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	<p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндө		124 беттін 92 беті

Сабакты қорытындылау: 15 мин

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Кесіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
3. Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
4. Джумадиллана Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
5. Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кесіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

1. Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Кіріспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кенесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.
4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
5. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 10 мин

5.7. Бақылау: Ауызша сұрақ- жауап, мәтінмен жұмыс

Тапсырма1.

1. Қарағым, жаным деген қаратпа сөздер И.Крыловтың қай мысалында кездесетін еді? Ол сөздер ненің неге айтқан сөзі еді?
2. Б.Майлиниң Әйт, шу...ала атым ! Жау-жау жаңбыр, жау жаңбыр деген өлеңжолдары неменеге қаратылып айтылған ?

Тапсырма 2 Өлеңнен қаратпа сөздерді тауып, оларды тыныс белгілермен толықтыр.

«Бесік жыры»

Әлди әлди ақ бөпем
Ақ бесікке жат бөпем.
Жылама бөпем жылама,
Жілік шағып берейін,
Байғұттаның құйрығын
Жілкө тағып берейін.
Куып ойдың жетегі,
Біліп ғылым тетігін,

3-тапсырма. Қаратпа сөздердің әдеби шығармаларда кездесуі.

4.Қаратпа сөздердің түрлері.

Галым болар ма екенсің?
Еңбек етіп бар елге,
Өнеріңмен әлемге
Мәлім болар ма екенсің
Көп қыыннан өтерсің,
Мақсатыңа жетерсің.
Ұйықтай қойши бөпешім!
(«Бесік жыры» кітабынан)

ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттін 93 беті

№ 30 сабак

5.1. Тақырып: Ресми-іскерлік қатынас және сөз әдебі. Ресми қатынасқа тән сипаттар.

Сағат саны : 2сағат 90 мин.

5. 2. Мақсаты: Искерлік қарым-қатынас тілі туралы түсінік беру, теориялық білімдерін практикамен ұштастыру, оқушы білімін есепке алу.

- адамгершілікке, ізеттілікке, әдептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу, ұлттық салт-дәстүрді қадірлеуге баулу, өз елін, тілін суюді үйрету.
- әдеби жанрлардың түрлерінен мысалдар келтіру арқылы пәнге деген қызығушылығын дамыту, ізденімпаздық қасиетін қалыптастыру, шығармашылыққа баулу, тіл байлығын жетілдіру.

5.3. Оқу міндеттері : студенттердің тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Ресми іскерлік қатынас және сөз әдебі. Ресми қатынасқа тән сипаттар.
- 2.Ресми-іскерлік қатынас тілінің жазбаша және ауызша түрі.
- 3.Ресми қарым-қатынастың анықтамасы. Ресми іскерлік қатынастың жазбаша үлгілері.
- 4.Мекемедегі іс қағаздарының түрлері, олардың құқықтық қатынасты реттеуешілік рөлі. Жеке құжаттардың тілдік емес жақтары.
5. Жеке құжаттардың тілдік(лингвистикалық)жақтары. Ресми құжаттардың сөз әдебіне (этикетке) қатысты жақтары.

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: Жұптасып жұмыс жасау

Жұпты жұмысқа қатысушыларды мақсаты да, қабылдаған шешімі де бірге. Жұптасып жұмыс жасау – мәселе қойылған сөйлеу жағдаятты тапсырма бойынша жұп болып шешім қабылдау әрекетіне құрылған. Берілген сейлеу жағдаятыны мазмұнын сактай отырып, сөл өзгеріспен диалог құрады.

Жаңа сабакты түсіндіру: 20 мин.

Ресми-іскерлік қатынас және сөз әдебі.

Ресми стильтің белгілі бір деңгейде қалыптасан тәртіпперінің сакталуы қызметтік құжаттардың мазмұны мен рәсімделуіне қатаң талап етілсе , ауызша сөз де әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стилистикалық орфоэпиялық, орфографиялық нормаларының сакталуы талап етіледі. Сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай етіп қолдана білу қажеттілігі көзделеді. Искерлік және қызметтік құжаттарды әзірлеуші оның мазмұны мен рәсімделуінің түсініктілігі мен дәлдігі-негізгі талап екендігін үнемі есінде сактауы керек. Ресми-іскерлік жазылымның түсініктілік пен дәлдік талаптары тілдік бірізділік пен қызметтік құжаттардың стандарттылығына әкеледі. Тілдің дәлдігі, , ең алдымен құрылған мәтін мазмұнының бір мағыналық түсінік беруінде. Ресми іскерлік қатынастың жазбаша және ауызша түрлері болады. Ресми іскелік қатынастың жазбаша үлгілеріне жеке адамдардың құжаттары, түрлі мекемелердің іс қағаздарынан бастап мемлекеттік мәндегі заң актілері, ережелер, мемлекеттік бакыларламалар, мемлекеттік тұжырымдамалар, Конституция т.б. қоғамдық-құқықтық мәні аса зор құжаттар жатады. Ресми – іскелік қатынаста қаолданылатын жеке басқа тән іс қағаздары құнделікті өмірде жиі кездеседі. М.Балақаев : «Ана тілін жақсы білу -әркімнің азаматтық борышы. Егер әрбір сөзді орнымен жұмсай біліп, айтқан ойы мазмұнды, дәл, орынды әрі тындаушысын баурап алардай » Сейлеу мәдениеті адамның ойлау мәдениетінің жоғары болуына ықпал етеді.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттің 94 беті

Сөз мәдениеті қазіргі әдеби тілдің жүртшылық таныған, ұлғи тұтқан нормаларын жеке адамдардың сақтауын талап етеді. Сөйлеуде диалектизмдерді, қарапайым, дөрекі сөздерді, варваризмдерді қолдану, орынсыз көп сөйлеу, бір пікірді қайталай беру, өзіне-өзі сілтеме жасау, асқақтап сөйлеу, дene қимылдарын араластыра беру Сөз мәдениетіне жатпайды.

Іскерлік қарым-қатынас тілі белгілі бір мекемеде, кәсіпорын өндірісте қолданылатын қызметтік пікірлесу, келіссөз жүргізу, келісім-шарт жасау, құжаттар алмасу, іс-қағаздарын жүргізу, ресми кеңес, жиналыс мәжілістер өткізуде қолданатын тіл.

Іскерлік тіл көркем әдебиет тілінен гөрі маманға нақты бір салаға қатысты тіл даярлығын жүйелі білімді, біліктілікті талап етеді. Талқыға түсетін мәселе жөнінде жан-жақты хабардар болу, сол салаға қатысты терминдерді орнымен қолдану, сұраққа нақты, жүйелі жауап беру де іскерлік қарым-қатынастың талаптары.

Әр халықтың өзіндік қарым-қатынас мәдениеті өз түбін тереңнен алып, ғасырларды жалғастырып жататынын біз өткен тақырыптарда сарапап өттік. Ұлт бар жерде оның мәдениеті, өмірлік тағылымы бар және бұл қазына тіл арқылы ұрпақтан- ұрпаққа беріледі. Әлеуметтік-тұрмыстық қатынаста қалыптасқан қарым-қатынастың бастама, іскерлік пен қайраткерлікке негізделген әрекеттің де өзіндік этикетін қалыптастырады. Қазақ халқы ел басқару даналығын, көршілермен қарым-қатынас жасаудың маңызын жақсы білген. Бүгінгі күнде біз әлемдегі іскерлік қарым-қатынас ұстанымдарын білгенімізben қоса, ұлттық мәдениетіміздегі іскерлік этикетінен алыс кетпеймиз. Себебі, әр ұлттың ұлттық қарым-қатынас мәдениеті -өзінше бір әлем, мақтанашпен атап көрсетуге лайық дүниe. Ол адамгершілікке негізделеді: адамзатты қадірлеу, тұлғалық қасиеттерге құрметпен қарап, жан-жақты дамытуға жағдай тудыру, дос – жаран, әріптең, ел мүддесіне қолдау көрсету, үлес қосу, жан- дүниесіне тереңдеу т.б.

Этикет «этика» сөзіне ұқсас болғанымен мағыналары артүрлі: этикет- белгілі бір ауқымда, белгілі бір мезгілдегі жағдайға байланысты нақты адамдардың өзін сол ортада ұстау әдебі, ал этика-анағұрлым кең ауқымды қамти қарастыратын ұғым.

Іскерлік мәдениет-ісқағаздармен жұмыс, ісжүргізу барысында, ресми сипатта мемлекеттік тіл және іскерлік қарым-қатынастағы әріптестер тілінің мүмкіндіктері мен қызыметін барынша пайдаланатын, әлеуметтік лингвистиканың бір нысаны болып табылатын құбылыс.

Іскерлік мәдениетке қосылатын заманауи талаптардың бірі- ақпараттық технологиялық құралдарды менгеріп, құнделікті өмірде қолдана білу.

Ресми қатынасқа тән сипаттар

Қарым-қатынас адамдар арасында бірлескен іс-әрекеті қажеттілігін туғызып, байланыс орнататын құрделі процесс; екі немесе одан да көп адамдардың арасындағы танымдық немесе эмоциональды ақпарат, тәжірибе білімдер. Біліктер, дағдылар алмасу. Қарым-қатынас тұлғалар мен топтар дамуынан және қалыптасуынан және қажетті шарты болып табылады.

Ресми стиль- ресми қатынастар аясында қызмет ететін стильдің бірі. Ресми құжаттар мен іс-қағаздарының стилі деп те аталады. Ресми стильтеге тілдік тұрғыдан төмендегідей талаптар қойылады, түйіндеменің дәлдігі немесе бір мағыналылығы, айқындық немесе бір мағыналылығы, айқындық немесе жүйелілік, логикалық яғни қайшылықтың болмауы, дәлділігі, баяндаудың ықшамдылығы, артық сөздің болмауы.

Лексикада- ресми құжаттар мен іс-қағаздарына тікелей қатысы бар сөздерді орнымен қолдану көнерген сөздерді орнымен қолдану, көнерген сөздерді бейтарап кітаби немесе әдеби сөздермен алмастыру.

Мәдени ортада қарым-қатынасқа түсетін, көпшілік алдында сөйлейтін мемлекеттік қызметшілер сөз мәдениетінің негізі болып саналатын әдеби тіл нормаларының талаптарын толық менгеруді және сөздік қорларын үнемі байытып отыруды басты назарда ұстаулары қажет.

Ресми стильдің көлем, мазмұн және жазылу формасы жағынан іс-қағаздарынан біраз ерекшелігі бар. Ресми қағаз белгілі бір қалыпқа түсіп отырады, онда сөз қолданысы ерекше болады.

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 95 беті

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25 мин

Тапсырма 1. Искерлік қарым-қатынас әдебінің заман талабына сай өзгеру заңдылықтарын мәдени дәстүрмен салыстыра отырып, өз пікірлерінді ортаға салындар.

Ертедегі ғұламалар еңбектерінде	Нарықтық заманда
Сократ : «Кім адамдармен араласа білсе, ол жеке істі де жақсы жүргізеді, ал кім адамдардың тілін таба білмесе, ол қай жерде болмасын қателіктер жібереді» десе, Аристотель іскерлік қарым-қатынас негізінде бәрін байланыстыратын қажеттілікке негізделуі қажет екенін нақтылайды. Ерте заманда қатаң талаптың өзін де икемді, жұмсақ жағынан таныта білген.	«Тіл табыса білу-бұл да тауар. Дүниедегі барлық нәрседен ғері тіл табысу өнері мен үшін аса қымбатқа түседі» деген Дж.Д.Рокфеллердің сөзіне назар аударсақ, нарық кезеңіндегі «нарықтық мінездегі» адамның (Э.Фромның анықтamasы бойынша айтылып отыр) іскерлік қарым-қатынас мәдениеті мен қатар өзіне түсер пайданы ұлғайта түсу мақсатында басқа да әрекеттермен санасуына тұра келеді.
Даналықты дәстүрлі ұстанып, ұлттық танымды қажеттіліктің алтын дінгегі ретінде ұстаған.	Прагматикалық Батыс жаңа әрі күтпеген әрекеттермен таңдандырады.
Адамдарды өмірде ұстамды болуға, қоғамдық және жеке өмірдің қыындықтарынан жол таба білуге үйретті. Осы жолда «асыл қасиетке тәрбиелеуді» басты орынға қойды.	Алдыңғы кезекте экономикалық, материалдық мұдде, қарым-қатынастағы дәреже, нарықтық мәдениет пен ұтымды әрекеттер тұрады

Тапсырма 2. Төмендегі мәтінді негізге алып және сұрақтарды пайдалана отырып, «Күнделікті жазудың пайдасы» тақырыбында ойтолғау жазындар.

Күнделік -жеке адамның пайымдаулары мен өз өміріне қатысты жайттарды жүйелі жазып отыруы. Күнделік сол кезеңде орын алған оқиға мен автордың сезім іірімдерін білдірумен қатар, қоғамдық, тарихи және іскери сипатта да танылады. Мәселен, Шоқанның күнделіктері оның жүріп өткен жолын, жасаған әрекеттері мен ғылымға үлес қосқан зерттеу жұмыстарының әр сәтін бейнелейді...

Сен қалай ойлайсың, күнделік жазу іскерлік келбетті таныта ма?

Күнделікті әрекетті жазу несімен құнды ?

Казіргі кездегі күнделік жүргізу тәртібі, тәсілі туралы білесің бе?

Күнделік жүргізген атақты кәсіпкерлер туралы не білесің ?

3-тапсырма. 1. Термин қалыптастырудың ұлттық танымдық негізі және терминдерді қолдану ерекшеліктері туралы өз пікірлеріңмен бөлісіңдер.

2. Жеке адам өміріне қатысты іс қағаздарының тілдік құрылымдық ерекшеліктері мен стиль түрлерімен байланысы жөнінде не айтар едіңіз?

3. Жеке адам өміріне қатысты іс қағаз түрлерін сыйба түрінде жинақтап көрсетіңдер.

4. Мекеме үйім жұмыстарына қатысты іс қағаздар мен тілдік құрылымдық ерекшеліктері жөнінде жан –жақты мәліметті қалай жинақтап, толық ұсынар едіңдер?

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 10 мин

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).

2. Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 96 беті

3. Зайсанбаев Т.К. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. К. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
- 4.Джумадиллаға Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
5. Абдурова Б.С., Асанова Ү.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Қесіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

1. Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ү. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Kipre [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ү. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.
4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
5. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 5 мин

5.7. Бақылау:

1. Өмірбаян жазып келу.
2. Газет-журналдардан іскерлік қарым-қатынастың ауызша түрі кездесетін бөлігінен үзінді жасап келу.
- 3.«Таза сөйлеу –биік мәдениеттілік» тақырыбына шығарма.
4. Іскерлік қарым-қатынас атты тақырыпты оқу.

№ 31 сабак

5.1. Тақырып: Ресми іскерлік тілінің жазбаша және ауызша түрі.

Сағат саны : Зсағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Ресми –іскерлік тілінің жазбаша және ауызша түрі. қолданылуы туралы түсіндіріп, білімдерін дамыту. Оқытушылардың туған жерге сүйіспеншілігін оятып, сыпайылықта тәрбиелеу және сөйлеу әдебін меңгертіп, талғамы жоғары үрпақ тәрбиелеу.

Қабылдауы мен ойлау қабілеттерін зерттей отырып, ой қорытқызы және жаңа ұғымды өзі ізден табуға бағыттау, ой-өрісі мен дүниетанымын дамыту, өз ойын еркін айта білуге қалыптастыру.

5.3. Оқу міндеттері : студенттердің тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Ресми –іскерлік қатынастың ауызша түрлері.
- 2.Ресми ауызша сөздің биік шыңы-шешендік сөз. Іскерлік қарым-қатынастың алғышарттары

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттін 97 беті

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Студенттер өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

Тақырыпты өрбіту:

1. Әдеби тіл және оның нормалары
2. Тілдік норма әдеби тілге тән құбылыс.
3. Әдеби тілдің нормалары мен стильдік жүйелері

Жаңа сабакты түсіндіру:

Ресми –іскерлік тілінің жазбаша және ауызша түрі.

Ресми-іскерлік қатынастың жазбаша ұлғілері жеке және заңды тұлғалар үшін қызмет етеді. Жеке адамның да, мекемелердің де жұмыс бағыттарында іс қағаздардан бастап, мемлекеттік мәндегі қоғамдық құқықтық (заң актілері, ережелер, мемлекеттік бағдарламалар, мемлекеттік тұжырымдамалар, Конституция, т.б.) құжаттардың маңызы зор.

Мекемеге (занды тұлғага) қатысты ісқағаздар	Адамдардың (жеке тұлға) қызметіне қатысты ісқағаздар
Жарғы, өкім, шешім, қаулы, бұйрықтар, хаттамалар, мекеме есебі, анықтама, мәлімдеме, міндеттеме, ақпараттық хаттар, акт, т.б.	Куәлік, арыз, өтініш, сенімхат, өмірбаян, түсініктеме, келісім-шарт, мінездеме, түйіндеме, пікір, т.б.

Ісқағаздар тілі – заңды және тұлғалардың құқықтық қарым-қатынасын реттеу құралы. Жеке басқа қажетті іс қағаздарды құнделікті өмірде жіп кездестіреміз. Ресми-іскерлік қатынастағы жазба құжаттардың өзіндік белгілерін қарастырып көрейік.

Тілдік емес жақтары	<p>Құжаттар көрсетілген ұлғіге сай жазылады. Тиісті мәліметтер мен деректер талапқа сай толық беріледі. Өтініш, анықтама, түсініктеме, т.б. жазған адам адресаттың (мекеменің, мекеме басшысының) аты-жөнін, өзінің аты-жөнін, қызметін толық көрсетуі тиіс. Бұл мәтін А-4 форматты қағаздың оң жағындағы жоғары тұсына жазылады да, төменге мазмұндық мәтін жазылып, мерзімі көрсетіліп, жазған адамның қолы қойылады.</p>
Тілдік (лингвистикалық) жақтары	<p>Тілдік құралдар бейтарап немесе ресми реңкте болады. Сезім, көніл күйге байланысты немесе тұрмыстағы қолданыстардың пайдаланылуына шек қойылған. Қамтамасыз етілсін, мүмкіндік қарастырылсын, күн тәртібінде, жауапкершілік жүктелсін, алғыс жариялансын, ескерту жасалсын, т.б. даяр сөз ұлғілері, әкімшілік терминдер қолданылады. Ойдың логикалық жүйелілігі мен бірізділігі қатаң сақталады.</p> <p>Хабарласу мақсатындағы (жеделхат, телефонхат) ұлғілерді графикалық жағынан ықшамдау (қысқартта жазу) нормага жат болмайды.</p>
Сөз әдебіне (этикетке) қатысты жақтары	<p>Ресми ісқағаздар мәтінінде дәріптеп мадақтау, сезімге ерік бере кемсіту, қорлау, т.б. сөздер қолданылмайды. Сыпайылық пен құрметтеуді танытатын сөздерді де талғаммен, орынды жұмсау талап етіледі.</p> <p>Мекеменің, жеке адамның атына жазылған қатынас хат, өтініш, сұраныстарда «мырза», «ханым» тәрізді этикеттік таңбалар мекеме басшысының немесе адресаттың аты-жөнімен, атақ-дәрежесімен қоса жұмсалады: аудан әкімі ... мырзаға, бөлім бастығы ... ханымға, төрағасы ... мырзаға, т.б.</p> <p>Егер адресаттың құрметті атақ-дәрежелері болса, атап көрсету этикеттік нормага лайық бол табылады.</p>

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 98 беті

Іс қағаздар қалыптасқан үлгіде баяндау тәсілімен жазылады. Сөйлем баяндауыштары баяндау, бұйыру, үндеу ыңғайында, көбіне ырықсыз етіс түрінде келеді. Даир үлгідегі құрделі тіркестер, терминдер жиі кездеседі.

Мәлімет, ақпарат, есеп беру, т.б. іс қағаздарда іс-әрекеттің баяндалуы өткен шақ формасында жиі жұмысалады: жаттығу орындалды, істің барысы баяндалды, т.б.

Ұжымға, ұйымға қатысты құжаттарда ортақ атауды айқындаپ тұратын сөздер жиі қолданылады: Қарасай батыр атындағы орта мектептің 10-сынып оқушылары, Жамбыл ауданының «Достар» командасы. Сөйлеу тілінде: Қарасай батырдың 10-сыныптары, Жамбылдық «Достар» деп ықшамдалып айтыла береді.

Заманауи технологияның арқасында санаулы минуттар мен секундтарда белгілі бір іс қағаз түрін кез келген қашықтықтағы орынға (мекемеге, жеке тұлғаға) жеткізуге болады. Ол үшін факс, электронды пошта пайдаланылады.

Факсимильдік (фототелеграфтық, факс) байланыс қазір кең қолданылады. Факстың ең құнды жері ол аппарат арқылы тек қана мәтінді, құжаттарды ғана емес, кестелі құжаттарды да тез арада екінші адамға немесе екінші мекемеге жеткізе алатындығында. Факс арқылы мәтіннің, кестенің, кескіннің, қол қойылған кез келген құжаттың дәл сол күйінде қайталанған нұсқасы екінші мекемеге жеткізіледі.

Электронды пошта (ағылш. E-mail, e-mail, яғни, electronic mail) қызметі қолдануға жеңіл әрі көп жағдайда тегін. Хабарлама жіберудің басқа жүйелерден айырмашылығы, мысалы, қас қағымда келетін хабарлар қызметі, кейінге қалдырылған хаттарды жеткізу мүмкіндігі және ғаламтор жүйесі мен тәуелсіз пошталық сервер арасындағы қарым-қатынас байланысы болып табылады.

Казіргі кездегі ақпаратты тез дайындаудың тәсілдерінің бірі – сканерлеу. Сканерленген материалды мәтіндік процессордың немесе электрондық беттеудің арнайы баспалық программы арқылы құжаттың кез келген жеріне қоюға, графикалық редактормен өндеуге немесе әлемнің кез келген жеріндегі телефондасқа факс-модем арқылы жіберуге болады.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 10 минут.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин

Сабакты қорытындылау: 15 мин

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

- Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
- Оразымбетова Г.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сактау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
- Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
- Джумадиллава Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
- Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
- Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
- Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

- Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
- Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>	<p>044-73/11-229</p>	
<p>Әдістемелік өндеу</p>	<p>124 беттін 99 беті</p>	

3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Кіріспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ү. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.

4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.

5. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130

6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 10 мин

5.7. Бақылау: сұрақ-жауап

Тапсырма 1 «Қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық тілі» тақырыбында шағын әңгіме құраныз.

2. Ресми –іскерлік тілінің жазбаша түрі дегенімізді қалай түсінесіз?

3.Ресми іскерлік тілінің ауызша түрі дегеніміз не?

4. Ресми тілдің түрлерін атаңыздар

5. Сөз әдебіне қатысты ресми іс қағаздарға мысал келтіріндер.

№ 32 сабак

5.1. Тақырып: Шешендік өнердің тарихы. : Қазақ шешендіктану ғылымы, қалыптасуы мен дамуы.

Сағат саны : Зсағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Қазақ ауыз әдебиетінің ерекше бір жанры шешендік өнер арқылы халқымыздың тіл қазынасы мен тарихи шежіреміз жайында білімдерін қалыптастыру.

5.3. Оқу мақсаттары: студенттердің тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Шешендік өнердің тарихы.

2.Шешендік өнер, ғылым ретінде дамуының бастаулары.

3. Шешендік- жалпы адамзаттық құндылық.

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: бағыт беру

Бағыт беру – мәселеге бағыттап оқытудың бір элементі, яғни оқытушы тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдарды атамайды, жанама мысалдар келтіріп, ойға шабуыл жасап негізгі анықтамаға жетелейді. Студенттер өздері ой қорытып анықтама мен негізгі мәселені шығаруы керек.

1-тапсырма: «Жеті жарғыда» жер дауына қатысты жазаларды атаңыз

2-тапсырма: жесір дауына қатысты жазаларды атаңыз

3-тапсырма: басқаруға қатысты жазаларды атаңыз.

Шешендік өнердің тарихы.

Шешендік өнер тарихы сонау ерте замандардан басталады. Адамзат баласы игерген алғашқы , әрі желісі үзілмей келе жатқан өнерлердің бірі. Оның тарихын білу халық тарихын білүмен бірге , сөйлеу мәдениетін, әдебін үйрену сөздерді дұрыс таңдай алу ерекшеліктеріне жаттығу. Шешендік өнер қоғамның саяси экономикалық, әлеуметтік негіздері қажеттіліктерінен туған.

Шешендік өнердің шығуы белгілі бір қоғамның шығуымен, дамуымен байланысты еkenін қазақ шешендік өнерінің тарихы да растайды. Қазақ рулары мен ұлыстары пайда

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	<p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттің 100 беті

болғаннан бері-ақ өз замандастарынан озат ойлы, шебер тілді адамдар болғаны құдік туғызбайды. Алайда, шешендік өнердің шығып қалыптасуы қоғамның белгілі бір даму сатысымен, шешендердің шығуымен, олардың сөздерімен межеленеді. Осы түрғыдан алғанда қазақ шешендік өнерін тарихта, тарихи аңыздарда есімдері, сөздері сақталған Майқы би мен Аяз биден бастаймыз.

Майқы - өмірде болған тарихи адам, Шыңғыс ханға кеңесші болған, бытыраңқы қазақ руларынан ел құрап, Алаша ханды бас қып қазақтың алғашқы хандығын құрған, қазақ рулары мен ұлыстарының таңбаларын тасқа қашатып, ұрандарын белгілеп берген қоғам қайраткерлері. Сонымен бірге ол артына аталы сөзі өз заманының айтулы шешені болған. Неше ғасыр бойы халық жадында сақталған және Абай мен Мәшіһүр Жүсіп растаған «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» дейтін нақыл да оны қазақ шешендерінің басы, халық шешендік сөздерінің атасы деуге дәлеле бола алады.

Майқы би заманынан бізге есімі мен сөздері жеткен екінші адам- Аяз би. Тарихи аңыздарға қарағанда Майқы Қаратай өлкесінде Аяз Арап теңізінің жағасында өмір сүрген. Оның тарихи адам екендігін Арап теңізінің маңынан табылған «Аяз қаланың» орны да дәлел дейді. Халық аңыздары бойынша Аяз әуел баста ханға-уәзір, кейін өзі хан болып ел басқарған. Ғасырлар бойы халық жадында сақталып келе жатқан «Аяз би әлінді біл, құмырсқа жолынды біл» дейтін нақыл мен даналық, тапқырлық сөздер оның да шешен адам болғанын анғартады.

Қазақ шешендік өнерінің екінші кезеңі Асан қайғы мен Жиренше шешен есімдерімен байланысты. Асан қайғының жерге айтқан сындары мен Әз Жәнібек ханды сынайтын толғауы, Жиренгшениң Әз Жәнібектің сұрақтарына қайыратын жауаптары мен Қарашаш сұлумен әзілдесетін тапқырлық сөздері- нағыз шешендік сөздердің үлгілері.

Қазақтың шешендік өнері XVIII ғасырда еркендей түсті. Оның өркендең қанат жаюына үш түрлі себеп болды. Бірінші жағдай – Тәуке хан шашыранды қазақ руларын үш ұлысқа- жүзге топтап, олардың басына төреден емес, қарадан шыққан үш би қойды. Сонан соң бауырлас қырғыз, қарақалпак елдерін де одақ қып алып, оларды да билер арқылы басқарды. Міне, осында жағдайларда ел қорғаған ерлігімен Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгембай, Шақшақ Жәнібек секілді атақты батырлармен қатар Әділ Төле би, Қаз дауысты Қазыбек, Әлім Әйтеке би сияқты айтулы шешендер шықты.

Тапсырма 1. Жиренше шешеннің , Аяз бидің шешендік тапқыр сөздерін тауып жазындар да, оған талдау жасаңдар.

Тапсырма 2. Төмендегі сұрақтарға жауап жазындар.

- Шешендік пен сөз мәдениетінің арасында қандай байланыс бар?
- Қазақтың шешендік өнерінің дамуына негіз болған факторларды атандар.
- Қазақ даласындағы шешендік өнердің даму кезеңдеріне сипаттама беріңдер.
- Шешендік туралы кімдердің зерттеу енбектерін білесіңдер?

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 15 мин

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

- Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
- Оразымбетова Ф.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
- Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҮР, 2019. - 148бет.
- Джумадиллава Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
- Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана,

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	<p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 101 беті

2017. -282 б.

6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.

7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кесіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

1. Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҮР, 2016. - 186 бет.
2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Kiprepe [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.
4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
5. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013. - 294 б.130
6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 10 мин

5.7. Бақылау: Мәтінмен жұмыс, ауызша сұрақ жауап.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1..Шешендік өнер дегеніміз не?
- 2..Шешендік өнердің түрлерін атаңыз?
- 3..Шешендік өнердің тарихы туралы айтып беріңіз
- 4.Би дегеніміз кім? Оның тарихтағы орны?
- 5.Атақты би-шешендерден кімдерді атая аласыз?
- 6.Осы күнгі шешендік өнердің жайында не айтар едініз?
7. Шешендік сөздерге тән ерекшеліктерді қарастыра отырып, білімдерді шешенге қатыстырып ой қозғап көріндер.
8. «Шешендік сөз--өнер падишасы» тақырыбында шығарма жазып келу.
9. Шешендердің айтқан шешендік сөздерін жаттау

№33 сабак

5.1. Тақырып: Шешендік сөз. Дәстүр мен жаңашылдық. Шешендік сөзге қойылатын талаптар.

Сағат саны : 2сағат 90 мин.

5.2. Мақсаты: Сөйлеу тілі туралы түсініктерін жетілдіру, ептілікке, тез ойлауға, әділдікке инабаттылыққа, үйымшылдыққа тәрбиелеу, окуға енбекке белсенділігін арттыру.

Ауызша және жазбаша тілі туралы мәлімет бере отырып, білімдерін кенейтіп, тіл байлықтарын дамыту.

5.3. Оқу мақсаттары: студенттердің тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Үйимдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Шешендік сөз дәстүр мен жаңашылдық. Шешендік сөзге қойылатын талаптар.
2. Шешендік –сөз мәдениетінің жоғары формасы.
3. Шешендік сөздің монологтік, диалогтік, полилогтік түрлері.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттің 102 беті

4.Шешендік сөз –жұрт алдында сөйлеудің интеллектуалдық, эмоционалдық шығармашылыққа негізделген түрі.

5. 5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс.

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Эр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманы мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді . Тексеру барысын оқытушы қадағалайды. Студенттер кіші топтарға бөлінеді. «Мен қалай өз мақсатыма жетемін? » тақырыбы бойынша көшілік алдында сөйлеуге дайындалындар. Оларға талдау жасандар. Мәтіннің жетістігі мен кемшілігін дәлелдендер.

Жаңа сабакты түсіндіру: 20 мин.

Шешендік сөз.

Шешендік сөз, риторика (грек. *phētobire-* шешендік) –Ежелгі Гречия мен Рим заманынан бермен қарай көптеген халықтардың мәдени-рухани өмір –тіршілігіндегі өнердің бір түрі. Шешендік өнер мен шешендік сөз бір-бірімен тығыз байланыса келгенімен, екеуі екі басқа түсінік атаулары: **шешендік өнер** актінің, яғни іс-әрекет атауы, ол әлеуметтік қызмет атқарады. Шешендік өнер (риторика) -өзінің нысанасы, теориясы, категориялы, тарихы бар жеке сала болып саналады. Ал **шешендік сөз** (ораторство) сол шешендік өнер иелерінің шаршы топ алдында сөйлейтін сөзі. Бірақ көшілік алдында сөйлейтін кез келген сөз шешендік сөз болмайды. Шешендік сөз мынадай талаптарға жауап беру керек:

1. Белгілі бір әлеуметтік мәні бар тақырыпты қозғайтын және шаршы топ алдында айтылатын сөз болуы;
2. Әңгіме тыңдаушыларға бір нәрсені әуелі түсіндіріп, содан соң ойлантып, ақырында белгілі бір харекетке ұмтылдыруды көздеуі қажет;
3. тыңдаушыларға жақсы әсер , құлақ құрышын қандыратын, сүйсіндіретін эстетикалық қасиеті болуы иғі.

Шешендік сөздің қажеттігі ауызша сөйлеудің аясы кеңіген сайын арты түсүде. Бүгінде шешендік өнердің қолданылатын өрісі кеңіді, ол қоғамның саяси-әлеуметтік өмірінің барлық саласында, идеологиялық тәрбиелік іс-әрекеттердің, оқу-агартудың, заң мен ғылымның, ел басқару мәжіліс, құрылтайларда, пікірсайыс жиындарда, семинар, симпозиумдарда шешендік сөз өте-мөте қажет. Бұларда қолданылатын шешендік сөз- тек әдемі сөйлеудің үлгісі емес, жоғарыда аталған үш талапқа сай сөз амалы. Бұрынғы бишешендер үлгілері мен қазіргі шешендердің сөздерін жақындастыратын факторлар бар.

Олар:

- Сөздің көркем , әрі әсерлі болуы
- Көркемдеу тәсілдерінің ортақтығы,
- Олардың әлеуметтік мұддені қорғауы,
- Тыңдаушыға психологиялық әсер туғызатындығы т.б.

Сонымен, шешендік сөз дегеніміз белгілі бір уақығаға байланысты тапқырлықпен, көркем тілмен айтылған және жүртшылық қабылдап, елге тараған белгілі, үлгілі ойлар , тұжырымдар.

Қазақ ауыз әдебиетінің бір саласы – шешендік сөздер. Шешендік сөздер, ақындық айтыс секілді, қазақ ауыз әдебиетінің өзіндік ерекшеліктерін көрсететін негізгі жанrlардың бірі.

Жазушы шеберлігін, жалпы тіл мәдениетін көтеруде мақал-мәтеддермен бірге шешендік сөздерді мұқияттап жинап, зерттеп, сұрыптап жариялаудың әдеби мәні зор. Өйткені сөз өнерінің әлі жеткілікті зерттелмеген саласы – шешендік, тапқырлық, нақыл сөздерде мақал-мәтеддер сияқты, ойды кеңейтіп, тілді байытатын мазмұнды да көркем сөз үлгілері мол.

Әдетте, шешендік өнер айтыс – дауда туып, дамиды. Сондықтан ердің, елдің тағдыры сөз болатын, соғыс, бітім секілді маңызды мәселелер қозғалатын сот залдары, парламент сарайлары және халдық жиналатын ас- тойлар, міне, шынайы шешендер, саяси қайраткерлер сөз сайысына түсетін, сыннан өтетін және шындалатын орындар осылар болған. Дүние жүзіне

ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттің 103 беті

есімдері әйгілі шешендердің кебінесе мемлекет қайраткерлерінің, заң қызметкерлерінен, парламент мүшелерінен шығатыны ешкімге құпия сыр емес. Мәселен, ежелгі Афин шешені Демосфен мен Рим шешені Цицерондар әуелі адвокат, кейін парламент басшылары болған. Ал орыс шешендері П. А.Александров, Ф.Н.Плевако, А.Ф. Кони тағы басқалар адвокаттар еді. Сол сияқты атақты қазақ шешендері Төле, Қазыбек, Әйтекелердің болғаны мәлім.

Қазақ шешендігінің жалпы шешендік өнерден өзіндік ерекшеліктері бар. Ең алдымен, қазақ шешендерінің сөздері ауызекі айтылып, қағазда емес, ауызда – халық жадында сақталған. Сондықтан олар сол – бастапқы қалпында емес, бізге ұзын – ұрғасы, үзік- жұрнагы ғана жеткен, олардың өзі де ауыздан-ауызға көшіп, ауыса жүріп өндеу – жөндеулерге көп ұшыраған; сан ұрпақтың, талай таптың санасынан, екшеп- елеуінен өткен; сөйтіп, қысқарған, ұстарған, жалпы халық шығармасына айналған.

Дәстүр мен жаңашылдық.

Дәстүр мен жаңашылдық - әдебиет пен өнердің даму барысында сабактастық пен жаңғыртуды, мұрагерлік пен қайта жасауды, бұрынғы мен соңғының байланысын білдіретін ұғым. Дәстүрге ғасырлар бойы қалыптасып, сұрыпталған әдет-ғұрыптар, жол-жобалар көзқарас түсініктер жатады.

Жаңашылдық -өткен өмірдің кешегі күннің тәжірибесі мен жемістерінің ішінде мән-мағынасы бай, дәрежесі жоғары заман талabyна жауап беретін, бұрынғы-соңғының шеңберінен шығып, болашаққа кең жол ашатын аса маңызды ізденіс-әрекеттер. Ол жалпы өркениеттің дамуына әсер етеді, осы жолда туып, орнығады. **Дәстүр мен жаңашылдық** диалектикалық бірлестікте болып ескі мен жаңаны жалғастырады., тарихпен бірге дамиды, өндірістің базисі ретінде өзгеріске ұшырап отырады. Дәстүр мен жаңашылдық арасындағы занды байланыс-материалдық және рухани мәдениеттің, өндіріс пен техниканың философия мен әдебиеттің өнердің барлығына тән. Жаңашылдық-әрқашан асқан шеберлікпен зор талананттың нәтижесі, ол әдебиет пен өнердің өрісін кеңейте түседі. Дәстүр мен жаңашылдық әдебиетте , өнерде ұлттық ерекшелікті сақтай отырып , жаңа заманнның талап-тілегіне сай келу қағидасын қажет етеді. Тұрмыстың қоғамдық тіршіліктің өзгеруіне, адамның өмір тануындағы жаңа ұғым-түсініктеріне байланысты.

Дәстүрлі шешендік сөздер- белгілі бір мәселеге байланысты тапқыр ой, көркем тілмен айтылған және халық қабылдап жиі қолданып, сөйлемдік құрамы қалыптасқан жүйелі, үлгілі сөздер. Онда халықтың бастан кешкен уақыттары, ақыл-оый, арман-тілегі бейнеленеді, дүниеге көзқарасы көрінеді. Сонымен бірге шешендік тапқырлық сөздер белгілі дәрежеде жеке адамның өздерін қанаушыларға, езушілерге қарсы жұмсайтын қаруы, қуралы болған.

Шешендік сөзге қойылатын талаптар.

Кез –келген адам ортага шығып сөйлерде кattы толқиды, өзіне-өзі сенімсіздік білдіреді. Тіптен білімдар қоғам қайраткерлері, мекеме басшылары, беделді билік иелерінің өзі де кей жағдайда көпшілік алдында қысылып үзіп-жұлып жүйесіз сөйлеп жатады.. Ондай жағдайды болдырмас үшін .Қattы ойланбау керек.

Өзіне-өзі сену керек. Психологиялық дайындық керек. Көңіл-күйі мен сезімін билей алу керек. Сөйлеуге жақсы дайындалсаң өзіне сенімді боласың. Сөйлеуге дайындық- жауапты іс. Материалды қаншалықты жақсы білсең соншалықты аз толқисың. Дұрыс айқын, дәл түсінікті, таза және образды, эмоциональды сөйлеу керек. Сабак кезінде достарыңының арасында жиі сөйлеу қажет. Ол сені дамытып, сөйлеу мәдениетін көтереді..

Шешендік –ұлы күш. Оны игеру, оған ие болу оңай іс емес. Сондықтан да шешендерге артылар жауапкершілік пен қойылатын талап та үлкен.

Шешен сөзге шебер, ойға жүйрік, тіл мәдениетін жан-жақты игерген адам болуы кноек. Ал тіл мәдениеті өз ойын дұрыс, анық және мәнерлі сөзбен жеткізе білу іскерлігін менгеру болып табылады.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттің 104 беті

Ойды ешқандай артық сөзсіз, қысқа да дәл беруге, әрбір адамға түсінікті етіп жеткізуге болады.. Оған қоса шешендікте айшықтардың мол болуы мен сезімге бай, этикетті оралымдардың қамтылуы сөздің әсерін арттыра түседі. Бұның барлығы шешенниң, ең біріншіден, сөз табиғатын терең түсіне білер тілдік қабілетінің мол болуын талап етеді.

Екіншіден, шешенге қажет қасиет- білімділік. Үнемі ізденіп, өз білімін жан-жақты толықтырып отыратын адамның ойы да бай болады.

Ал сөз- сол ойдың көрінісі. Ойы жоқ адамның орамды сөз шығуы мүмкін емес.

Үшіншіден, шешенге қойылатын талап-шыншылдық. Шын ойға құрылған пікір ғана тыңдаушыға жағымды әсер етіп, ойына қозғау салады. Ал, қандай әрлеп, өндеп, әсемдеп айтылса да өтірік нәрсе тыңдаушыны тартпайды .

Төртіншіден, сөйлейтін мәселесін анық білу де шешенге қойылар талаптың бірі болып саналады. Өзі білмейтін нәрсе туралы айтып, басқаларды сөзіне үйіту мүмкін емес.

Бесіншіден, жинақылық -шешенге қойылар негізгі талаптың бірі.Мұнда тек сөйленер сөздің ғана емес, сөйлеушінің сыртқы түріне де қатысты мәселелер қамтылады.

Алтыншыдан, шешенге қажет қасиет- аңғарымпаздық. Ол сөзінің тыңдаушыға әсерін бақылай білу- жағдаятқа қарай шұғыл, сәтті шешім жасаудың басты кепілі. Шешен адам тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтып дәл сөйлеу, тауып сөйлеу керек. Ол үшін ойың айқын, білімің терең болса, ойың айқын болады. Білімің терең болу үшін іздену керек. Көп оқып іздену керек. Іздену үшін рух мықты болу керек. Рух мықты болса ғана жолда кездескен кедергілерді жеңе аласың. Сөйлеу мәдениетін көтеру.

1. Ең бірінші кезекте тіл тазалығын сақтауымыз керек.
2. Керегі жоқ жерде жөн-жосықсыз орыс сөздерін кіргізбеу керек. Қыстырма сөздерді көп қолдану сөйлеушінің тілін кедейлендіріп, тыңдаушыны мезі қылады.
3. Жаргон сөздерді, дәрекі, түрпайы сөздерді айтудан аулақ болу керек.
4. Адамның тәрбиесі , мәдениеті, сауаттылығы оның оның сөйлеу тілінен аңғарылады. Мәдениеті жоғары, білімді, тәрбиелі оқушы ауызекі сөйлегенде де әдеби тілдің нормаларын сақтап, дәрекі, жаман сөздерді аралсатырмай ойын мәдениетті түрде жеткізеді. Сөйлеу мәдениетінің жоғары болса, Жақсы өмір сүрсің және шешендікке кол жеткізесің. Сол себепті шешендік тіл мәдениетінің жоғары формасы болып табылады.

Шешен. Шешенге қойылатын талаптар.

Шешендік өнердің жүйелі теориясы бар ғылым болатынын айтып өттік. Шешендік өнердің ең негізі- шешенниң өзі

Тақырып тандау

Тақырып қа қажет материал дар

Тақырыпты аша білу

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндө		124 беттің 105 беті

Стиль

Шешен

Дауыс ырғағы

Психоло
гиялық

Аудиториям
ен байланыс

Қосымша
құралдарды
дұрыс
пайдалану

Жоғарыда шешеннің қызмет әрекеті көрсетілген . Осындағы ерекшеліктерді игерे білумен бірге шешеннің тілдік қоры мен жан-жақты білімді, ұтымды пікір, ойға тоқтай алатын, шыншылізденгіштік т.б. қасиеттері болса, кез-келген аудиторияны игереалары сөзсіз. Шешеннің сөзі көбіне монологқа, диалогқа құрылудан бастап, қазіргі қоғамда пікірталастың әр түрімен ашылады. Бұның өзі іскерлік, ғылыми, көркем стильде болуы мүмкін. Ойды жеткізуде тақырып пен ортаға қарай анықталатын стиль оның амал-тәсілдерін де ашады. Қажетті жағдайға қарай диалог құра білу аудиториямен дұрыс қарым-қатынас жасауға да қатысты. Аудиториямен қандай формада әнгімелесуге болады, қай уақытта екенін білудің мәні зор екені белгілі. Ендеше шешенге қойылар басты талап-қабілет қарымын, білім-білігін шығармашылықпен байланыстыра алуында.

Шешенге- белгілі бір тақырып бойынша білім жинау;

- қажетті әдебиеттер
- жинақталған әдебиеттерді оқып игеру;
- жоспар жасау;
- сөздің жазбаша мәтінін әзірлеу;
- аудиториямен жұмыс істей білу;
- уақытты дұрыс пайдалана алу;
- тыңдаушылар сұрақтарына жауап беру;
- қазіргітехника құралдарын қолдана білу талаптары қойылады.

Шешен- терен білімді, ақпаратты игеруші әрі оны тыңдаушыға қажеттісін, сұранысына қарай талқылап жеткізуші.

Шешен аудитория талап-талғамынасай маиерналды жинақтап, әрі оны жеткізу жеткізу өнеріне төселеу керек. Сондай-ақ:

- дауыс күші;
- жағымды дауыс;
- сөз арасындағы екпін, кідірістің дұрыс қойылуы;
- ым-ишарапы орнымен қолдана алуы;

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	<p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>		044-73/11-229
<p>Әдістемелік өндегі</p>		124 беттің 106 беті

-өзін-өзі әдепті ұстай білуі шешенің тыңдаушылармен арасын жалғастырады. Осы аталған ерекшеліктерді толығымен игеру еңбекті, төзімділікті, ақылды, білімді қажет етеді.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25 мин

Кестемен жұмыс жасаңыздар

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 10 мин

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қесіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР деңсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
3. Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
4. Джумадиллаған Ғ.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
5. Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Қесіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

1. Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Kiprіспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.
4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
5. Қазақ тілі: ұш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Тапсырма 1. Төмөндегі сөдердің мағынасын анықтаңдар, олардың шешендік сөзге қандай қатысы бар екенін өз сөздеріңмен түсіндіріңдер.

Антониним, ауызекі тіл, дәйексөз (цитата), диалект, екпін, интонация, неологизм, пауза, синоним, тілдік жағдай, фразеологизм, эвфемизм.

Тапсырма 2. Өлеңдерді мәнерлеп оқындар. Қандай ортақ ой, қандай ерекшеліктер барына назар аударындар. Ойларынды ауызша баяндандар немесе қосымша әдебиеттерді пайдаланып, реферат жазындар.

Сөйлейін сөзді ерінбей,
Бойымды бұлаң керілмей.
Айт дегенде кей адам-
Байбаланды өлімдей.
Жылы қылып сөйлейін
Ақ тенгенің мөріндей.
Шалқақтатып сөйлейін,
Айдынның шалқар көліндей.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндө		124 беттің 107 беті

Асыл қылып сөйлейін,
Базардың алтын бөріндей.
Жабыстырып сөйлейін,
Тұтқыр сары желімдей.
Сұлу қылып сөйлейін,
Қос жорғаны мініп ап,
Түскен жаңа келіндей.
Жатық қылып сөйлейін,
Жазыққа біткен ыраңдай.
Жарастырып сөйлейін,
Сәукеленің бетіндей,
Тымакта шаңқан қылаңдай.
Өлең айтып, ән салу-
Бұ да көңіл көтермек,
Не бар бізде құнарлы-ай.
Мылжындаған көп сезді
Жаратпайды құранда-ай.
Құдайдан жәрдем болмаса;
Біздей құлар шулайды-ай.

(Шал ақын)

Қаршығаны қайырма,
Қалыңға салса батпаса,
Мергенге мылтық кезетпе,
Атқан оғы айнымай
Тұтінің үзбей атпаса.
Батыр деме батырды,
Шеп құрган жауға шаппаса.
Төре деме төрені,
Ел тілегін таппаса.
Қару деме самсерді,
Шапқанда сүйек қаппаса.
Досым деме досынды,
Күле кіріп кіргенде
Күніреніп есік аттаса.
Жыршының аты жырши ма,
Әркімнен өлең жаттаса
Сөз-жібек жіп, жыр-кесте,
Айшығы айқын көрінбес,
Өрнексіз тігіп баттаса.
Шешеннің аты шешен бе,
Тандайға дәмі үйіріліп,
Даугердің дауын шақпаса?
Дулатты Дулат деменіз,
Тас ағызып ағыны
Төре алдында ақпаса.

(Дулат жырау)

Тапсырма 3. Жанқұттының қартайған шағында айтқандары

Бір сөз айтсаң жақсыға,
Аталы сөзге тоқтайды.

Өзін -өзі мақтайды
Көкірегі соқырға,

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндө		124 беттін 108 беті

Бір сөз айтсаң жаманға
Өміріне үқпайды.
Надандықтың белгісі

Өмірде таң атпайды.
Шешенниң сөзі шын асыл,
Қап түбіндеге жатпайды

*** *** ***

Тон бітпеке тон бітсе,
Қағуменен тоздырар.
Жаман болса алғаны,
Ер жігітті аздырар.
Жақсыменен сөйлессен,
Құмарыңды қандырар.
Жмамнменен сөйлессен ,
Көнілінді қалдырар.

Кез болсаныз суайтқа
Отірік айтып нандырар
Өсекшімен сөйлессен
Ұрмай-соқпай талдырар
Жодас болса сараңмен
Жол үстінде қалдырар
Жаман болса достарың
Өзінді жауға алдырар

Тапсырма 4. Шешенге ең қажетті талап.

Желмая мініп шұрайлы жер іздеген, өмір кешкен кім
Ұлттық салт дәстүрлер шешендік сөздің қай түрінен көрінеді?
Шешендік сөздің тектерін атаңыз.

.Әлеуметтік –тұрмыстық шешендік сөздердің түрлерін атаңыз
Қазақтың билерін атаңыз

Шешендік өнердің даму тарихы неше кезеңге бөлінеді, атаңыз
Пікір алысу үшін ең алдымен не керек?

“Жақсының жақсылығын айт” анықтауыш сөз қайсы?

Шешендік сөздің көріктеуіш құралдарын атаңыз

Шешендік сөз дегеніміз не?

Шешендік сөз туралы оқып келу. Үш бидің айтқан биліктері мен төреліктерін жазып келу.

Жақұтты шешен туралы не білесіндер?

Шешенниң жақсы мен жаманды салыстыруында қандай тілдік көркемдеу құралдары пайдаланған ?

Осыған ұқсас қандай ақын, би шешен сөздерін, мақал-мәтелдер, нақыл сөздерді білесіндер?

Тапсырма 5.

Шешендік өнер туралы берілген ойларды қарастыра отырып, осы түсініктер аясында «Шешен қандай болу керек?» сұрағына өз пікірлерінді ортаға салындар.

Шешен шаршы топты өрнекті ойлармен иландырады, оның ұлылығы асқан шабытпен, құлшыныспен, пафоспен өлшенеді. Демек, ол оттылығымен, жарқылымен, күшімен, көріктілігімен тыңдаушыны баурап алады.

(В.Г.Белинский)

Бірыңғай, бірсыдырғы қымыл-қозғалыс тыңдаушыларды жалықтырады.. Дәріскер тыңдаушылардың өң-әлпетіне зейін аударуға тиіс. Дәріскерге жарық мол түсіу қажет : себебі, оның өң-әлпеті сөзімен қабат сөйлейді. Дәріскерден жағымсыз нәрселерден қорғайтын асқан ұстамдылық пен өзін-өзі билеу қабілетінің болуы талап етіледі.

Шешенниң аузынан жиі қайталанатын сөздер кездеспегені жөн. Лириканы аз-кем пайдаланғаны дұрыс. Тыңдаушылардың назарын аудару үшін: қысқалық, ширақ сөйлеу, көнілді сергітетін қысқа қайырым-шегіністер болса, нұр үстінен нұр. Дәріс оққушының түйдекті ойлары бір-бірінен туындалап, өрбіп, дамып отырыу- жарасымды құбылыс. Баянданамың түйін демесі- барлық айтқан ойдың қорытындысы. Бұдан кейін бірдеме айту мүмкін еместей болу керек.

(С.Негимов)

Үйге тапсырма беру: 5 мин

ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндө	124 беттін 109 беті

5.7. Бақылау: сұрақ-жауап

- 1.Дәстүр дегеніміз не?
- 2.Жаңашылдық туралы айтыңыз

№ 34 сабак

5.1. Тақырып: Шешендік сөздердің сапалары. Шешендік – жалпы адамзаттық құндылық.

Сағат саны : 2сағат 90 мин .

5.2. Мақсаты: шешендік сөздің мазмұндылығы,сөз дәлдігі,тіл тазалығы,тіл көрнектілігі жөнінде білім беру, шешендік сөздегі термин сөздер,фразеология,мақал-мәтедер,тура мағыналы,аудиоспалы мағыналы сөздердің табиғатын таныту, қазіргі шешендердің сөйлеу өнерін үйрету,бос сөз сөйлеуден аулақтату, тауып сөйлеуге төсөлдіру,тіл тазалығын сақтауды насиҳаттау.

5.3. Оқу міндеттері: студенттердің тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 15 мин

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

- 1.Шешендік сөздің сапалы шығуы,сапалары туралы мәлімет.
2. Шешендік – жалпы адамзаттық құндылық.

5.5. Білім берудің және оқытудың әдістері : шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

Жаңа сабакты түсіндіру: 20 мин.

Шешендік сөздердің сапалары. Шешендік-жалпы адамзаттық құндылық.

Шешендік сөз сапалары дегенде ең алдымен, сөйлеу ерекшеліктерін ашуды қажет етеді.

Сөйлеу		
Пікір, ой білдіреді		Тіл амалдары пайдаланылады
		Сөз жасау сөз тіркестіру сөйлем құрау
Сөйлеуші сипаты анықталады		Шығармашылық қабілеті

Сонымен бірге шешендік сөздің сапалы шығуы, яғни тыңдаушының ықылас қоя тыңдата білуі, пікір алмасу, сендіру , бөлісуімен де анықталады. Аристотель «Риторикада» қарым-қатынасқа қажет.

1. айтушы немесе шешен;
2. сөз, оның жеткізер ой-пікірі;
3. тыңдаушы сияқты үш элементті анықтап көрсетеді.

Шешен

Сөз пікірі, ойы

Тыңдаушы

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттің 110 беті

Кері байланыс

Ендеше жинақтай келгенде шешендік сөздің төмендегідей негізгі белгілерін көрсетуге болады.

1. Тыңдаушымен көзбе-көз, тікелей қарым-қатынас жасалады.
2. Диалог түріндегі кері байланысқа мүмкіндік бар.
3. Тұрлі белгілік жүйелері: лингвистикалық (тіл), пара-лингвистикалық (екпін), кинетикалық (ым-ишара) қолданылады.
4. Шешендік сөздің кімге арналатыны нақты, яғни тыңдаушысы алдын ала белгілі болады.
5. Шешеннің жеке қасиеттерін, эмоциясын да байқауға мүмкіндік бар.

Сөйлеу-адамның тіл амалдарын пайдалану арқылы пікір, ой білдіру әрекеті. Сөйлеу адамның психикалық қабілетіне, қоғамдық тәжіребесіне сүйенеді. Сөйлеу үшін жұмысалатын тілдік амалдар – сөз тудыру, сөз тіркестері, сөйлем құрау ережелері-ұзак ғасырлар бойында амалдардың пікір алмасу тәжіребесі үстінде қалыптасқан, қөпшілікке ортақ, объективті категориялар. Сөйлеу үстінде әр кісінің өзіне ғанаттан ерекшеліктері болады, бұл ерекшеліктер сөйлеушінің өз ойын дәл, әсерлітіп немесе мәнерлелеп айту талабынан туады. Тілдің дамуы мен жетілуі сөйлеу кезіндегіосы жеке адамға ғана тән шығармашылықта сүйенеді.

Шешендік сөз осындай шығармашылықтың биікке көтерілген кезінде көрінеді. Шешендік сөзді сөйлеу айшықтары мол қолданылады. **Сөйлеу айшықтары дегеніміз** – тыңдаушыға әсерлі болып, сойлеудің әсемдігін, мәнерлілігін, экспрессивтік мәнін күшейтіп беретін синтаксистік құрылымдардың ерекшеленген формаларына шенdestіру, градация, қайталау, параллелизм, риторикалық сұрау, риторикалық қаратпа сөздер, дауыс ыргағы, т.б. жатады. Шешендік сөздерде бейнелі әпитеттер, образды теңеулер, аллитерация, ассононстар мол қолданылады.

Бұрынғы шешендік сөздерге тілге демеу, ойға дәлел ретінде мақал-мателдерді келтіру қөріктету амалдарының бірі ретінде қолданылса, бұғынгі шешендердің аузынан шыққан сөздерде мақал-мәтелдермен қатар өзгелердің сөзінен келтірілген сілтемелер, дәйексөздер орын алады. Ікшамдау тәсілімен жасалған сөйлемдер де шешендік сөзге эмоциялық ренк беріп, оның экспрессиясын күшейтеді.

Шешендік сөздерге тән лексика-грамматикалық ерекшеліктер де болады. Мысалы, қаратпа, қыстырма, сөздерді қөбірек келтіру, «ия», «жоқ», «ал», «ғой», «керек», «даймін», «сияқты» деген жеке сөздер мен шылауларды да бұғынгі шешендер жиі қолданады, бұлар да шешендік сөздерде айт羞ы мен тыңдаушыны жалғызыратын құралдардың бірі болып қызымет етеді.

Шешендік сөздің осындай алуан түрлі амал-тәсілдерге бай болуы оның сапасын арттырады. Ең бастысы, сөз арқылы сол ортада амалдарға ерекше әсер етеді. Сондықтан шешендік сөздің сырты қандай сұлу болса, ішкі мазмұны да терең, мағынаны білдіруі, «тыңдаушысын бордай езілтүй» негізгі шарт ретінде қаралады. Шешендік өнерді бағалағанда осы мәселелер басты назарда болады.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 25 мин

Тапсырма 1.

Мәнерлелеп оқындар. Қарамен жазылған сөз тіркестерінің мағынасын анықтаңдар.

Адыра қалғыр, көк Жайық

Адыра қалғыр, көк Жайық,
Садағын сала **байланып**.

Астана жұртын айналып,
Ерлерім еңсеп желген жер.

Мыңнан-мыңнан жылқы айдал,

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттің 111 беті

Ақтылы қойдың өрген жер.
 Шалқыған даulet мол бітіп,
 Қызығын жұртым көрген жер.
 Емендей белін бүгілтіп,
 Жібектей жалын төгілтіп,
 Ерні төмен салынған,
 Құйрығы гүлдей малынған
Күдерібел, құншек сан
 Бедеу атқа мінген жер.
 Аузы түкті көудірді
 Ерлерім айдаپ келген жер,
 Қысырықтай бөлгендегі жер.
 Күндердің күні болғанда
 Таршылыққа іліндін,
 Жеті жұрт кетіп бүлген жер.

Тапсырма 2. Төмендегі тақырыптарға әнгіме құрандар. Сөйлеу тіліндегі түрлі белгілік жүйелердің қолдануына назар аударыңыздар.

1. «Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады» (мақал)
2. «Шешен сөз бастайды, көсем ел бастайды».

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 10 мин

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Қәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Оразымбетова Ф.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
3. Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
- 4.Джумадиллана Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
5. Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Қәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

1. Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Кіріспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кенесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.
4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
5. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>		<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттің 112 беті

Үйге тапсырма беру: 5 мин

5.7. Бақылау: Мәтінмен жұмыс, ауызша сұрақ жауап

Сұрақтар мен тапсырмалар.

«Тұған жерімнің тарихы» деген тақырыпқа презентация жасау.

Төмендегі тақырыптарға әнгіме құрандар. Сөйлеу тіліндегі түрлі белгілік жүйелердің қолданылуына назар аударыңыздар

1. «Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады». (мақал)
2. «Шешен сөз бастайды, көсем ел бастайды».

№ 35 сабак

5.1. Тақырып: Абай Құнанбаев, Ш. Уәлихановтың қазақ шешендігі туралы ой тұжырымдары. М.Әуезовтің, С.Сейфуллиннің шешендікті арнайы қарастырған ғылыми еңбектері.

Сағат саны : Зсағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: Оқушылардың жеке басын қалыптастыра отырып, әдеби мұраларға деген талғамын тәрбиелеу, Рухани дүниесін көңейту, ақыл-ойы мен ұлттық сана-сезімін дамытуға ықпал ету.

5.3. Оқу мақсаттары: студенттердің тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Үйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Қазақтың төл шешендігі туралы тұңғыш ғылыми пікір айтқан ғалымдар туралы.
2. Абайдың қазақ шешендігі жаңашыл қағидалары, Ш.Құдайбердіұлының, Ә.Бекейхановтың би мен билік туралы ойлары. М.Әуезовтің, С.Сейфуллиннің шешендікті арнайы қарастырған ғылыми еңбектері.

3. Ш.Уәлиханов қазақтың төл шешендігін зерттеуші.

4. М.Балақаевтың, Р. Сыздықтың зерттеулеріндегі жаңа ой тұжырымдар.

5. Білім берудің және оқытудың әдістері: шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Әр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы қадағалайды.

«Бермесен, бермей-ақ қой баспананды,

Сонда да тастамаймын астанамды.

Өлеңнің отын жағып жылтытамын,

Өзімді, әйелімді,

жас баламды», — деп жырлаған

Қасым Аманжоловтың өлең жолдарын талдау.

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин

Тапсырма 1. «Шежіренің адам өміріндегі маңызы неде?» деген тақырыпта пікірсайыс үйимдастырындар.

Тапсырма 2.

«Шешендік сөздердің өміршенеңдігі неде?» тақырыбында жоба қорғандар. Жобаны қорғау барысында нақты ой-тұжырымдар (айтылған сөздің мән-мағынасы, өмірдегі оқиға, жағдаяттарға қатысты маңыздылығы, батаның өнегелі осиеті, ой түйіні қандай екені және оны өзі қалай пайдалана алатыны) айтылуына назар аударындар.

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	<p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 113 беті

Тапсырма 3. «Ұлағатты сөздер сайысы» мағынасын түсіндіріндер.

1. Жақсы сөйлеу – жай ғана естіртіп жақсы ойлау деген сөз. (Э.Ренан).
2. Сөз өнері, сөз жоқ , ардың ісі. (М.Шолохов)
3. Адам сөзді шындаі білген жағдайда ғана шешен болады. (Қайқауыс).
4. Тіл неғұрлым қарапайым болса, ол соғұрлым тартымды, көркем болады, соғұрлым жақсы ұғына аласын. (М.Горький).
5. Бұл дәүірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес. (М.Әуезов).
6. Тіл байлығы, тіл тазалығы – ұлт қасиетінің, салт – санасының белгісі.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 15 мин

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Кесіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
2. Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
3. Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҮР, 2019. - 148бет.
4. Джумадиллаева Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
5. Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кесіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

1. Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҮР, 2016. - 186 бет.
2. Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
3. Янсон, Т. Тіл тарихы: Кіріспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.
4. Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
5. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 10 мин

5.7. Бақылау: Жаттығумен жұмыс, эссе жазу, ауызша сұрақ жауап

Сұрақтар мен тапсырмалар.

Тапсырма 1. Әлем ойшылдарының қанатты сөздерін қолдана отырып, «Шешендік өнердің-ақыл ойдың бұлағы» тақырыбында эссе жазындар.

№ 36 сабак

5.1. Тақырып: Пікірталасының қоғамдағы орны, маңызы, қажеттілігі. Пікірталас мәдениетін менгеру –жаңа заман талабы.

Сағат саны : Зсағат 135 мин

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	<p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттің 114 беті

5.2. Мақсаты: оқушылардың пікірталас туралы дүниетанымын кеңейту, пікірталасқа қатысты тірек сөздерді менгерту, пікірталас мәдениетіне баулу, жаңа білім алуға мотивация туғызу, оқушылардың топпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту, олардың өз көзқарастарын дәйектеп, тұжырымдаған жаңа алынған мәдениеттің маңыздылығын көрсету.

5.3. Оқу мақсаттары: студенттердің тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете түсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Пікірталас мәдениетін менгерту- жаңа заман талабы.

2.Пікірталастың қоғамдағы орны, маңызы, қажеттілігі.

3. Пікірталас-адамның ақыл-ой қабілеті дамуының тетігі. Пікірталаста қажетті іскерліктер.

4.Пікірталастың сипатын анықтайтын факторлар.

5. 5.Білім берудің және оқытудың әдістері : шағын топпен жұмыс

Шағын топпен жұмыс – студенттер өзара екі топқа бөлінеді. Эр топқа жеке тапсырма беріліп, тапсырманың мақсаты айқындалады. Тапсырманы орындағаннан кейін әр топ қарсылас топтың орындаған жұмыс нәтижесіне өз бағасын береді. Тексеру барысын оқытушы кадағалайды.

I топтың тапсырмасы: Ауызша түрдегі монолог туралы мәлімет жасаңыз.

II топтың тапсырмасы: Жазбаша диалог туралы мәлімет жасаңыз.

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин

Тапсырма 1. Берілген сөз орамдарының қайсыларын пікірталас үстінде мұлде қолдануға болмайды деп санайсыздар? Себебін шешендікпен, сөз мәдениетімен байланыстырып түсіндіріңіздер

Тапсырма 2. Серік Негимов пен Бернард Шоудың пікірлерін тірек етіп ұстанып және жоғарыда айтылған өз ойларыңызға сүйеніп, Демократиялық қоғамдағы пікірталастың маңызы туралы сабак қорытындысын тұжырымдаңыз.

Сабакты қорытындылау: 15 мин

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

1. Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).

2. Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет

3. Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.

4.Джумадиллава Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.

5. Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.

6. Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.

7. Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 115 беті

- Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҮР, 2016. - 186 бет.
- Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
- Янсон, Т. Тіл тарихы: Кіріспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кенесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.
- Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
- Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
- Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 10 мин

5.7. Бақылау: Жаттығу жұмыстары, мәтінмен жұмыс жасау.

Тапсырмалар

- Пікірталас мәдениетін менгеру міндеге пе? деген тақырыпта пікір талас ұйымдастырыныздар
- Пікірталастың түрлерін атаңыздар
- Пікірталастың міндегі мен маңызы қандай?
- Пікірталас туралы не білгім келеді? деген сұраққа 4 - 5 пункттен тұратын жауап жазыныздар.
- XXI ғасырда ауыз әдебиеті керек пе? Біздің қоғамдағы адам факторы», «Жастар ұйымын құру» тақырыптарының бірін таңдар алып, топтық пікірталастар ұйымдастырындар. Сонынан пікірталас туралы өз ойларынды жазбаша білдіріңдер.
- «Атеизм және дін», «Мәдениетті қолдау жылы кімге не берді?» тақырыптары бойынша пікірталасқа қатысу саған жүктеледі.Дайындықты неден бағастар едің? Өзің атқаратын істердің мазмұны мен ретін жоспарла.
- Қарсыласқа тойтарыс берудің шарттары, тәсілдері ауызша баяндан беріңдер.

№ 37 сабак

5.1. Тақырып: Пікірталас түрлері, пікір алмасу, сөзталас. Әңгіме және «Дөңгелек үстел», ойталқы, ойқөкпар, айтыс, пікірсайыс.

Сағат саны : 3сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: оқушылардың пікірталас туралы дүниетанымын көнегейту, пікірталасқа қатысты тірек сөздерді менгерту, пікірталас мәдениетіне баулу, жаңа білім алуға мотивация туғызу, оқушылардың топпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту, олардың өз көзқарастарын дәйектеп, тұжырымдап айта алу біліктілерін жетілдіру.

5.3. Оқу мақсаттары: студенттердің тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін терендейте түсү.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

- Пікірталас түрлері.
- Әңгіме мен «Дөңгелек үстел», пікір алмасу, ойталқы, ойқөкпар, сөзталас, пікірсайыс, айтыс Диалогті, полilogті пікірталастар.
- Пікірталастарға тән ортақ белгілер мен ерекшеленеді.
- Пікірталас мәдениетінің талаптары. Пікірталаста жиі қолданылатын тәсілдер.
- Пікір таласына қатысушы адамға қажет қасиеттер, тілдік біліктіліктер, сөз сайысына тән

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>		<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттін 116 беті

іскерліктер.

6. Пікірталасқа қатысушы анықтауы тиіс сауалдар.

7. Айтыскерге қойылатын талаптар.

5.5 Білім берудің және оқытудың әдістері : шағын топпен жұмыс.

жұптысип жұмыс жасау – студенттердің топта (командада) жұмыс дағдыларын дамытуға және көптүсты шешімдерді қабылдан, қарапайым жауапты алуға ықпалын беретін оқыту әдісі.

Жаңа сабакты түсіндіру: 40 мин.

Пікірталас түрлері, пікір алмасу, сөзталас.

Жүргізу тәртібі, өзіндік ережелері, қатысушылардың саны да әр түрлі болатындықтан, әр деңгейдегі мәселелер төңірегінде өткізілетін пікірталасдың да іштей бірнеше түрге бөлінуі занды құбылыс. Ғылыми-теориялық, ғылыми-көпшілік әдебиеттерде оларыд бөлу критерийлері де, пікірталас түрлері де толық бір ізге түсken деп айтуға болмайды. Әйтсе де көпшілік еңбектердегі негізdemelerге сүйеніп, пікірталастың мынадай түрлері анықталды: пікір-алмасу (дискуссия), ойталқы (диспут), пікірсайыс (полемика), ойбеліс (дебат), сөзталас (спор), айтыс. Бұл пікірталас түрлерінің өзара ортақ белгілері де, қатаң сақталуы тиіс ерекшеліктері де бар. Шешенниң сол сөз таласында тиісті шарттарға бағынуы, ережелерді қатаң сақтауы оның ішкі мәдениетінің де көрсеткіші болып табылады.

Пікіралмасу (discussion – латын тілінен аударғанда – «зерттеу», «талқылау», «қарау» деген мағынаны білдіреді) көпшілік қатынасатын сөзталас түрі. Мақсат - әр түрлі көзқарастарды анықтау, пікіралмаса отырып дұрыс шешім табу. Пікіралысуға қатысушылардың барлығының мақсат-мұдделері ортақ болады. Сонында бір шешімге тоқтайды.

Пікіралысада арнайы баяндамашы белгіленбейді, қатысушылар тек тыңдарман болып қалмайды, пікірталастыруға құқылы болады. Көпшілік қатысатын пікірталасының бұл түрінде төрағадан басқалар тең дәрежеде құқықты болады. Жиын арнайы бір мәселені белгіленген тәртіппен, регламентке сүйене отырып, алдын ала тағайындалған төрағаның басқаруымен жүргізіледі.

Пікіралысуға жалпы көпшілік қатысатын митингілер, арнайы комиссияның мәжілістері, іскерлік сессиялар, т.б. жатады. Төраға қатысушылардың көбінің сөйлеуіне мүмкіндік жасап отырады, құн тәртібіндегі мәселеден ауытқымауға бағдар береді. Сөйлеу тәртібі мен регламентті көпшіліктің ұсынысымен төраға берлілейді. Бірақ төрағаның жеке мүддесінен туындастырылған көзқарастарға басымдылық берілуіне я оның беделін қолденен тартып, заңсыздыққа баруына тыйым салынады. Сөйлеу – жеке өзінің қажетің ғана емес. Қоғамдық сипаты мол қасиет бұл. Сөйлеу мәдениеті осыдан шығады десек, артық айтқандық емес. Сөз – қару, сөз демеу, сөз – бағыт бағдар, сөз – іс қимыл болған заманда өмір сүру өте қурделі һәм қыын. Сөйлеу мәдениетін дамытуда ауыз әдебиеті, жазба әдебиеті нұсқалары мейлінше пайдаланса, оның әсері де мол. Пікір алмасу – көкейкесті мәелелерді шешу мақсатына құралатын, біліктілік пен мәдени өрені талап ететін пікірталастың бір түрі. Айтылар ойларды тоғыстыра отырып, пікірталасқа қатысушылар ортақ шешімге келу мақсатын көздейді. Мәселені жан-жақты қарау мен талқылау арқылы көпшілік көтерілген мәселенің түйінің тауып ортақ пікірге келеді. Арнайы баяндамашы белгіленбейтін, қатысушылардың бәрі өз пікірін білдіруге тең құқылы бұл сөз сайысы белгіленген тәртіп, кесімді уақыт, алдын ала белгілеңген тақырып төңірегінде, алдын ала белгілеңген төрағаның басқаруымен жүргізіледі. **Ойталқы-** көпшіліктің пікір таластыруына жол ашатын мүмкіндік. Ойталқыға жиналған қауым өз көnlіндегі құмәнді, екішты ойларын анықтау, нақты ортақ шешімін ұрастыру, мәеленің шыныайы шешімдерін іздестіру мақсатында бас қосады. Отрақ шешімге келмеген күнде де, шындыққа жанастырар, мүмкіндіктері туралы пікірлерін ортаға салуға еркіндік беріледі. Тақырып аясында баяндама жасалынады. Ойталқы- тамаша идеяларды қайта қарастыра отырып, нәтижелі жетістіктерге жету мүмкіндігі бар екенінеке саламыз.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттің 117 беті

Ойталқы – (disput – латын тілінен аударғанда – «сөйлесу», «ойласу», «жарыссөз» деген мағынаны білдіреді;) ойталқы – белгілі бір нәрсені арнайы жиылған топ алдында талқылау түрі. Мақсаты – таласты мәселе төнірегінде әр түрлі көзқарастарды талқылай отырып, сол мәселені шешу мүмкіндіктерін қарастыру. Онда ортақ бір шешімге келу міндетті емес.

Ойталқыда ғылыми не қоғамдық тақырып төнірегінде пікірталастыру жүреді. Бір мәселе жөнінде ой, идея алмасатын адамдар тобының арасындағы таласты мәселе проблемалық сипатқа ие болады. Сондықтан онда қорғануға да, қарсы пікір айтуға да ерік беріледі. Сөйлеушілердің он немесе теріс пікір беруіне шек қойылмайды. Мәселе белгілі бір мақсатты көздел, арнайы тақырыптағы мазмұн талқылауға ұсынылу үшін, әрине онда жеке адам баяндама жасайды. Ойталқының түрлеріне ғылыми диссертациялар қорғайтын кеңес мәжілістері, белгілі бір шығарманы талқылау жиындары, «Дөңгелек столдар» жатады. Ойталқыға қатысушылар өз еріктерімен сөйлейді. Талас диалог түрінде өтеді.

Төраға талқылауға ұсынылатын тақырыпқа қысқаша түсінік береді: Таластың табиғи қалыпта дамуын бақылап, төраға шешім айтады. Сөйлеушілерге сұрақ қойып, оларға тақырыпқа тереңдей енуге бағдар береді. Ойталқыға үштен он-он бес адамға дейін қатысады.

Ойкөкпар- белгілі бір мәселе, тақырып төнірегіне ой жарыстыру, пікір таластыру. Ол айтылған ойды қолдау немесе жоққа шығару формасында жүзеге асырылады. Қатысушылар өз пікірін қорғап ғана қоймайды, өз көзқарасының өміршендігін талдап көрсетуге машықтанады. Сөзталастыру- құнделікті өмірден таныс көрініс. Біз оның әлеуметтік тұрмыстағы қарапайым түрімен жақсы таныспыз. Ал біз әңгіме қылып отырған сөзталас жеке азамат ретінде өз пікірінді ортаға салып, достарыңмен немесе қоғамдық жүктеме жұмыс барысында сөз таластыру қажеттілігінен туатын, жоғары деңгейде болмаса да, өзіндік пікірінді танытатын, келбетінді айқындастыру пікірталас түрі.

Пікірсайыс- пікірталастының ең бір қызықты да құрделі түрі. Полемика-грек тілінде «соғысқұмар», «дұшпандық» деген мағыналарды білдіреді. Пікірсайыс-пікірлер, идеялар күресі, сөзбен сайысу өнері. Оған қатысушылар ымыраға келмейді: не женеді, не женіледі. Сондықтан пікірсайысқа қатысушыда бір ғана мақсат бар. Ол-қарсылысты ойсырата жену, өз пікірін дәлелдеп шығу.

Пікірсайыс, негізінен, жаңа көзқарастарды енгізу, жалпы адамзаттық құндылықтарды қоғау, адам құқығын сақтау, т.б. мәселелер төнірегінде ұйымдастырылып, қоғамдық пікірдің қалыптасуына ұйытқы болады. Ол үшін принципшілдікпен қатар айтар уәждің ғылыми негіздемесінің мықты әрі сенімді болуы – басты шарт.

Пікірсайыста қарсылысты ықтыврудың алуан түрлі тәсілдері қолданылады. Эрине, әдеп нормаларынан ауытқуға жол берілмеуі көзделеді. Женеудің мықты құралы – терең білім, биік ой, шешен тіл болып қала бермек. Сонымен қатар шешенниң азаматтық позициясы мен елжандылық рухы ерекше мәнге ие. Себебі өзінің мұддесімен үндес ой-пікір ғана жүртшылық көнілінен шығары анық. Қоғамның болашақтағы даму бағдарын айқындауға себеп болатын аса маңызды тақырып бойынша өткізілетін пікірсайыстардың саяси, әлеуметтік мәні, қамтитын ауқымды қашан да кең болуы заңды.

Пікірсайыстар қоғамдық партиялар арасында, жекелеген қайраткерлер арасында болады. Пікірсайысқа топтардың жетекшілері қатысады. Сөзбен, идеямен жекпе-жекке шыққан тұлғалар тайталаста бар күшін жұмсайды. Пікірсайыс адам тағдыры сынға түсsetін сотта ақтаушы мен қаралаушының арасында да, мемлекеттік ұйым мен оппозиционер арасында да жүргізіледі.

Пікірсайыста сөйлеушінің жеке беделінен гөрі оның шешендігі, ұсынған бағыт-бағдары шешуші рөл атқарады.

Айтыс- пікірталасты түрлерінің ішінде қазақ ұғымына жақыны әрі халқымызда өзіндік дәстүр үрдісі қалыптасқа айтыстың орны бөлек. Сонау көне замандардан бері жалғасып келе жатқан айтыс – сөз өнерінің өзгеше түрі, ой жарысының, сөз додасының мейлінше көркем де құрделі нұсқасы болып саналады.

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттің 118 беті

Ашық аспан астының, кең жазира дала төсінің кез келген жеріайтыс ушін дайын сахна орнына қызымет ете берген. Айтыс көтерген мәселесінің әлеуметтік мәніне, айтысуышылардың өзара қарым-қатынасына қарай әр түрге бөлінетін. Айтыстың ондай түрлерін сендер «Қазақ халық ауыз әдебиет» курсынан оқып танысқансындар. Бұгінгі әңгіме сол дәстүрлердің жаңа заманға қарай кайта жаңғыруы, айтыстың ерекшеліктері жөнінде болмақ.

Пікірталасының бір түрі болғандықтан, оған тән жалпы заңдылықтар айтыс бойында да сақталады. Мысалы, айтысуышылардың өзіндік ой-қөзқарастарын қорғауы, қарсыласын сынауы, сөз орамдарын қорғану құралы ретінде тиімді пайдалануы, ұтқыр ой мен өткір тілді қолдану шеберлігіне ұмтылыс, т.б.

Айтысқа қатысуышылар – тыңдаушылардың, қалың қауымның көкейіндегі ойды жеткізуши өкілдер. Олардың аузымен қоғамда қалыптасқан пікірлер ашық айтылады. Жалған сөз, артық мақтан айтыскерді орға жықса, батылдық, өр мінез, әдемі әдепоның беделін биіктетіп, кең танылуына әсер етеді.

Айтыс жанрларында көне заманнан жалғасып жатқаннегіздерге лайық түрлері сақталғанмен, сөз мазмұны жаңа дәүірдегі толғақты мәселелерге құрылады.

Айтыс соңғы жылдары даталы күндерге, ұлттық мейрамдарға арналып я белгілі қоғам қайраткерлерінің, елге белгілі тұлғалардың құрметіне орай ұйымдастырылып жүр.

Айтыстағы, қазақ айтысындағы ең басты ерекшелік оның өлеңмен өрілуі, сөз аспабымен сүйемелденіп, әнмен, әуенмен астасуы. Бұл айтыстың әсерлілігін арттыра түседі, тыңдармандарға жағымды көңіл-күй қалыптастырады. Әрине, айтыскердің дауысы, ән айту қабілеті қанша ғажап болса да, тыңдаушының күтетіні – терең мағыналы, мәйекті сөз, салмақты ой, сөзді ұйқастыра, ұйыстыра білер шешендік.

Оқушылардың өз бетінше атқаратын жұмысы: 30 мин

Кесте бойынша жұмыс

Пікірталас түрлері




1. Кесте бойынша талқылаңыздар.

2. «Шын достық көрінісі» деген тақырыпта эссе жазындар.

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA —1979—</p> <p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттің 119 беті

3. Топпен жұмыс: «Алғашқы өркениет қайдан бастау алады?» немесе «Соңғы сәнмен киіну: батылдық па, талғам ба, еліктеу ме?» осы екі тақырыптың біріне пікірталас өткізініздер.



**Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.
Сабакты қорытындылау: 15 мин**

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

- Сәлім, Е. Қ. Қесіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
- Оразымбетова Ф.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сақтау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
- Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
- Джумадиллаева Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
- Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
- Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
- Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Қесіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

- Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
- Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
- Янсон, Т. Тіл тарихы: Кіріспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ұ. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.
- Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.

ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-229
Әдістемелік өндеу	124 беттің 120 беті

5. Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130

6. Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 10 мин

5.7. Бақылау: Ауызша сұрақ-жауап, мәінмен жұмыс, тестілеу

1-тапсырма. **Шығармашылық, ізденіс тапсырмасы**

Шарты: Үш биді бөліп-жарып қарай аламыз ба?- деген сұрақ төңірегінде айтысып көріндер.

2-тапсырма. Ұлы жазушының «Абай жолы» роман-эпопеясынан берілген үзіндіні негізге ала отырып, саятшылық тақырыбында әңгімелесіндер. Кейіпкерлерге мінездеме беріндер.

3.Пікірталаста жиі қолданылатын тәсілдерді атандар.

4. Карсыластан қорғану тәсілдері.

5. Ғалымның шешен сөз туралы пікірін талқыладап, өздеріңе ұнаған тұсын оқи отырып, оның маңызы мен мәні туралы шағын пікір жазындар.

6. Әдебиет сабағынан оқыған шығармаларының біріне арнайы ойталқы ұйымдастырындар, баяндамашыны белгілеп, пікірталастың осы түрін талаптары бойынша жұмысты талдандар.

7. Қазақ ауыз әдебиетіне қатысты еңбектерді пайдаланып, өздерің қалаған айтыс түрлері жөнінде реферат жазыңыздар. Айтыс өнері туралы өзара ой бөлісіндер.

8. Теледидардан көрген 2,3 жұптың айтысына талдау жсасаңдар.

9. Айтыс тақырыбы, айтыстың түрі, ақындарды жұптау жөнінде пікірлерінді айтындар.

№ 38 сабак

5.1. Тақырып: Пікірталас мәдениетінің талаптары. №2 Аралық бақылау

Сағат саны : 3сағат 135 мин.

5.2. Мақсаты: оқушылардың пікірталас туралы дүниетанымын кеңейту, пікірталасқа қатысты тірек сөздерді менгерту, пікірталас мәдениетіне баулу, жаңа білім алуға мотивация туғызу, оқушылардың топпен жұмыс істеу дағдыларын дамыту, олардың өз көзқарастарын дәйектеп, Отұжырымдап айта алу біліктілерін жетілдіру.

5.3. Оқу мақсаттары: студенттердің тілдік қорын молайту. Тақырыпқа қажетті сөйлесім үлгілерімен, сөздік минимумдарымен қамтамасыз ету. Мәтінмен, жаттығу жұмыстарымен жұмыс істеу барысында тілдік білімін тереңдете тұсу.

Ұйымдастыру кезеңі: 5 мин

Оқушылардың сабакқа қатысуын тексеру.

Оқытушылардың сабакқа дайындығын тексеру.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

5.4. Тақырыптың негізгі мәселелері:

1. Пікірталас мәдениетінің талаптары

2.Пікірталасты қолданудың шарттары

5.5 Білім берудің және оқытудың әдістері : шағын топпен жұмыс.

жұптардың жұмыс жасау – студенттердің топта (командада) жұмыс дағдыларын дамытуға және көптүстүшілік шешімдерді қабылдап, қарапайым жауапты алуға ықпалын беретін оқыту әдісі.

Жаңа сабактың түсіндіру: 40 мин.

Пікірталас мәдениетінің талаптары

Пікірталасқа қатысушы адамның бойында батылдық пен сыпайылық, салқынқандылық пен тапқырлық , шешендік пен сөзге тоқтай білу, т.б.қасиеттер тоғысып жатуы қажет. Сөз додасына түсетін адамның, әсіресе сөзді мағынасына қарай дәл қолдану, терминдердің мәнін дұрыс түсіну, ауыспалы мағынадағы сөздерді орынды жұмсай білу, тілдік жағдаятқа сай сөз орамдарын мол әрі жарасымды пайдалану, т.б. секілді біліктілерді еркін менгеруі оның жеңіске

<p>ОНТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	<p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы		044-73/11-229
Әдістемелік өндеу		124 беттің 121 беті

жету мүмкіндігін арттырыры сөзсіз. Сондай-ақ қарсыластың сөзіндегі негізгі ойдың астарын тез ұғып, оған жылдам жауап дайындау, шиеленіске бастайтын сөз қақтығысынан жол тауып шыға білу, өзінің жіберген қателігіне тез анализ жасап, шұғыл шешім қабылдау, т.б. іскерліктердің де көмегі көп. Сөзталасқа түсер алдында мынадай мәселелерге назар аударған тиімді: а) бұл мәселе айтысуға тұра ма, қажеттігі қандай? ә) айтысты ұйымдастырудығы мақсат не? Қандай міндеттер жүзеге асырылады? Б) қарсыластың деңгейі қандай? В) қарсыластың көзқарасы, позициясы қандай? Г) қарсыластың мықты және осал тұстары неде? Осындағы сұрақтардың жауабы қанағаттанарлық деп танылғанда ғана пікірталасқа қатысушылар көздеген межеден көрінбек. Пікірталасына қатысушылардың ойы мен сөзінің бірлігінің де жүзеге асуында бұл фактілердің ескерілуінің мәні үлкен. Айтыскерден тікелей талап етілетін нәрселер: 1) тақырыптан ауытқымау; 2) өзіндік айқын көзқарастың, позицияның болуы; 3) өзін-өзі дұрыс ұстай білуі, 4) сөйлеу шеберлігі; 5) жоғары мәдениеттілік (сөзге тоқтау, дауыс көтермеу ашуланбау); 6) қарсыласын да, аудиторияны да сыйлау, т.б. 7) қара басының намысымен қатар ортақ пікірге деген мұдделілік; 8) қарсыласына кезек беріп отыру; 9) регламент сақтау.

Оқушылардың өз бетінше атқарған жұмысындағы тапсырмаларды талқылау 10 минут.

Сабакты қорытындылау: 15 мин

5.6. Әдебиет.

Негізгі:

- Сәлім, Е. Қ. Кәсіби қазақ тілі [Электронный ресурс] : оқу құралы / Е. Қ. Сәлім. - Электрон. текстовые дан.(2,63 Мб). - Шымкент : [б. и.], 2018. - эл. опт. диск (CD-ROM).
- Оразымбетова Ғ.Д., Сәлім Е.Қ. ҚР денсаулық сактау министрлігі; ОҚМФА. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 166 бет
- Зайсанбаев Т.Қ. Қазақ тілі = The kazakh language : оқу құралы / Т. Қ. Зайсанбаев, Г. Ә. Карипбаева, Б. Н. Канленова. - 2-ші бас. - Алматы : АҚНҰР, 2019. - 148бет.
- Джумадиллана Г.Н. «Қазақ тілі» медицина және фармация мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды қ. 2016 ж.
- Абдурова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы.- Астана, 2017. -282 б.
- Айтбаева Б.М. Қазақ тілі (В1 деңгейі) оқулығы. – Қарағанды, 2014. – 205 б.
- Кемелхан Д.Ж., Абдуллабекова А.Т. Кәсіби қазақ тілі. Оқу-әд. құралы. 2019

Қосымша:

- Джумадиллаева, Г. Н. Қазақ тілі : оқу - әдістемелік құрал / Г. Н. Джумадиллаева. - Караганды : АҚНҰР, 2016. - 186 бет.
- Лотман, Ю. М. Семиосфера : оқу-әдістемелік құрал / Ю.М.Лотман ; Қаз. тіл ауд. Ү. Еркімбай [және т.б.]. - Алматы : Үлттық аударма бюросы, 2019
- Янсон, Т. Тіл тарихы: Кіріспе [Текст] = The history of languages : оқулық / Т. Янсон ; Қаз. тіл ауд. Ү. Кеңесбаева [және т.б.]. - Алматы : Үлттық аударма бюросы, 2019.
- Қазақ тілі және ұлттық құндылықтар. Кешенді оқу құралы. 1,2,3,4 кітап. – Алматы: Еверо, 2018.
- Қазақ тілі: үш деңгейлік оқу құралы/ З.Ш.Ерназарова, Е.Е.Тілешов және т.б. - Астана: Арман-Медиа, 2013.- 294 б.130
- Әдебиет теориясы: Антология. Т.1 = Literary theory an anthology : оқулық / ред. Д Ривкин, М. Райн ; Қаз. тіл ауд М. Ибрагимова [және т.б.]. - 3-ші бас. - [б. м.] : Үлттық аударма бюросы, 2019. - 568 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Үйге тапсырма беру: 10 мин

5.7. Бақылау: Ауызша сұрақ жауап

№2 Араптық бақылау жұмысы

- Кітаби тілдің жазбаша және ауызша нормалары
- Шешендіктің қалыптасуы мен дамуы

<p>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</p> <p>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</p>	 <p>SKMA — 1979 —</p>	<p>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</p> <p>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</p>
<p>Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы</p>		<p>044-73/11-229</p>
<p>Әдістемелік өндеу</p>		<p>124 беттің 122 беті</p>

3. Сөйлеу тілінің лексикалық ерекшеліктері.

4. «Шешен сөз» ұғымын термин ретінде тұнғыш қолданып, ғылым ретінде зерттеген ғалым мен оның еңбегі туралы айтып беріңіз

5. Сөз байлығы. Сөз байлығы ұғымына енетін лексика фразеологиялық, морфологиялық, синтаксистік жүйелер.

6. Пікірталас мәдениетінің талаптары.

7. Пікірталаста жиі қолданылатын тәсілдер.

8. Пікірталас шеберлігіне үйренудің жолдары.

9. Қазақ әдебитілінің стильдік тармақтарынатаңыз

10. Қарсыласқа тойтарыс берудің шарттары, тәсілдері.

11. Этнолингвистика және этномәдени лексика

12. Стиль түрлеріне газет-журналдардан, ғылыми еңбектерден, көркем әдебиеттен мысалдар келтіріңіз.

13. Қаратпа сөздерді табыңыз:

- Шырағым, Кәмаш, мына Қарасақаудың баласы саған бүлдірген әкеліпті. Өзі бұрын есік ашпаған бала еекен, жақсылап көйлек тігіп кигіз.

- Иә,балам, оқып жүрсің бе?

- Оқып жүрмің, Абай ата.

14. «Жеті жарғы» зандар жинағын құрастыруға қатысқан қазақ би-шешендері жайлы айтып беріңіз

15. Мәтіндегі тыныс белгілердің қойылу себебін түсіндіріңіз:

Адамның асыл қасиеттері

Ұлттың басты байлығы – халықтың асыл қасиеттері. «Әкенің баласы болма, адамның баласы бол». Халық үшін еңбек ет. Өзің үшін ғана өмір сұру – озырылдық. Мал үшін таласпа, ар үшін талас. Жасырғаның жогалады, бергенің оралады. Адамның ең асыл қасиеті – жақсылықта. Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың. Мінің көріп күлгөнше, оны айтып түзе. Егер екі адам шын жауласса, екеуі де ақылсыз.

16. Жиренше шешеннің, Аяз бидің шешендік тапқыр сөздері туралы айтып беріңіз

17. Қарапта сөздерді табыңыз. Орын тәртібін анықтаңыз:

Рас, менің байқауымша, сіздің халық — ақын халық. Шіркін, ақын болсан, осындағы бол! — деді. Менің ойлаған ойымның үстінен түстің, Ботагөз.

-Уа, Жиренше анау қаңбақ қайдан келеді, қайда барады? Анакерек, оадамдар, анакерек адамға.

-Апыр-ай, қалай барам, қалай барам? Тұс ауа үйге Рахат келді. Сәуле апай атайдың айтқаның жазып алды. Сенің атың қалай, балам?

18. Пікірталасты ұйымдастыру жолдары.

19. Ресми іскерлік тілінің жазбаша ауызша түрлері.

20. Қаратпа сөз әдебі.